

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

**А.Н. Иманбетов**

**«МӘНГІЛІК ЕЛ»  
ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕГІ  
ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ**

*Монография*

Қарағанды  
2019

ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58  
И 48

*Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

*Пікір жазғандар*

**А.Қ. Нұрғалиева**, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры педагогика ғылымдарының докторы;

**С.Қ. Абильдина**, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры педагогика ғылымдарының докторы

**Иманбетов А.Н.**

И48 «Мәңгілік Ел» идеясы негізіндегі патриоттық тәрбие: моногр. / А.Н. Иманбетов. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2019. — 148 б.

ISBN 978-9965-39-755-4

Ғылыми еңбекте студент жастарға «Мәңгілік Ел» идеясы – қазақстандық патриотизмнің негізі және халқымыздың рухани құндылықтарын студенттерге патриоттық тәрбие үрдісінде кеңінен қолдану жолдары қарастырылған. 2015–2018 жылдары жүргізілген эксперименттік жұмыс нәтижелері талданып, перспективада пайдалану мүмкіндіктері көрсетілген.

Ғылыми орта, «Денешынықтыру және спорт» және «Бастапқы әскери дайындық» мамандығы оқытушылары, магистранттары мен студенттеріне және көпшілік оқырман қауымға арналған.

**ӘОЖ 378  
КБЖ 74.58**

ISBN 978-9965-39-755-4

© **Иманбетов А.Н., 2019**

## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз .....</b>	<b>4</b>
<b>1 Мәңгілік ел идеясындағы ұлттық патриоттық қасиеттерді тәрбиелеудің орны .....</b>	<b>8</b>
1.1 Мәңгілік ел идеясындағы ұлттық патриоттық тәрбие берудегі педагогикалық және психологиялық ерекшеліктер .....	8
1.2 Мәңгілік ел идеялары негізінде жастарды патриотизмге тәрбиелеудің маңызы .....	37
1.3 Мәңгілік ел идеясындағы әскери-патриоттық тәрбие мақсаты және міндеттері .....	59
<b>2 «Мәңгілік ел» патриоттық идеясы негіздері мен зерттеу нәтижелері.....</b>	<b>66</b>
2.1 «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негізі .....	66
2.2 Жоғары оқу орынындағы тәрбие жүйесіне «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын қалыптастыру нәтижелері .....	111
2.3 Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызы.....	129
<b>Қорытынды.....</b>	<b>136</b>
<b>Пайдаланған әдебиеттер тізімі .....</b>	<b>141</b>

## Алғы сөз

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының барша Қазақстан халқы үшін маңыздылығы болып, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу болып табылады.

«Ұлттық идея» ұғымының мәні мен мәселелері бойынша көптеген зерттеулерде төмендегі жайттар атап өтіледі: - ұлттық идея қандай да бір халықтың, этностың немесе ұлттың өмір сүру мәнін айқындайды. Өз болашағын құрайтын кез - келген мемлекет немесе қоғам осы жағынан өз ұлттық идеясына сүйенуі қажет. Өз ұлттық идеясын мансұқ еткен қоғам құриды, міндетті түрде өз жолынан таяды. Сол себепті ол дұрыс бағыт алса, онда ұлт үшін шешуші, тарихи және жасампаз фактор болады - нағыз ұлттық идея – бұл жетілу, әсіресе халықтың бүкіл рухани жетілу идеясы. Бұл идея – ерекше әмбебап идея.

Жалпы ұлттық идеяның бастау көзі болып көне түркі ескерткіштеріндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк бітік тастырында жазылған –Түрік қағанатының мемлекеттік тәуелсіздік актісі - «Мәңгілік Ел» идеясының саяси манефисін жатқызамыз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауында Қазақ ұлтын биік мақсаттар мен армандарға жетелейтін күш - «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы болатынын былай деп жеткізді: «Мәңгілік Ел –ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік елдің іргетасын қаладық. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздік пен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарға қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі,

тәуелсіздігіміздің тірегі – Мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақ Елінің Ұлттық идеясы – Мәңгілік Ел.

Мен Мәңгілік ел ұғымын ұлтымыздың ұлы бағдары- «Қазақстан-2050» Стратегиясының түп қазығы етіп алдым!», - деп еліміздің тарихында жана рухани-мәдени және қоғамдық – саяси жаңғыру кезеңінің басталатынын салтанатты түрде жариялады. Жолдаудағы баста жаналық – тұңғыш мемлекеттік ресми жалпыұлттық идеяның, яғни «Мәңгілік Ел» идеясының жариялануы болды [1].

Осы тұрғыда ұлттық идея ұғымын халық өміріне орнықтыру қағидасы ретінде қарастыруға болады. Бұл халық ақылына, жанына сәйкес келетін өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі күні жеткіліксіз өнімді іске асып жатқан өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі буынның болашақ туралы сындарлы да айқын арманы және бұл ой-арман алдыңғы ұрпақ өкілдерінің болашақ туралы армандарымен астасып жатыр.

Бұл халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету принципі ретінде туған Жер, байлығын ұқыпты пайдаланумен байланысты - ұлттық идея халықты ұйыстыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік - экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады.

Қазақстанның ұлттық бірлігі Доктринасында: «Қазақстан қазақ халқының көп ғасырлық мемлекеттілігінің құқықтық және тарихи жалғыз мұрагері, оның саяси және мемлекеттік құрылымының табиғи жалғасы болып табылады. Қазақстан өз тәуелсіздігін сақтап, ұлттық мемлекеттілігін нығайту жөнінде барлық шараларды іске асыруда. Ел тарихы біршама қасіретті беттерді біледі. Халықтың өмір сүріп қалуы, тілі мен мәдениеті жоғалып кету алдында тұрған сәттер де болды. Қазақ халқы ауыр сыннан өте отырып, тірі қалып қана қойған жоқ, өз

мемлекетін құрып, тәуелсіздікке қол жеткізді», - деп атап көрсетілген. Сонымен бірге «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияда және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңда егемендік негіздері мен ұлттың одан әрі ұйысуын анықтаған екі қағида жарияланды: біріншіден, Қазақстан мемлекетін құрудың шарты болған қазақ халқының өзін-өзі билеу құқығы, екіншіден, елдің барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер.

Осыған байланысты мынаны атап өту қажет: бүгінгі күні Қазақстан аталатын полиэтникалық (көпұлтты) мемлекетте ұлттық идея тек мемлекет құраушы 20 ұлтқа ғана бағыттала алмайды.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, ұлттық идеяның негізгі қызметі этносты қалыптастырушы ғана емес, қазақстандық азаматтықтың ортақтығы негізінде этникалық қатыстылығына қарамастан елдің барлық азаматтарын Қазақстанның біртұтас халқына біріктіруге бағытталған ұйыстырушы, мағына құраушы міндет болып табылады.

Жастар - мемлекетіміздің болашақ тағдырына жауапты ұрпақ. Бүкіл әлемдік қауымдастықта жастар әлеуметтік өзгерістердің маңызды субъектісі, қоғамның адамгершілік деңгейінің барометрі, өте үлкен инновациялық күш пен стратегиялық ресурс ретінде қарастырылады.

Сондықтан біз жастарымыздың, әсіресе студент жастардың ұлттық сана-сезімдері, соған сәйкес елжандылық қасиеттерінің қандай деңгейде қалыптастатынына немқұрайлы қарай алмаймыз. Болашақ жоғары білікті мамандардың биік ұлттық сана-сезімін қалыптастыру Қазақстан жоғары оқу орындарында «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыруды талап етеді. Ұлттық сана-сезім тұлғаның күрделі құрылымдық білімі ретінде оқыту мен тәрбиенің әсерінен қалыптасады, оның мазмұнымен, оқытудың бағыттылығы мен әдістерімен анықталады, ол теориялық

және қолданбалы мәнге ие дербес ғылыми пән объектісі болуы тиіс.

Президенттің Қазақстан халқына арнаған соңғы екі Жолдауындағы шешімдерді негізге алды:

- «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жасау және қабылдау туралы сөз болған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17 қаңтар, 2014 ж.). Мемлекет басшысы «Мәңгілік Елді» ұлттық идея деп атай отырып, барша қазақстандықтарды «Қазақстан – 2050» Стратегиясының негізгі бағыттарын жүзеге асыру бойынша жұмыстарға өз жұмыс орнында белсене атсалысуға шақырды.

Жалпы «Мәңгілік Ел» идеясының мақсаты – халықтың әл-әуқатын жақсартып отырып, ынтымағын арттыратын, елді дамудың жаңа сатысына жетелеп, еліміздің абырой-беделін арттырып, бейбітшілікті жақтайтын мемлекет ретінде таныту болып табылады.

Осы мақсатқа жетуде ұлттық сана-сезімнің, ұлттық рухтың, патриотизм рухының, тарихи сана мен әлеуметтік жадының, кәсібилік пен бәсекеге қабілеттілік рухының жоғары даму деңгейін артырып, Қазақстан халқының тәуелсіздігін, қауіпсіздігін, тұрақтылығын, дамуы мен тұрмысын жақсарту жөніндегі белсенді де шешімді іс-қимылдарға дайын болатын, ұлттық мәдениеттің рухани құндылықтарын дамытып сақтауға жауапты, өзге мәдениеттер өкілдерімен сындарлы келісім құруға дайын мамандардың жаңа буынын, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу міндеті тұр.

## **1 Мәңгілік ел идеясындағы ұлттық патриоттық қасиеттерді тәрбиелеудің орны**

### **1.1 Мәңгілік ел идеясындағы ұлттық патриоттық тәрбие берудегі педагогикалық және психологиялық ерекшеліктер**

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» Жолдауында: «Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер мен өнер қайраткерлері, дүкендердің иелері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен фабрикалардың иелері, биржа делдалдары және спортшылар болады. Олар мұнай, газ бен электр қуатын, тамақ өнімдерін өндіретін, әрі олармен әлемдік экономиканы қамтамасыз ететін болады...», - деп атап көрсетті [2].

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуы бар әлеуметтік сұраныс негізі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруды қажет етеді. Оның бүгінгі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, белсенді іс-әрекеті мен ғылыми саналы көзқарасын қалыптастыру, бойында ұлттық сана, ұлттық психология қалыптасқан ертеңгі қоғам иегері боларлық парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – балалар үйі педагогтарының, Үкіметтің және барша халықтың міндеті.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы тек «Қазақстан - 2050» Стратегиясының идеялық тұғырнамасы ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақ мемлекеті қалыптасуының мызғымас идеялық негізіне айналуы керек екендігі туралы сөз болған «Нұрлы жол – болашаққа жолдауы» (11 қараша, 2014 ж.).

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының негізгі стратегиялық бағыттарына сәйкес қоғам сұранысына сай ұлттық сана-сезімі жоғары деңгейде қалыптасқан кадрларды дайындау саласында біртұтас саясатпен қамсыздандырудың өзектілігі

артып келеді. «Мәңгілік Ел» идеясын халық дәстүрі мен отандық мүдде туралы толық түсінікті қалыптастыратын, әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі қазақ болмысының мән-мағынасын ашып беретін, атамекенде еркін де бірдей өмір сүретін адамдардың ішкі рухани және қоғамдық өмірін айқындайтын ұстанымдар құрайды. Бұл нысан қазақ елін тұлғалық, ұлттық, мемлекеттік [3].

Бала бойындағы асыл қасиеттердің көзін ашып, оны қоғамның белсенді мүшесі етіп дайындауда, білім беру мен тәрбиелеуде жеке тұлғаны дамыту қатар жүргізілгенде ғана өз дәрежесінде жүзеге асады. Осыған байланысты білімнің мазмұнын, оқыту әдістері мен тәрбиені ұйымдастыру нысандарын жетілдіруді нақтылай түсу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі қоғамның тарихи даму тәжірибесі бала тәрбиесінде жеке тұлғаны қалыптастыру міндеттерінен туындауда. Бала – біздің ұрпағымыз, қоғамды жалғастырушы. Ол жарық дүниеге келген алғашқы күннен-ақ ата-анасын, туған-туыстарын, әрі бүкіл елді қуанышқа, ерекше сезімге бөлейді. Сондықтан балалардың өмірі мен жан-жақты жетілуі үшін, олардың рухани және дене күштерінің кінәратсіз және қауіпсіз дамуын, имандылық, адамгершілік, эстетикалық жағынан жеке тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасауымыз қажет. Балалық – адам өмірінің аса маңызды кезеңі. Балалық шақта айнала қоршаған дүниені ақылмен, жүрекпен танудың ең басты негізі – Отансүйгіштік, адамға деген сүйіспеншілік, мейірімділік сияқты қасиеттердің қалыптасуының ұзақ үдерісі басталады.

Тарихқа көз жүгіртсек, бала тағдырын – ұлт тағдыры деп қарап, келешек ұрпағының тексіз, түпсіз өсуіне жол бермеген, жетімдерін жылатпаған, жесірлерін жерге қаратпаған елдік дәстүрлер болған. Осыған орай, бүгінгі күннің жаңару бағыты бала тәрбиесінің арқауына ұлттық

әдет-ғұрып, салт-дәстүрді халықтың рухани игілігін пайдалану басты назарда болуы көзделініп отыр.

Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағлымдарын мәдениет тарихын Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ойшылдарының еңбектерінен көруге болады. Олардан жеке тұлғаны қалыптастыруда халықтардың бір-бірімен әдет-ғұрпы, салт-дәстүр тұрғысынан жақындығы ғасырлар қойнауынан орын алатындығын көреміз. Осы тұрғыда, тәрбие туралы ой-пікірлер айтқан Орта ғасыр ғұламалары: Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген классик ақындар мен ағартушы ғалымдар: Абай, Шоқан, Ыбырай одан бертін келе қазақтың зиялылары: Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б. бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Әл-Фарабидің «Философиялық трактаттары», «Әлеуметтік-этикалық трактаттары» және т.б. шығармаларында адамзаттық игілікке, бақытқа, шаттық өмірге жету жолындағы ең негізгі компоненттер деп отбасы мен тәрбиені атаған. Ұлы ойшыл еңбектерінде баланың жеке тұлға болып қалыптасуында психикасының қалайша дамып, жетілгендігі жөнінде де қызғылықты пікірлер көп. Баланың жасы өскен сайын оның ақылы да, яғни тәнімен бірге жаны да өсіп отырады. Мұның бәрі оның тіршілік қажетінен туындайды.

Мәселен, балада ең алдымен өсіп-өну қуаты пайда болады. Бұл оның дене бітімінің қалыптасуында үлкен рөл атқарады. Алдымен тән түйсігі, кейіннен барып дәм, иіс айыратын түйсіктері, заттың түрін, түсін, пішінін түйсіне алу қабілеті пайда болады. Бала психикасы негізінен, өмір барысында, оқу-тәрбие ісінде қалыптасады.

Бұл жерде оның өз бетінше әрекеттенуі, өзіндік белсенділігі ерекше маңызды. Жеке тұлғаның моральдық, психологиялық қасиеттері де оның өмірден алатын

тәжірибесінен, дұрыс жүргізілген тәрбиеден қалыптасады. Ал, адамның қалыптасуының тиімді құралы – тәрбие мен оқыту. Тәрбие мен оқыту үдерісінде шын бақытқа ұмтылушы жас ұрпақтарда адамгершілік және интеллектуалды сапалар қалыптасады.

Адам бойындағы барлық адамгершілік қасиеттерді жаттығулардың, әдет-дағдылардың нәтижесі деп қарауға болады. Дұрыс жүргізілген тәрбие адамда игілікті сапа қасиеттерді тәрбиелеуден басталады. Ұлы ғұламаның ойынша, жақсы мінез әр адамның табиғатында бар, бірақ олар жүйелі тәрбие арқылы жүзеге асады. Ғұлама ғалым жағымды қасиеттерге адалдықты, мейірбандықты, жомарттықты, батылдықты, достықты жатқызып, адам бойындағы жағымды қасиеттерді қалыптастыруда арнайы педагогикалық іс-әрекеттің маңыздылығын айтады. [4].

Осы орайда, Ж.Баласағұн өзінің педагогикалық тұжырымын: «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде болса, сол билікті болады», «Өмірдегі барлық жақсылық білімнен шығады» - дейді [5].

«Адам болу үшін ерлікпен қатар, ақ көңілділік те керек», «Байсалдылық – ізгі қасиет», «Адамға оның ақылы ғана дос», «Парасат – қараңғыдағы шырақ», «Біліктілік пен ақылдылық төбенді көкке жеткізеді», «Ақылы болса, пайдасын ер көп көрер, білім білсе, әзіз тірлік өткерер» - деп осылай жеке тұлға тәрбиесіндегі білімге, ақыл-ойға, мінез-құлыққа мән береді .

Ауыз әдебиеті үлгілерін жинап зерттеуші ойшыл-философ М.Қашқари «Диуани лұғат ат-түрік» деген еңбегінде халық педагогикасының өзекті мәселелерін арқау етіп, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, аңыз, ертегілер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер және халық фольклорын өте орынды пайдалана білген. Шығармадағы нақыл сөздер ізгілік, инабаттылық, әдептілік төңірегіндегі айшықты ойдың жемісі болып саналады. «Құрмет қылсаң қонаққа,

асады даңқың халқына», «Білімдіден ақыл ал, асыл сөзді ұғып ал, бойына сіңір», «Ізгілік қанша керек болса, өз қолыңмен де оны істей біл», «Ата-ананды тыңда, сөзін жерге тастама» - деген сияқты, жеке тұлғаны ақылдылыққа, парасаттылыққа, кемеңгерлікке, көпшілдік пен әділдікке үндейтін нақыл сөздер жүйесі бүгінгі таңда да маңызын жойған жоқ [6].

Ғұлама жеке тұлғаның басқалардан өзгешелігі де оның бойындағы асыл қасиеттерінде деп есептейді. Бұдан шығатын қорытынды, жоғарыда біз тоқталған ұлы ғұламалардың мұраларын балалар үйі тәрбиеленушілерінің тұлғасын қалыптастыруда, олардың бойына адами ізгілік қасиеттер мен еңбекті сүйеге, білімге қызығушылыққа тәрбиелеуде басшылыққа алуға болады деп түсінеміз.

Қазақ халқы бала тәрбиесін өмір тіршілігінің өзекті мәселесі ретінде бағалап, оған ерекше мән берген. «Бала бауыр еттен жаралған», «Балалы үй-базар», «Бала – болашақ өмір жалғасы», ал «Ұл бала – ел қорғаны, қыз бала -ел-жұртының сәні», - деп оларды халықтық салт-дәстүлер мен әдет-ғұрыптар негізінде тәрбиелеуге тырысқан. Ел-жұртын сыйлауға баулып, ата-аналарын, туған-туыстарын, үлкен адамдарды «Ата, әже, ақсақал, қария, ана, әке» деп атауға үйреткен.

Қазақ халқы өз ұрпағын әдептілікке, сыпайылыққа, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеген. Балаларды жас ерекшеліктеріне сай келетін шаруашылық істері мен үй іші тірлігіне араластырып, жағымсыз мінез- құлық пен жат қылықтардан аулақ болуға баулып, тыйым салып отырған.

Қазақ халқының тәлім-тәрбиесімен жеке тұлғаны қалыптастыруға байланысты ұлы ақын, данышпан Абай өзінің «Ғылым таппай мақтанба» (1880 ж.) деген өлеңінде жеке тұлғаны жаман әдеттерден сақ болуға шақырса, оның орнына:

«Талап, еңбек, терең ой, Қанағат, рақым, ойлап қой - Бес асыл іс көнсеңіз»... деп жеке тұлға бойына қажетгі жағымды қасиеттерді көрсетеді [7].

Кеменгер Абай өзінің «Он тоғызыншы» қара сөзінде: «Бала ата-анадан туғанда есті болмайды: Ол естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» – деп [8], балаға жан-жақты тәлім-тәрбие бергенде ғана тәрбиелі, білімді жеке тұлға қалыптастыруға болатындығын айтады.

Ал, «Оныншы» қара сөзінде «Әуелі баланды өзін алдайсың: «Әне оны берем, міне, мұны берем» - деп. Басында баланды алдағаныңа мәз боласың, соңында балаң алдамшы болса, кімнен көресің?», - деп балаға дұрыс тәрбие беру, сәби шағынан отбасындағы тәрбие мен ата-ана үлгісінен бастау алатынын философиялық тұрғыда бейнелейді.

Ойшылдың шығармалары жас ұрпақтың жеке басына және жас деңгейіне байланысты ерекшеліктер әдеп, үлгі-өнеге, өзін-өзі тәрбиелеу мен ұлттық мінез-құлықты меңгерумен бірге жас ұрпақты ең абзал, парасатты қасиеттер – еңбекке, өнер, білім, ғылымды үйренуге тәрбиелейді.

Ұлы ғалым-педагог Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» және «Таза бұлақ» деген оқу-әдістемелік еңбектері қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында аса зор оқиға болып бағаланады және болашақ ұрпақтың ақыл-ойы мен жеке тұлғаны қалыптастыруда адамгершілік, эстетикалық, еңбек дағдылары мен қасиетін тәрбиелеудің негізі болып есептеледі.

Жеке тұлғаны оқу мен өнерге, мәдениетке, адамгершілікке тәрбиелеуде Ы.Алтынсарин аса бағалы, бай қор -қазақ фольклорына ерекше назар аударады. Ол халық шығармашылығынан ертегілердің, мақалдар мен

мәтелдердің, т.б. тәрбиелік мақсатқа сай келетінін таңдап алып, шебер қолданды [9].

Бұдан ұлы ағартушының істеген ісінен, шығармаларынан бала тұлғасын қалыптастыру мен тәрбиелеуде қазақ отбасының тәлім аларлық ең жақсы дәстүрлеріне жоғары баға бергендігін көреміз.

Кім сендерді, балалар, тербететін, Еркелетіп, ойнатып, сергітетін? Жалқау болсаң, балалар, жаман болсаң, Қамқор анаң көз жасын көлдететін, – деген, Ы.Алтынсариннің бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата-ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата-ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі екенін, қазақ халқының балажандық қасиеті мен ерекше мейірімділігі бар екенін көреміз [10].

Кемеңгер ғалымдардың арасында мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесі туралы құнды тұжырым жасаған белгілі қоғам қайраткері, тілші, ғалым А.Байтұрсынов: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас кезінен дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икемді, бейнетіне берік болып өседі» - дейді. Бұдан шығатын қорытынды: ғалым баланы сәбилік кезеңнен бастап еңбексүйгіштікке, адамгершілікке баулу қажеттігін айтады [11].

Жеке тұлғаны қалыптастыру мен тәрбиелеуге назар аударған М.Дулатов «Жеке тұлғаны қалыптастыруда оқытудың мақсаты жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» - керек екендігін баса айтып, оқу мен тәрбиенің біртұтас педагогикалық әрекет екендігін дәлелдеді. Ғалым оқытудың әдістеріне ерекше мән беріп, тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа байланысты тақырыптарды әсерлі баяндаудың тәсілдерін көрсетіп берді. Сонымен қатар, ағартушы қазақ халқының тұрмыс салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін құндай келе, «Мектепте алған тәлім-тәрбиенің әсерлі, сіңімді болуы қай халықтың

болса да, ана тілінен, өз ұлтының тұрмысынан алынған мағұлматтан тұрса, ұрпақ бойына ұлт рухы дариды», - деп бағалаған [12].

Бұдан шығатын қорытынды: ұлағатты ұстаздың балаларға арналған шығармалары балдырғандарды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға оның бойына қажетті танымдық қасиеттер мен еңбекке, әдептілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді деп есептейміз.

Ш.Құдайбердіұлы өзінің шыңы биік шығармаларында жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті оқу, білім алу, тәлім-тәрбие туралы өрнекті өнеге қалдырған. Жеке тұлғаға байланысты психологиялық көзқарасы «Анық пен танық», «Қазақ айнасы», «Үш анық» т.б. шығармаларында баяндалған. Бұл еңбектерінде ғұлама: «Адамдарға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып, біл, оның өлшеусіз байлығын мұратыңа, қажетіңе жарат, сол үшін жаратқан адамға ми берді, білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі, ол мидан шығады», - деген тұжырым жасайды.

Ми қызметі адамның сезім мүшелерінің әрекеті арқылы іске асады, ойға алған істі жүзеге асыруды, адамның әділетті, әділетсіз болуы, ізгілікті қууы немесе жауыздық жолға түсуі ақыл мен жүректің ісі, сондықтан әр нәрсені сарапқа салып, байыбына барып, терең ойлап, ақылмен іс қылу – адамдықтың басты парызы, дейді. Осы ойлардың түп-төркіні жеке тұлғаның іс-әрекеті арқылы көрінетін, оның қоршаған ортаны нақтылы бейнелеуінің тиімділігін белгілейтін принциптен аңғарылады.

Осы тұрғыда, ақын: «Жеке тұлғаның негізі етіп, білім мен еңбекті, тәрбиені уағыздайды: білімді үйрену үшін нені үйренуді, кімнен, қалай үйренуді білу ләзім, білімнің кілті-ыждағатта, ынта-жігерде, еңбекте» - деп көрсетеді. «Жас баланы ұрғанмен шырылдатып, Ойы толмай тұрғанда ақыл

енбес», - деп тәрбиелеуде, білім беруде баланың жеке басының ерекшеліктеріне, жан жүйесіне, дербестік шараларына қарай, тәрбиелеудің сендіру тәсілін қолданумен қатар, білім берудің лайықты мақсатын іске асыруды ұсынады [13].

Ұлы ойшыл баланы тәрбиелеуде жалпы адамзаттық мақсат-мүдделерді алға тартып, тәлім-тәрбие беруде адамгершілік, ақыл-ой, еңбек, патриоттыққа тәрбиелеуге көңіл бөлген ақын ұлттық тәрбиеге көп еңбек сіңірді.

Ұлттық тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлген, педагог М.Жұмабаевтың артына қалдырған тәлім-тәрбиелік мұраларының негізгі тақырыптарының бірі де – бала тәрбиесі мен тұлға мәселесі. Осы мәселені қарастырғанда ақын: «Балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек.

Жас бала – жас бір шыбық, жас күнінде қай түрде иіп тастасақ, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. Қазақ халқының «Баланы бастан» деген нақыл сөзінің мәнісі осында. «Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Баланы тәрбиелеу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару, қаласа - өзін, барлық адам баласын әділ жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз.

Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел тұлға қылып шығару», - [14] деп тұжырымдаған.

Осыған орай, педагог «түзу адам», «жетілген адам», туралы айта келіп, бұл оның пішін-келбетінен, жүріс-тұрысынан, нақты ісінен байқалады, бұл айтылғандар тұлғаның қандай мінезді екенін білуге мүмкіндік береді.

Адам тұлға, кісі болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен шектелмей, жалпы адамзатты сүюі шарт. Таза

жүректі, халқын сүйген, ел мұқтажын ойлайтын, әділет пен адалдықты жақтаған адам ғана тұлға бола алады. Тұлға – сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Адам өсу, дамып жетілу үдерісінде біртіндеп тұлға, кісі деген атқа ие болады. Оның жан-жүйесі, сана-сезімінің дамуы айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайда оның дүниетанымы, сенімі, арманы мен талғамы, кісілігі қалыптасады.

Яғни, белгілі ұлт пен ұлыстың ділінен (менталитет), дәстүр-салт, жол-жоралғыларынан жеке дара ұғыну ерекшеліктері қалыптасады, деген ақын өз шығармаларында ақыл-ой, ерік-күші белсенді, іс-әрекеті басқаларға үлгі боларлық, ел мен халықтың көш бастаушы, камқор ақылшысы болуға жарайтын тұлғаларды тәрбиелеудің жолын іздестіреді.

Осы мәселені шешудің жолын іздестірген ғалымның түсінігі бойынша нағыз тұлға болу үшін жасаған іс-әрекетінде де, ішкі жан дүниенде де Алланы ұмытпауын, сенімнің берік болуы керек. Діни сезімдері күшті адам, яғни тәңірінің барына, құдіретіне сеніп, оның махаббатын алуға, қаһарына ұшырамауға тырысатын адам өмір бойы ізгілікке ұмтылып, жауыздықтан безіп, ала жіпті аттамайды. Адамдықты арсыз, арбау дүниеден ажыратып алар – тек осы иман. Иман адам санасына сәби кезеңінен бастап сіңірілуі тиіс, деп өз ойын тұжырымдаған [15].

Педагог, психолог-ғалым Ж.Аймауытұлының тәлім-тәрбие саласындағы

«Тәрбиеге жетекші» (1924 ж.), «Психология» (1926 ж.) атты еңбектерінде психологиялық, педагогикалық ой-пікірлері, тұлға мәселесі, тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеу жан жүйесі туралы, ұстаз, тұлға, шәкірт тұлға, мінез-құлық туралы терең ашып көрсетеді. Ағартушы шығармаларының бір ерекшелігі – ол қоғамдық әділетсіздіктің негізі тек әлеуметтік құрылымда ғана емес,

адамның табиғатында, мінезінде, ішкі дүниесінде деп таниды.

Сондықтан да, ғалымның негізгі нысаны – тұлға және оның қалыптасуы. Адамның рухани дүниесіне психологиялық талдау жасау әдісі ең алдымен жазушының танымына, тұлға (кеңірек алғанда адам), тұлға мен орта тұлғаның мүмкіншіліктері, т.б. мәселелерге деген көзқарасына тікелей байланысты. Ғалым үшін адам тек қана белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ғана емес, ең алдымен – тұлға. Тұлға – қоғамда өзінің орны бар, ерекше қасиет иесі. Оның ұлттық тәлім-тәрбие ісін дұрыс, тиімді ұйымдастыру мен шешуде жеке тұлғаны қалыптастырудағы зор маңызы бар екенін айтады.

Педагог: «тәрбиенің де, білім берудің де тірегі-мәдениетті өмір, яғни Адам баласының түрлі тараулы толық өмірі», - деп жазады. Ол үшін тәрбие саласында – ұлттық тұлға мәселесін, оны қалыптастыруға әсер ететін ұлттық тәлім-тәрбиемен дене және жан тәрбиесін ерекше атаған. Ақын жеке тұлғаның жан-жақты дамуы мен жетілуін – тәрбие, оқу – білім алу, орта, ата-ананың, ұстаздың ықпалы және еңбектің жемісі деп қарастырады.

Бұл бағыттағы ойын: «Оқу, білім жанған шырақ ойласаң, үйренесің іздеп көрсен, қалмасаң, қу өнерді, бу белінді жігер сол. Пайда аларсың, қаужанарлық тоймасаң», - деп түйіндейді [16].

Жоғарыда аталған ағартушы ғалымдардың жеке тұлға туралы айтқан құнды ой-пікірлерін зерттеу жұмысымыздың барысында басшылыққа алуға болады деп тұжырымдаймыз. Педагогикалық теория мен тәжірибенің бірден-бір күрделі және негізгі мәселесі – жеке адамның белгілі жағдайда дамуы. Сол себепті жеке Адам мәселелері жас ерекшелік физиологиясы мен анатомиясы, әлеуметтану, педагогикалық психология, әлеуметтік психология тәрізді әркілі ғылымдар арқылы зерттеледі.

Ал, қандай да болмасын жеке тұлға белгілі бір ұлт өкілі болғандықтан, оның кейбір генетикалық, әлеуметтік негіздерін халық педагогикасы мен ұлттық психология қарастырады. Қазақстанда ұлттық психология ғылымының негізін салған психолог, ғалымдар: Ә.Алдамұратов, С.Балаубаев, Қ.Жарықбаев, Т.Тәжібаев, А.Темірбековтердің психологиялық зерттеулер жүргізу нәтижесінде ғылыми теориялық және әдістемелік еңбектері жарық көрсе, ғалымдар Г.А.Урунтаева, Х.Т.Шерьязданова, т.б. өздерінің ғылыми еңбектерін мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық даму ерекшеліктеріне арнады.

Белгілі психолог Т.Тәжібаев жеке тұлға тәрбиесінде баланың психикалық процестерінің дамуының ерекшеліктерін жақсы білу керек екенін, баланың жан дүниесінің өсіп-даму заңдарын білудің маңызды екенін айта келе: «Біріншіден, мұны зерттеу арқылы оның даму жолдары мен заңдарын, екіншіден, әр жастағының ғана емес, тіптен біркелкі жастағы балалардың да әрқайсысының жеке өзгешеліктерін білмейінше, тәрбие жұмысын көңілдегідей жүргізуге болмайды», - деген тұжырым жасайды [17].

А.Темірбеков, С.Балаубаев «Психология» (1966 ж.) атты еңбегінде: «Жеке адам – дене құрылысы, психикалық көріністері, әлеуметтік сипаттары бар қоғам мүшесі. Жеке адамның (тұлғаның) негізгі белгісі - оның дара өзгешелігі. Дара өзгешелік адамның ақылынан да, сезімінен де, еркінен де көрінеді. Ойлау, сөйлеу, сүйіну, күйіну сияқты іс-әрекет әр адамда әр түрлі болады да, өмір жағдайына байланысты іске асып отырады. Адамның психикалық өмірінің мазмұны, өзін-өзі түсіну дәрежесі ең алдымен іс-әрекетінен көрінеді. Іс-әрекеттің негізгі түрлері: еңбек, оқу, ойын. Негізгі әрекет үстінде жеке адамның дара өзгешеліктері – қызығу, темперамент, мінез, қабілет, дарындылық – дамып жетіледі», - деп ой түйіндеген [18].

Біз жоғарыда аталған психологтардың еңбектерін талдай отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруда жас ерекшеліктерін ескеріп, олармен негізгі іс-әрекеттердің өзара тығыз байланыста ұйымдастырылуы, ойын әрекетіне біртіндеп көшуде бірізділікке негіз болады деп тұжырымдаймыз.

Психолог М. Мұқановтың айтуынша, «Мектепке дейінгілердің «мен» деген қасиеті едәуір қалыптасып қалады. Мектепке дейінгі кезең – жеке тұлғаның қалыптасу кезеңі. Осы жаста бала өзіндік «Менін сезініп, өзін-өзі танып, салыстырмалы түрде тұрақты ішкі әлемі қалыптаса бастайды. Сонымен бірге жеке тұлға психикасының дамуына әсер ететін күнделікті іс-әрекеттерде мектепалды даярлық топ балаларының үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынасы күрделеніп, іс-әрекетінің мазмұны, түрлі (ойыны, еңбегі, сабағы) мақсаты сипат алады. Бұл кезде баланың білуге ынтасы артып, тілі, ақыл-ой қабілеті, қиялы белсенді дамиды, өзіне тән дербес іс-әрекетті жақсы орындай алу дәрежесіне жетеді.

Сондай-ақ, 5–7 жас аралығында балалардың тағы бір ерекшелігі – танымдық қарым-қатынасқа ауысуы. Мектеп алды даярлық топ балалары осы кезде өзіне-өзі қызмет етуге (қол орамалын пайдалану, тісін тазалау, шашын тарау, киімін, аяқ-киімін таза ұстау, т.б.), үлкендер еңбегіне араласуға үйрене бастайды. Үлкендер тарапынан өзіне қойылған талапты, оның мазмұны мен мақсатын түсініп, соған сай әрекет ете отырып, қоғамға пайдалы еңбек әрекетін істеуге икемделеді» - деп, мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық даму ерекшелігіне сипаттама береді [19].

Бала неше түрлі ойындарды үйренеді. Мәселен, мазмұндық-рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын – баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін

арттырумен қатар, ерік, сезім процестерін де дамытады», - деп тұжырымдайды.

Бұдан шығатын қорытынды: мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастыруда ғалымның ой-пікірлерін зерттеу жұмысымыздың барысында басшылыққа алдық.

Жеке тұлғаның қалыптасуы мен оның психикасын дамытуға байланысты құнды ой-пікір айтқан жоғарыда аталған қазақстандық психолог ғалымдар өз еңбектерінде «Баланы жастан» деген қағиданы басшылыққа алып, баланың жас кезінде білсем, үйренсем деген талпынысын дамытып отыруды ұсынады. Бұдан шығатын қорытынды, мектепке дейінгілердің «мен» деген жеке тұлғалық қасиеті және оның танымдық қабілеті, қабылдау, талғам, сезім, қызығушылық мәдениетін қалыптастырудағы нәтижелі іске итермелейтін түркілер (мотивтер) мен ниеттер сапалы қалыптасып, алдағы кезде баланың тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды деп есептейміз.

Жеке тұлғаның психологиялық негізін анықтауда біз Ресей психологтарының ғылыми зерттеулеріне сүйеніп, оларға талдау жасағанды жөн санадық.

Белгілі психолог Л.С.Выготскийдің тұжырымдамасы бойынша балалық шақтағы барлық қолайсыз кезеңдер жеке тұлғаның туу нүктесі болып саналады. Ғалымның көзқарасына сәйкес әрбір қолайсыз (критические) кезеңде бала белгілі бір жағдайда өзінің тәуелсіздігін сезініп, өзін жеке тұлға ретінде нақты көрсете алады. Соның бірі: бала мектепалды жаста зеректілігімен ерекшеленеді. 6 жасқа келгенде бала өзін басқаның орнына қоя біледі, кейбір іске өзінің де, өзгенің де көзқарасымен қарайды. Дегенмен, дүниеге келген баланың әрекет түрлерін дамыту барысында және сол әрекеттер шегіне шығу арқылы ғана ол тұлға болып дамиды [20].

К.А.Абульханова-Славская, Е.Е.Кравцова зерттеулері көрсеткендей, мектепалды жаста жалпылама болса да, сол баланың өзіне тән тұрақты психологиялық механизмдер қалыптаса бастайды. Ол психиканың жеке негізі бола отырып, баланың тұлға ретінде қалыптасуында белгілі бір рөл атқарады [21].

Жеке тұлғаның этногенетикалық даму мәселесін сапа мен әрекет арасындағы ішкі қайшылықты шешудің жолы ретінде түсіндіруге алғаш қадам жасаған - С.Л.Рубинштейн. Сана мен әрекет бірлестігі ұстанымына сүйене отырып, баланың психикалық дамуы үшін сыртқы объективті факторлардың жетекші рөл атқаратынын көрсетеді [22].

Жоғарыдағы мектепалды балаларының жеке тұлға ретінде даму ерекшелігін ескеріп, осы жаста балалар өзіндік «менін» сезініп, түсіне бастайды деп тұжырымдаймыз.

Ғалым-психолог Б.Г.Ананьев: «Баланың өмір сүріп отырған қоғамда алған білімі мен тәрбиесі негізінде, ол жеке тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік алса, қоғамды жаңартушы ретінде өзін-өзі тәрбиелеп дамытады», - дейді. Бұдан шығатын қорытынды, баланың жеке тұлғасының және оның ішкі мүмкіндіктерінің дамуы субъект – объект және субъект – субъективті қарым- қатынастары арқылы қалыптасып отырады [23].

Мектепке дейінгі жастағы балалардың іс-әрекеттері ойын, еңбек, сабақ, өзіндік әрекет, ұйымдастырушылық және шығармашылық қызметтерінен көрінумен қатар, айналасындағы адамдармен қарым-қатынастар «табиғатынан» байқалады.

В.В.Давыдовтың пікірі бойынша, А.Н.Леонтьевтің психология ғылымына енгізген «Баланың элеуметтік дамуы» ұғымы баланың іс-әрекет психологиялық дамуының динамикасын және қалыптасу кезеңдерін күрделендіреді. Элеуметтендіру негізінде баланың білім сапасы болып, оның ақыл-ой және адамгершілік қасиеттерінің нәтижелі

қалыптасуына ықпалын тигізеді. Сондықтан, балалардың тұлғаларын біртұтас психологиялық құрылым ретінде қарастырған дұрыс. Олар қоғамдық өмірдегі және балалар үйіндегі өздерінің негізгі әрекеттерінде (ойын, сабақ, еңбек, өзіндік әрекет) танысады. Демек, халық педагогикасы материалдарын осы әрекеттерді ұйымдастырудағы негізгі құрал етіп алса, балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру жұмысы өз нәтижесін берері сөзсіз [24].

Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеген белгілі психолог В.С.Мухина: «...бала психологиясының даму заңдылығын, сондай-ақ балалардың жеке бастың әрқилы даму айырмашылықтарын біле білуі өте маңызды. Мұның баланы оқыту мен тәрбиелеуде, сүйіспеншілікке баулуда мәні айтарлықтай. Баланың жеке басының дамуы көптеген жағдайға байланысты.

Әр бала – дара тұлға. Әр баланың ақыл-ой дамуы мен психикалық жай-күйінен көрініс беретін жеке бас айырмашылықтары, сондай-ақ әрбір балдырғанның қайталанбас дара тұлға болуына септігін тигізеді, ол баланың сана-сезімі құрылымының ерекшеліктеріне байланысты. Әрбір бала жарық дүниеге тек өзіне ғана тән, тіпті ішкі құрсақтық дамудың өзінде-ақ бой көрсететін тұқым қуалаушылық қасиеті мен қабілет нышандарын өзімен бірге ала келеді. Қабілет нышандары белгілі бір дәрежеде баланың біршама анатомиялық, бірқатар физиологиялық, кейбір психикалық қасиеттерінің потенциалдық мүмкіндіктерін айқындайды», - деп ой түйіндеген.

Қоғам - белгілі қағидаларға байланысты ескі кетіп, жаңа келіп, өзгеріп, жаңарып отыратын құбылыс. Ендеше, ол тарихи категория дейміз. Әлеуметтік ережелер де тарихи-экономикалық, тарихи-мәдениеттік тұрғыда өзгеріп отырады. Ал, қандай да өзгерістер болмасын, қарама-

қайшылықтарды басынан өткереді. Мұндай қарама-қайшылықтарды оқу-тәрбие жұмыстарында жеңіп отыру қажет. Себебі, олар жеке адамның дамуындағы қозғаушы күш ретінде қызмет атқарады.

Жеке тұлғаның қалыптасу үдерісіне бірден-бір әсерін тигізетін – қоршаған орта мен қоғам. Кез-келген адам баласы дүниеге келгенен бастап қоғамдағы болып жатқан құбылыстарды қабылдау арқылы өзінің ойлау қабілеті, санасы, мінез-құлқының және басқа да қасиеттерінің реттелуіне жол береді. Сондықтан да тұлғаның қалыптасуына және дамуына бірден-бір ықпал етуші – қоғам.

Тұлға өзінің көздеген міндетін шешу арқылы қоғамдық мүддені де шешеді. Сол себепті қоғам мен тұлға бір-бірімен тығыз байланысты. Адамның қалыптасуына қоғамның әсері қандай болса, қоғамдағы болатын және болып жатқан әлеуметтік құбылыстарға адамның да әсері сондай. Жеке тұлға жөніндегі көзқарастардағы айырмашылықтарға келетін болсақ, Г.Н. Нойнер жеке тұлғаның айналасындағы ортамен өзара байланысын атап өтеді. Адамның жеке тұлғасының анықтамасында ол келесі қатынастарды атап көрсетеді:

- «Организм - қоршаған орта» қатынасы адам және табиғат арасындағы қатынастар деңгейінде;

- «Субъект – объект» қатынасы адам мен адамның практикалық және теориялық қызметінің объектілендірілген заттары арасындағы қатынас деңгейінде деп қарастырады [25].

Шет ел психологтары Х.Дейкер мен З.Фрейдтің пікірінше, «Мәдениет және жеке тұлға» тұжырымдамасындағы ұлт мәдениетін немесе ұлттың мәдени тәртібін психологиялық жағынан талдау ұлттық сипатта зерттеуге алып келеді. Демек, жеке адамның өмірі пайда болып, оның тәртібі мен әдет-ғұрпы қалыптасатын

қоғамдық мәдени орта туралы деректерді айқындап, халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді зерттеп білуге бағыштайды. Х. Дейкер мен З. Фрейд: «... жеке тұлға негізгі жеке тұлғалық құрылым болып, сол мәдениет арқылы қалыптасады. Кез-келген орта жеке тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді» – дейді. Көптеген ғалымдар адамның анықтамасының құрылымы мына төмендегі үш кесімнен тұрады деген:

- Жеке тұлға тәжірибесі;
- Психикалық механизмдері;
- Жеке тұлғаның гипотологиялық қасиеттері [26].

Осы тұрғыда, американдық психолог Э.Эриксон баланың жеке тұлға болып қалыптасуының 8 даму кезеңін талдаған. Әр кезеңде бала өмірге және өзіне қатысты таңдау жасап, әрі қарай дамуының жолын көрсетеді. 3-кезеңде бала төңірегіне көп сұрақтар қойып, әрекет жасап білім жинайды. Әрекет құрылымы күрделеніп, оны жоспарлап, мақсат қойып, оған жетудің жолын іздестіріп, мінез-құлқы жүйеленеді.

«Адамның дамуы» деген еңбегінде 5-11 жас аралығында жетілуін «еңбексүйгіштік» деп атап, баланың «дұрыс» және «ауытқып» даму процестерін анықтайтын белгілерін қатар салыстырады. Ғалымның айтқан пікірі біздің зерттеу мәселемізге негіз болып, 6-7 жастағы балалардың жеке тұлға болып қалыптасуына еңбексүйгіштік мүмкіндігін пайдалану қажет деп есептейміз [27].

Ресей ғалымдары А.Г.Ковалев және К.К.Платоновтар жеке тұлға компоненттерін зерттеген. Жеке тұлға туралы А.Г.Ковалев: «... қоғамдық қарым-қатынастар негізінде қоғам мүшесінің әлеуметтік мазмұнды көзқарасы, бағыт-бағдары, ынта-ықпалы т.б., жалпы айтқанда, адамды тұтастықта қарайтын, жан-жақты ұғым» - дейді [28].

Қазіргі таңда елімізде жоғары мектептер мен орта мектептерде жеке тұлғаны қалыптастыру мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы туралы философтар, педагогтар Р.М.Айтжанова [29], Б.Қ.Игенбаева[30], Д.Кішібеков [31], С.Қалиев [32], Г.К.Нұрғалиева [33], К.А.Оразбекова [34] және тағы басқалардың ғылыми еңбектері жарық көрді. Аталған ғалымдар тұлға ұғымына анықтама бере отырып, жеке тұлғаның ерекшеліктерін айқындап, тұлғаның құрылымдық компоненттерін анықтап, жеке тұлғаны қалыптастыруға әсер ететін факторларды атап көрсетіп, оқушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруда мектептегі тәрбиені, отбасы тәрбиесімен бірізді жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты екенін айтады.

Бұдан шығатын қорытынды: ғалымдардың осы тұжырымдарын біз зерттеу жұмысымызға байланысты жеке тұлғаны қалыптастырудың моделін құрастыруда басшылыққа алуға болады деп есептейміз. Адамның жеке тұлға болып қалыптасуына әсер ететін тәлім-тәрбие саласы – халық педагогикасы. Халық педагогикасы – көп арналы, қыр-сыры мол, күрделі ғылым. Ол ұлттық өмірге немқұрайды қарайтын жас ұрпақты қазақтың рухани, материалдық мәдениетін толық меңгерген, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, тәлім-тәрбиесін және адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіріп, ұлтын сүйетін азамат болып өсуін қамтамасыз етуге тиіс.

Халық педагогикасы – тәрбиенің бастауы және қайнар бұлағы, ол – тәрбие жөніндегі халықтың білімі мен тәжірибесі [35].

Халық педагогикасы – тәрбие туралы халық түсінігін ескермесе, өзінің бүкіл санғасырлық тарихында жинақталған педагогикалық тәжірибесін зерттемесе, жеке тұлғаны қалыптастырудың міндетін шеше алмаған болар еді.

Осы тұрғыда, соңғы жылдары арнайы халық педагогикасын ТМД елдер ғалымдарынан зерттегендер Г.Н.Волков (Чувашия), А.Ш.Гашимов (Әзірбайжан), А.Ә.Измайлов (Қырғызстан), Е.Н.Ханбиков (Татарстан) және т.б.

«Чуваш халықтық педагогикасы» және «Этнопедагогика» (1974 ж.) атты еңбектерінде Г.Н.Волков халықтық педагогика проблемасын толық қалыптастырып, тәрбие пәніне, педагогикалық негіздеріне, әдістеріне, құралдарына анықтама береді.

Алғаш рет «этнопедагогика» терминін қолдана отырып, оған: «Жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі халық бұқарасының тәжірибиесімен, олардың педагогикалық көзқарастары туралы отбасы, ру, тайпа, ұлыс және ұлт педагогикасы туралы ғылым этникалық тарихи жағдайлардың әсерімен қалыптасқан ұлттық сипаттағы ерекшеліктерді зерттейді...» - деген анықтама береді. «этнопедагогиканың» «халықтық педагогикадан» айырмашылығын көрсетіп, «егер халықтық педагогика тәжірибеге және оның сипатына қатысты болса, этнопедагогика – теориялық ой саласы, ғылым саласы» - деп түсіндіреді [36].

Г.Н.Волков: «Халық қалаған жеке адам саналарын дамыту мақсатында еңбекшілер қолданған тәрбиелеу мен оқыту, педагогикалық дағдылар мен тәсілдер мақсаттарының, міндеттерінің жиынтығы және өзара байланысы, ол тәрбие мәселелері жөніндегі эмпирикалық мәліметтер мен білімдер жиынтығы, ол ауызша тарайды және өзіне жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі еңбекшілердің практикалық қызметін де қамтиды» - деп тұжырым жасаған [37].

Ал, А.Ш.Гашимов: «...кең мағынасында алғанда халық бұқарасының тәрбие мәселелері жөніндегі көзқарастарының, идеяларының, әдет-ғұрыптарының,

дәстүрлерінің жиынтығы. Оның нысаны – тәрбие, ал тәрбие объектісі – жасы мен жынысына қарамастан адам, жеке адам» – деп анықтама береді.

А.Э.Измайлов: «Халықтық педагогика: Орта Азия мен Қазақстан халықтарының педагогикалық көзқарастарының тарихы» атты еңбегінде «Халық бұқарасының тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің өнімі ретінде көбіне ауызекі түрде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген, жинақталған және практикада тексерілген эмпирикалық білімдердің, мәліметтердің, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығы» – деп анықтама бере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыруда халық педагогикасының мәні туралы автор былай деп атап өтеді: «... барлық анықтамаларда авторлар, халық педагогикасының объектісі мен нысанасы тәрбие үдерісі деп есептейді.

Дегенмен, халық педагогикасында оқыту үдерісінің де алатын орнының маңызы бұдан да кем емес. Атап айтқанда, халық жас ұрпақты нақты кәсіпке, шеберлікке, қолданбалы өнерге, спорт ойындарына және т.б. оқытып, үйретеді. Демек, халық педагогикасының анықтамасы екі жақты: ол біртұтас үдеріс ретінде бір мезгілде тәрбие де және оқыту да өз көрінісін табуға тиіс» [38].

Қазақстан Республикасы бойынша халық педагогикасының жалпы педагогика, психология, философия ғылымдарындағы алатын орны оның тарихи даму жолын, ғылыми тұрғыдан мәнін, мақсатын, мазмұнын, әдіснамалық негізін ашуда елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдар З.Әбілова Ш.Әлібеков, С.Ғаббасов, Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, К.Қожахметова, А.Мұхамбаева, Ж.Наурызбай, Н.Сәрсенбаев, Ә.Табылдиев, С.Ұзақбаева және т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылады.

Соның ішінде Қ.Жарықбаев пен С.Қалиевтің «Қазақ тәлім-тәрбиесі» деген еңбегінде халық педагогикасы - тәлім-тәрбиелік ой пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани

мұрасы. Ең негізгі мәселе - бұларды бүгінгі күннің талап-тілегімен байланыстыра отырып пайдалана білу болмақ. Халық педагогикасымен қатар «этнопедагогика» дейтін атау да жиі қолданылады. Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Ол халық педагогикасын байланыстырып отыратын өткел іспеттес ғылым екенін айтады.

Ғалымдардың пікірінше: «Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары: бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс, термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты екенін айта келе былай дейді: Қазақ халқы арнайы бала тәрбиесімен айналысатын қоғамдық орындары болмаса да өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап-ақ өлең-жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ, санамақ арқылы тәрбиелеп отырған.

Мәселен, жас бала аяғын нық басқаннан-ақ қоршаған орта құпиясын ашып, жолсыз жерлермен жұлдыздарға, түрлі белгілерге қарап жол тауып, қаршадайынан-ақ есту, көру сезімдері шынығып, алыстағыны болжайтын, жоғалғанды табатын ізшіл де, құралайды көзге атып түсіретін мерген, 5-6 жасынан-ақ ат құлағында ойнауға үйреніп, естігенін қалтықсыз есте сақтайтын қабілеті күшті, әңгімеге үйір көшпелі халықтың баласы кейбір қызық ертегілерді, жыр-дастандарды жаттап алады.

Сөз өнерінің әдемі кестелері олардың сөздік қорын байытып, мағыналы да мәнді сөйлеуге жаттықтыра беретін, халықтық шығармалар ішіндегі қызықты оқиға, әдемі қисын, жақсы ұйқас – бәрі-бәрі балаларды қуантып, еліктіре әсер етіп, баланың жеке тұлғасы мен ой-пікірін шындап отырған» [39].

Бұдан шығатын қорытынды, ғалымдар халық педагогикасы мен халықтық психологияда баланың тұлғасының қалыптасып, саналы еңбек ететін азамат болып өсуі үшін әсер ететін тәрбиенің жекелеген түрлеріне олар: тән мен тазалық тәрбиесі, еңбек пен өнер тәрбиесі, ақыл-ой тәрбиесі, ізгілік пен адамгершілік тәрбиесі, сыр мен сымбат тәрбиесі, ұстаз өнегесі, отбасы, бала тәрбиесі, өнер мен денсаулық психологиясы, ұлы ғұламалар мен ойшылдардың, ақын-жыраулардың, ғалымдардың тәлім-тәрбиелік тағылымдары мен ой пікірлеріне жеке-жеке тоқталған.

Ж.Наурызбай «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы» атты еңбегінде: «Этникалық-мәдени білім - бұл ана тілі мен төл мәдениетті әлемдік мәдениеттің құндылықтарын қоса игеру арқылы тұлғаның этникалық-мәдени сәйкестігін сақтауға бағытталған білім» - десе, ал тұлға туралы: «Өз мәдениеті арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған адам жан-жақты мәдениетті тұлға» - деп тұжырымдаған [40].

Ә.Табылдиев өзінің «Қазақ этнопедагогикасы» (2001 ж.) - деген еңбегінде этнопедагогика – белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік, мәдени мұрасы, этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халық ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі. Қазақ этнопедагогикасының негізі – халық педагогикасы. Халық педагогикасының арқауы – халық ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері.

Халық ауыз әдебиеті мен халықтың салт-дәстүрлері – ұлттық тәрбиенің негізі. Баланың жеке тұлғасын тәрбиелеп қалыптастыруда бесік жыры, тұсау кесу жыры, санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, тақпақ, жырлар мен ертегілер, аңыз әңгімелердің бәрі де тілді, ойды дамытып, тәлім-тәрбие беріп, дүниені танытатын этнопедагогикалық галамат

туындылар. Бұл – халық педагогикасының үлкен бір саласы» - деп тұжырым жасаған [41].

Бала тәрбиесі мен жеке тұлғаны қалыптастыруға байланысты С.Ғаббасов «Халық педагогикасының негіздері» (1996ж.) деген еңбегінде қазақ этнопедагогикасының ғылыми-медициналық және танымдық ерекшеліктерін дәлелдеді. Оның пікірінше: «... халық педагогикасы – адам жан дүниесін тәрбиелейтін ілім. Халық педагогикасының негізгі жүйесі жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесі.

Ол тікелей адам тәрбиесі үшін қажет. Оны жер бетіндегі халықтар өзінің жанымен, қанымен де қалыптастырып, үздіксіз ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған» - деп анықтама бере отырып, «Бала тәрбиесінде – оның ішкі жан-дүниесінің тәлімін жетілдіру қандай қажет болса, сыртқы тән қуатын нәрлендірер салт-дәстүрлер де сондай керек. Мәселен, арнаулы мақсаттарға байланысты ән-күй тыңдау, сурет салу, қол еңбектері мен зергерлік бұйымдарды жасауға талпыну, сөз өнері арқылы терме мен толғауға, тіпті жыраулық қасиеттерге де талпындыру артық емес.

Балалардың тілдері шығып, сөздік қорларын молайтумен қоса, оның жүйелі ойлау қабілеттерін де жетілдіре беру бала тәрбиесіндегі ең үлкен жауапкершілік. Ендеше, бала тәрбиесіндегі аңыз-ертегілердің орны ерекше.

Сондықтан да оны орайын тауып, тәрбие сабақтарында жиі пайдаланған дұрыс» - деп, ғалым әр баланың өз алдына жеке тұлға ретінде ерекшеленіп, оның мінез-құлықтарының, темпераментінің де даралана дамуының күрделі сатыларын ескере отырып, тәрбие барысында ата-аналарға баланың ана құрсағына бітпей тұрған кезінен бастау алатын жүрек тәрбиесімен қатар ақыл, имандылық тәрбиелерімен бірге психологиялық көмектің қажет екендігін ескертіп, оның тәрбиелеу жолдарын көрсетеді .

Жас ұрпақтың жеке тұлға ретінде қалыптасуы және оны тәрбиелеудегі қазақтың халық педагогикасы мен этнопедагогикасын зерттеуде үлес қосқан ғалым

С.А. Ұзақбаева «Тамыры терең тәрбие» атты еңбегінде: «...Халық педагогикасы - тәрбие мен оқыту саласындағы халық бұқарасы білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының жиынтығы, солардың негізінде ұрпақтан ұрпаққа халық шығармашылығы арқылы (поэтикалық, музыкалық, сәндік-қолданбалы өнер) беріліп отыратын әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқан.

Халық педагогикасының мақсаты - жас ұрпақты ата-бабалар тәжірибесінің ең жақсы мұраттарына тәрбиелеу» - деп, онда ғалым қазақтың халық педагогикасының асыл мұраларын: ауызекі поэтикалық, музыкалық шығармашылығы, сәндік-қолданбалы өнері мен қазақ отбасының тәрбие дәстүрлері, баланы ерте бастан еңбекке, ұлттық қолөнерге баулу, туыстық байланыстар мен отбасы ішіндегі қатынастар т.б. мектептегі оқу-тәрбие ісінде қолданудың балаларға эстетикалық тәрбие берудің өзекті құралы екенін айтады.

Ғалым «Қазақтың халық педагогикасындағы жеткіншектер мен жас ұрпақтарға эстетикалық тәрбие берудің тамыры тереңде жатыр, оның өзіне тән біртұтас жүйесі, әдіс-тәсілдері мен амал-жолдары қалыптасқан», - деген тұжырым жасайды [42].

Н.Сәрсенбаев педагогикалық теорияны толықтыра түседі, халықтың ауызекі шығармашылық туындылары: ертегілер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, халықтық қанатты сөздер, мақал-мәтелдер рөлін және педагогикалық мазмұнын халық педагогикасының құралы ретінде баяндайды.

Сондай-ақ, қазақтың халық педагогикасының қазіргі тәрбиені ұйымдастырудағы практикалық маңызы қарастырылады, атап айтқанда, балаларды мектепке даярлау

мәселелері және қоғамдық тәрбиенің орны сөз болады, халық педагогикасы құралдарын отбасы тәрбиесінде пайдалану түрлеріне және осы мәселедегі отбасы дәстүрлерінің алатын орнына жан-жақты сипаттама берген [43].

Ал, қазіргі біздің қоғамымыздың ілгерілеу үдерісіндегі адам факторын және оны жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту жағдайында бала тәрбиесінің мәні мен оның мәселелерін зерттеген Р. Төлеубекова өзінің «Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика» атты еңбегінде халқымыздың ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан ұлттық салт-дәстүр, ата-баба мұрасының бала тәрбиесінде алатын орны, оның мәселелері және педагогикалық негізі ретінде адамгершілікке тәрбиелеуде бастауыш сынып оқушыларына арналған «Адамгершілік тағылымы» атты бағдарлама жасап, бағдарламада халық педагогикасының озық дәстүрлерінің өзегінен туындайтын «Адамгершілік кодексін» ұсынады. Сонымен бірге ғалым: «Бала – біздің елімізде ерекше халық.

Ол түсінетін, сезінетін, көретін, ұмтылатын, әрекет жасайтын, жарық дүниеге келген алғашқы күнінен-ақ ата-анасын, жақын туған-туыстарын, әрі бүкіл елді қуанышқа, ерекше сезімге бөлейтін халық. Сондықтан, балалардың өмірде жан-жақты жетілуі үшін олардың рухани және дене күштеріне қауіпсіз жағдайлар жасауымыз қажет» – деп түсіндіреді [44].

Біз талдау жасаған жоғарыдағы зерттеулерде «халық педагогикасы» ұғымы негізінде халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, ойындары, отбасы тәрбиесінің тәжірибелерін мектептегі оқыту мен тәрбие жұмысының барысында қолдануды ұсынады.

Ата-бабамыздың дәстүрлі халықтық тәрбиесінің тәжірибесіне көз салсақ, мектепке дейінгі кезеңде балаларға

тәрбие беру ісі, жан-жақты тіл үйрету, ақыл-ойын өсіру, денесін жетілдіру, еңбекке баулу, ең бастысы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді сіңіру бағытында жүргізілгенін көреміз. Мұның барлығы, әрине, бесік тәрбиесінен басталады. Халқымыз бұл жөнінде айтқан: «Бесіктегі бала бес түлейді» немесе «жеті атасын білмеген, жетімдіктің салдары», - деген мақаланың түпкі ойы тереңде жатқаны айқын.

Жоғарыда аталған ғалымдардың ғылыми-педагогикалық еңбектерінің құндылығы республикадағы мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиелеу және білім беру іс-тәжірибиелері талданып, оны ұйымдастырудың мазмұндарын, әдіс-тәсілдерін жаңартуда басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік құралдар болып саналуында.

Баланы ұлттық дәстүрлер негізінде тәрбиелеу - жауапты да күрделі міндет, оны іске асыру тәрбиеленушінің сәбилік кезінен бастап, қазақ халқының ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесіне мұра болып келе жатқан ұлттық дәстүрін, өнерін балалар үйіндегі оқу-тәрбие жұмыстарында пайдаланылып, ұлттық тәлім-тәрбие негізінде жүйелі түрде жүргізуді қажет етеді. Халық педагогикасының элементтерін пайдалана отырып баланы өз тілінде сөйлеуге, ізгілікке, инабаттылыққа, кішіпейілдікке баулу, эстетикалық сезімін оятып, өмірдегі жақсы мен жаман әрекеттерді ажырата, сезіне білуге үйрету, ойлау, сөйлеу, қабылдау процестерін дамытуға баса назар аударылады.

Осы орайда, мектеп жасындағы балалар мен мектеп жасына дейінгі балалар үйіндегі тәрбиеленушілердің психологиялық даму ерекшеліктері, тәрбиеші мен тәрбиеленушілер арасындағы және оқу-тәрбие жүйесіндегі қарым-қатынастар мәселесін зерттеген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ғалымдары Т.И.Дьяконова [45], И.М.Михайлицкая [46], С.В.Яосева [47] еңбектерінде балаларды тәрбиелеу мен жан-жақты дамыта қалыптастыру

мәселелерін зерттеп, ғылыми-әдістемелік жолдарын ұсынған.

Жоғарыда біз талдау жасаған зерттеулер бүгінгі таңда оқу-тәрбие үдерісін әр қырынан қарастырғанымен, жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі жан-жақты, арнайы зерттеу нысанасына алына бермейді. Сол себепті, біз зерттеуімізде патриоттық тәрбие үдерісінің барысында ішінара болса да тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын қалыптастыру мәселесін қарастыруға ден қойдық.

Ресей психологтары П.Я.Гальперин [48], В.В.Давыдов [49], А.В.Запорожец [50], Д.Д.Эльконин [51] және т.б. өздерінің зерттеу еңбектерінде жоғарыда келтірілген пікірлердің дұрыстығын қолдап, жоспарлы, ұтымды ұйымдастырылған оқу-тәрбие үдерістерінде, әрбір жеке тұлғаның психикалық процестері көлемді дами алатындығын нақтылай түскен. Әрбір жеке тұлға басқа адамдармен байланыссыз өмір сүре алмайды. Ол өзінің орнын айналасындағы адамдармен қарым-қатынас үдерісінде анықтай алады.

Гуманист психологтар Г.Айзенк А.Маслоу, Г.Оллпорт, К.Роджерс өз еңбектерінде жеке тұлға туралы құнды ой-тұжырымдар жасаған.

К.Роджерстің пікірінше жеке тұлға мен оның мінез-құлқы қоршаған ортаны қабылдауына байланысты дамып қалыптасады. Ғалым теориясында: «Мен» тұжырымдамасы «нақты Мен-ді» және «идеалды Мен-ді» (адамдар қандай болғысы келеді және қандай болуы керек) қамтиды. «Мен» тұжырымдамасының дамуы, негізінен әлеуметтену процесі арқылы жүреді. Әрбір адам үшін ең маңыздысы - оны басқалардың түсінуі және жақсы көруі десе, А.Маслоу адамның мінез-құлқы мен тәжірибесі қажеттіліктер иерархиясымен реттеліп отырады дейді.

Өзінің жеке тұлға теориясында гуманистік және жеке даралық тұрғыны біріктірген гуманист Г.Оллпорт адам

табиғатының – жеке тұлғалық даму, өзін-өзі жеңе білу мүмкіндіктерін толық іске асыра білу аспектілерін зерттеген [52].

Г.Айзенктің жеке тұлға теориясы диспозициялық теорияның үш негізгі бағытының біреуіне – қатаң бағытына жатады. Бұл бағыт адамның қатаң биологиялық құрылымдары: дене құрылымы, жүйке жүйесі, ми және белгілі жеке даралық қасиеттері арасында қатаң сәйкестік құруға ұмтылады.

Мәселен, психолог: «Жеке тұлға – бұл адамның қоршаған әлемге дербес бейімділігін анықтайтын, оның мінезінің, темпераментінің, интеллектісінің және дене құрылысының азды-көпті тұрақты құрылымы. Мінез – мотивациялы-еріктік мінез-құлықтың азды-көпті тұрақты жүйесі.

Темперамент - адамның аффективті, эмоциялы мінез-құлықтың азды-көпті тұрақты жүйесі. Интеллект – бұл когнетивті мінез-құлықтың азды-көпті тұрақты жүйесі» - деген тұжырым жасаған .

Қазіргі психологтардың дәлелдеуінше, әр баланың қоғамдық ортамен қатынаста болуы, тұлғаның «Мен» сезімін, бейнесін, жүйесін қалыптастырумен тығыз байланысады. М.Ю.Кистяковскаяның айтуынша: «...балалар үйінде тәрбиеленетін бүлдіршіндердің қимыл-қозғалыс жағынан құрбыларынан терең артта қалуы, аурушаң болуына мүмкіндік туғызады [53].

Ал, бұл жағдайдан құтқаруда әр баламен жеке - дара және тиянақты түрде психологиялық-педагогикалық тәрбие жұмыстарын жүргізу керек», - деп тұжырым жасаған. Бұдан шығатын қорытынды, ғалымның жоғарыда айтқан пікірі балалар үйі жағдайында жеке тұлғаны қалыптастыруға тікелей негіз болады деп есептейміз.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірбиесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың

бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы. Олай болса, балалар үйіндегі тәрбие үдерісінде халық педагогикасы мұраларын қолдану жеке тұлғаның сана-сезімі мен ақыл-ойына жүйелі әсер етіп, оның дүние танымының дамуына, психикасының дұрыс қалыптасуына оң ықпал ететініне сеніміміз мол.

Қорыта айтарымыз, философиялық, педагогикалық, психологиялық, әдістемелік еңбектерге жасалған талдаулар баланың жеке тұлғасын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеуге және тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін анықтауға қол жеткіздік.

Біз зерттеу жұмысы барысында балалардың психологиялық ерекшеліктерін анықтаудағы мақсатымыз – олардың болашақтағы патриот, отансүйгіш тұлғасын қалыптастырудың жолдарын іздестіру, бағыт-бағдарын айқындау болды. Ол үшін балаларға ұсынылатын білім мазмұнын нақтылап, оқу-тәрбие үдерісінің барысында пайдаланудың жолдарын зерделейміз.

## **1.2 Мәңгілік ел идеялары негізінде жастарды патриотизмге тәрбиелеудің маңызы**

«Мәңгілік ел» идеясы еліміздің жастарын талай дәуірдің сынынан сүріндірмей жеткізген тұғырлы идея. Қазіргі таңда елімізде өтпелі кезең өзгерістеріне орай халыққа білім беру жүйесі де реформалануда: білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту, мәдениетті өркендету бағытында біршама шаралар жүзеге асырылып, жас ұрпаққа жаңа оқу бағдарламалары мен оқулықтары, оқу-әдістемелік құралдары жасалып, мектепке дейінгі мекемелер мен мектеп өміріне енгізілуде.

Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндеттер мемлекеттік құжаттарда, Қазақстан Республикасы Конституциясында, «Білім туралы» Заңында атап көрсетілген.

Қазіргі кезеңде республикамызда болып жатқан қоғамдық өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа тәрбие беру мен білім беру жұмыстарының мазмұнын жаңа талаптарға сай өзгерту міндеті тұр. Осыған орай, мектеп жасындағы балаларға тәрбие беру ісі озық тәжірбиелермен, осы салада жүргізілген психологиялық, педагогикалық ғылыми-зерттеу нәтижесінде құнды пікірлермен толықтырылуда.

Еліміздің тәуелсіздік алуымен Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңының (1992 жылы 18 қаңтарда) қабылдануымен байланысты ұрпақ тәрбиесі жөнінде жаңаша ойлауды, оны жақсарту жолдарын айқындауды талап етті.

Осы Заңның «Жалпы ережелер» атты бөлімінің 2-бабында білім беру жүйесінің міндеттері туралы айта келіп, мына мәселелерді қамтиды:

-жеке адамның рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін ашу, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, әрбір адамды дамыту үшін жағдайлар жасау жолымен оның интеллектісін байыту;

-азаматтық, үйелменнің, халықтың, қоғамның және мемлекеттің алдындағы жеке адамның құқылары мен міндеттерін ұғынуды, сондай-ақ, еліміздің мәдени, қоғамдық, экономикалық және саяси өміріне қатысу қажеттігін тәрбиелеу;

-қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін оқып үйрету үшін жағдайлар жасау;

-республика тұрғындарына жалпы және кәсіптік білім алу үшін мүмкіндіктер жасау;

-жеке адамның (тұлғаның) отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелеуді дамыту.

Осы заманғы педагогикалық теория жүйесінде педагогикалық білім, біріншіден, сол педагогикалық ғылымның қызметінен, екіншіден, педагогтың кәсіби қызметінің құрылымынан алынып қарастырылады.

Осынау өзара байланыс әдіснамалық, ғылыми-теориялық және практикалық білімнің бірлігінде; ғылыми-теориялық және құрылымдық-техникалық, немесе педагогтың мөлшерлеушілік, реттеушілік қызметінде, білімінде; мазмұнды және операциялық білімде; тереңдетілген білімде; теориялық және практикалық білімде көрініс береді.

Педагог білімі жүйесінің екі жақты бағыты, екі жақты мақсаты - кәсіби қызметтің әдіснамалық негізі ретіндегі және практикалық қызметтің тікелей құралы ретіндегі рөлі айқындалады.

Педагогикалық білім құрылымында төмендегі элементтерді атап көрсетуге болады:

- педагогикалық құбылыстар дамуының негізгі идеялары, тұжырымдамалары, заңдары мен заңдылықтары туралы білімі;
- жетекші педагогикалық теориялардың негізгі категориялары мен ұғымдарының білімі;
- негіз болып табылатын педагогикалық фактілердің білімі;
- мектеп жасына дейінгілерді оқыту мен тәрбиелеудің жалпы әдістемесі туралы қолданбалы білім.

Педагогикалық білім педагогикалық қызмет арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан ол педагогикалық іскерліктермен және дағдылармен тығыз байланысты. Практикалық іскерлік педагогтың теориялық білімді қызмет барысында жүзеге асыру болып табылады.

Кәсіби даярлау педагогикалық энциклопедияда белгілі бір білімнің, шеберлік пен дағдылардың, қасиеттердің, еңбек тәжірибесі мен мінез-құлық ережесінің жиынтығы ретінде көрсетілген. Яғни, бұл түсінік дербес және кәсіби жағдайдың түбегейлі өзгеріске түскенін байқатады. Осыдан шығатын қорытынды, кәсіби даярлау, ол педагогикалық процесс барысында білімді, іскерлік пен дағдыларды меңгерген, педагогикалық ойлауы, кәсіби қызметін ұйымдастыру қабілеті білім мен тәрбиеге қойылатын осы заманғы талаптарға сай қалыптасқан педагогтың тұлғасын жасау жүйесі болып табылады [54].

Осы айтылған ерекшеліктердің бәрі болашақ мамандарды халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау мәселесіне тікелей қатысты. Сондықтан, біздің келесі қадамымыз патриоттық тәрбие мен халық ауыз әдебиеті нұсқаларын пайдалану мәселесін зерттеп, олардың мүмкіндіктерін ашу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы- қоғамның идеологиялық бірлігінде» атты еңбегінде «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді», - делінген.

Патриотизм – қоғамдық санадағы аса маңызды да күрделі түсініктердің бірі. Қоғам мүшелерінің өздері өмір сүріп отырған ортаға деген қарым – қатынасын реттейтін патриотизм ұғымын теориялық негіздеудің, зерттеудің үзіне тен тарихы, қалыптасуының үрдістері бар.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында үмір сүрген қазақтың ағартушылары, ұлттық ауыз әдебиетіміздің нұсқаларын жинастырып, ғылыми айналысқа

түсіруге үлес қосқан шетел ғалымдары өздерінің саяси-қоғамдық, әдеби-танымдық еңбектерінде халқымыздың отаншылдық рухын, туған жеріне, салт-дәстүрлері мен мәдениетіне деген құрметін айналып өте алмады

Тәрбие мен оқыту мазмұнының концепциясын», «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиені дамыту концепциясын», «Қарағанды қаласының білім және спорт бөліміне қарасты білім дамыту орталығы шығарған «әдістемелік құралды) талдай келе тәрбие үрдісі арқылы патриоттық тәрбие беру мәселесі бойынша төмендегідей тұжырымдарға келдік:

- патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту;

- отансүйгіштік сезім жалпы адам баласына тән адами түйсік-қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, үзіндік бағасын, түйсінуін, қуаттап-қолдауын пайымдайтын сезім күрсеткіші;

- отаншылдық сезім- адамға туа біткен қасиет емес, ол - жүре түзілетін, адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасқан психологиялық, саяси-әлеуметтік құбылыс;

- патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты - жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың патриоттық іс-әрекеттерін саналы түрде меңгеріп алуға талпынысын айқындайтын саяси-моральдық, кәсіптік, психологиялық, дене шынықтыру сияқты сапаларды қалыптастыру.

Еліміздегі мектеп жасындағы балалар қай ұлт өкілі болғанына қарамастан, қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныстырып, оларды байырғы халықтың рухани қазынасы арқылы сәбилерді отаншылдыққа баулу міндеті болып табылады.

Ата-бабалардың қиялынан туған ғажап оқиғалы ертегілер мен терең мәнді аңыздар, батырлық жырлар мен өмір тәжірбиесінен ой түйетін мақал-мәтелдер, халықтың салт-дәстүрлерінің энциклопедиясы болып табылатын тұрмыстық жырлар, философиялық тұжырым жемісі жұмбақтар мен жаңылтпаштар - мінезі дархан осынау халықты, оның ұлан байтақ жерін сүюге, шынайы патриот болуға тәрбиелейтін дүниелер.

Атадан балаға сан ғасырлардан мұра болып қалған еліміздің кең байтақ жері осы уақытқа дейін талай қиын қыстаулардан өтіп сақталуда. Олай болу себебі, сол уақытта қазақ еліне жан-жақтан анталаған жауларының көптігі еді. Бұл тұрғыда айта кетсек Тан, Того, Цинь империялары, Парсы және Ресей империясылары, Жоңғар хандығы сияқты жаулар еді. Сондай жаулардан халқымыздың ардақты қайсар хандары, батыр-жауынгерлерімен, жырау билері өздерінің жауынгерлік өнерімен, батырлығымен, аянбай бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып ата жауларына қарсы тұра білді.

Сол себепті ата-бабамыздың соғыс жүргізу айла - тәсілдеріді шебер пайдалана білгендіктерін болашақ сарбаздар бүгінгі жоғарғы сынып оқушыларына патриоттық, жауынгерлік тәрбиелеу ісіне пайдалану үшін педагогикалық зерттеулер қажет-ақ.

Бұл бүгінгі Қазақ елінің өткен тарихындағы айқында айшықты ұлт мүлдесінде маңызды рөл атқарған хандарымызбен батыр бабаларымыздың, соғыс жүргізу тәсілдерін бүгінгі күн талабына сай зерделеп зерттеп жаңаша пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі тәуелсіз елімізде жоғарғы сынып оқушылары азаматтарына бастапқы әскери дайындық білімін беруде қажеттілігі нақты сезілуде.

Мұндай проблеманы оқушыларға халқымыздың соғыс жүргізу айла-тәсілдерін тиімді пайдалануға және

имандылық, адамгершілік, ержүректік құндылықтарды бойына сіңірген рухани дүниесі бай, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Мұның өзі бұған дейін маңызды бөлігі ірі рухани тәрбиеге сүйенуді қажет етеді. Сондықтан халқымыздың ел бастаған хандар мен қол бастаған батырларымыздың жауынгерлік өнері соғыста қолданған әскери айла-тәсілдері дәлел.

Қазақ халқының соғыс жүргізу өнерінің танымал болмаған қырларын ұрпаққа таныту ісі ешқашан тоқталмақ емес. Сол себепті біздің зерттеуіміздегі өзек болған халқымыздың соғыс жүргізу айла-тәсілдері, ұлттық мұрасындағы рухани тәрбие идеялары болып табылмақ.

Қазақ халқы-этногенез жағынан алғанда 3000 жылдан аса тарихи мәдениеті бар халық б.з.д. X ғасырда сақтар б.з.д. IV ғасырда ғұндар б.з.д. V-VI ғасырларда "түркілер" деген атпен енген бүгінгі қазақтар сақтардың, ғұндардың әскери тарихының төл мұрасы. Сондықтан Қазақ тарихында сақ, ғұн, түркі тайпалардан шыққан даңқты қолбасшылардың соғыс жүргізу тәсілдері. Жасөспірімдерді тәрбиелеуде халқымыздың жауынгерлік өнерінің тарихи кезеңдерің әрекеттеген Сұлтанов Т.И. Климиторный, Тасболатов А., Аманжолов Қ., сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Алайда жас ұрпақы тәрбиелеуде халықтың соғыс өнердің әдіс тәсілдерімен рухани идеяларына деген қажеттіліктер артуда. Мұның өзі біріншіден жас ұрпақты Отан қорғауға деген тарихи әлеуметтік құндылықтар арқылы.

Ел ауызында «Отызында оқ атпаған, қырқында қылыш шаппас» деген мақал бар. Халқымыздың жас ұрпақты соғыс өнері баулуы, балалық шақтан бастау алып, жігіттік дәуренге жалғасын табатыны «Ер Тарғын» жырында:

Бес жасында, Қартқожақ,  
Жас шыбықтан жай тарттың,

Жалғыз шиден оқ аттың,  
Атқан оғың жоғалттың...  
Отыз беске келгенде  
Қоңыраулы найза қолға алдың,  
Жеңсіз берен киіндің, –деп, жақсы суреттеледі.

Қаһармандық эпостарда Аңшыбай батырдың төрт жасында, Ер Сайынның бес жасында, Қобыландының алты жасында, Алпамыс он жасында, ал батырлық ертегіде Желкілдектің жеті жасында қолына алғаш рет қару алғандығы айтылады. Көбіне осы жастағы балалар қаруды «жыңғылдан, шиден» және тағы басқа жеңіл материалдардан жасайды («Ақбілек қыз – Тұрғын бала», «Омар мен Ғазиза», «Опасыз туыс», «Алтын айдар»). Бұл сюжеттерді поэтикалық тәсіл ретінде қарауға болмайды. Өмірде балалардың қару жасау ісімен таныс болғаны рас.

Балаларды жас кезінен ұрыс қимылдарына жаттықтыру, қарумен таныстыру ерте басталған. Бесік жыры мәтіндерінде кездесетін «тал шыбық ат», «балдырған мылтық» т.б. ойын құралдары екендігі анық. Тарихи мәліметтерге сүйене отырып, шындығында бала он екі немесе он бес жасында қолына әскери құрал алады деп топшылауға болады. Өйткені халық шығармалардағы кейіпкерлер мен шынайы өмірдегі балалардың арасында айырмашылық бар екендігі айқындалып отыр.

Қазақ халқы «Ақтабан шұбырындының» ауыр жылдарында сұмдық қиындықтардан қажымай, бойындағы бар қайратын сарқа жұмсап, түс-түсынан қаптаған жауға қарсы қажырлы күрес жүргізе отырып, өзінің азаттығын, елдік еркін қорғап, мемлекеттігін сақтап қалды. Қазақ халқы жерінің едәуір бөлігін жоғалтып, бірқатар кезеңдерді басынан кешкеніне қарамастан, елдің саяси және экономикалық дербестігін сақтай білді. Жауына соққы беретін тың күш жинап, жоғалтқан иеліктерің қайтарып алуға күш жинады .

Бұл күрестің негізгі күші хандар емес, халық бұхарасы еді. Оны ұйымдастырушылар қарапайым халық ішінен шыққан ел-жұртына деген адалдығымен, ерлігімен танылған қазақ батырлары болды. «Қабанбай батыр», «Бөгенбай батыр», «Шақшақ Жәнібек батыр», «Қойгелді батыр», «Өтеген батыр» сияқты ондаған тарихи жырлар осы күресті, ел қорғаған батырларды бейнелейді. Халық басына зор зобалаң, қиын-қыстау күн туғанда басын бәйгеге тігіп, ел қорғаған ерлерді қазақ халқы дастан етіп жырлады, олардың аты соғыс дылдары ұранға айналып отырды.

1726 ж. ұлы кеңесте елімізді, жоңғар басқыншыларынан азат ету үшін қазақ халқы бір тоқтамаға келіп, барлық күшті жауға қарсы жұмылдыру жөнінде бір пікірге келгені туралы А.И.Левшиннің айтуынша, дұшпанға қарсы алғашқы бірігу басталды.

Қазақ фольклорын жинаушы Ә.Диваевтың айтуынша, Кіші Орда, Орта Орда, және Ұлы Орданың қосылып, Кіші жүзден шыққан Саңырақ батыр мен Орта жүзден Қабанбай батыр, Ұлы жүзден Ошақты (Тасжүрек) бірігіп, Бұланты және Бөленгі өзендері Қара сиыр деп аталатын жерлерде қалмақтарға түпкілікті соққы бергенге дейін соғысқаны айтылады. Бұл жерлер күні бүгінге дейін «Қалмақ қырылған» -деп аталады.

«Бұхар жыраудың «Қабанбай батыр» жырына сүйенсек, мыңдықтан әскер құраған 29 сардардың, батырлардың рулары мен есімдері түгел толық келтірілген. Олар: Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Көк -жарлы көкжал Барак, Керей Жәнібек, Шанышқылы Бердіқожа., Керей Жанатай ер, Тоғас Қосай, Тума Шағалақ., Мұрын Боранбай., Үйсін Саршуаш., Қыпшақ Есімхан., Қыржы Бостан., Тарақты Баймұрат., Токпақ Қосабай., Матай батыр., Сибан Шыңқожа., Шойбек Сеңкібай., Қаңлы Құлан., Сіргелі Елшібек., Қаратай., Ысты Төлек., Сиқымнан - Шінет, Рысбек., Ботбай Сәмен., Шымыр Қойкелді., Қоңырат

Төлебай, Болат., Кіші ордадан: Рамадан Алшынбай., Қарақалпақ Құлашбек., Жаныс Өтеген., Шапырашты Наурызбай батырларды білеміз.

Олар кезінде ел ардақтап атайтын аруақты жандар еді. Бір еске салатынымыз, Қазақ мындықтарын басқарған басшыларының есімдері рулық, жүздік деңгейден асып, жалпы ұлттық межеге көтерілген. Олар қанды сайыстарда талай рет суырылып шыққан ерлер еді. Олардың даңқы бір ғана Аңырақай шайқасында емес, басқыншы жаудан қазақ елін толық тазартқанша есімдері ұлы далаға аңыз болып, ұран болып, ұлттық сананы қалыптастыруға өз үлестерін қосты [55,56].

Адамзат тарихында үлкенді-кішілі он бес мыңға жуық соғыс өткен екен. Бірақ солардың ішінде ауқымы, құрбандықтары мен алапаттығы жағынан ең жантүршігерлігі екінші дүниежүзілік соғыс және оның құрамдас бөлігі - Ұлы Отан соғысы болды.

Соғыс жылдары бізден бірте-бірте алыстаған сайын оған деген көзқарас та өзгеріп келеді. Жаңа кезеңнің бір қасиеті - баяғыда аян болған жағдаяттар жайлы шындықтың соны қырынан көрінуі. Бұл айтылған тұжырым Ұлы Отан соғысының тарихына да тікелей әрі толығымен қатысты. Осынау қырғын тұрғысында жүздеген кітаптар мен мыңдаған мақалалар жазылғанмен, сол соғыс жайлы нағыз шындық әлі айтылған жоқ.

Қазақтың аяулы батыр қыздарының бірі Мәншүк Мәмбетова. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәншүк 18 жаста болатын. Ол соғысқа бару, Отанын қорғау туралы шешім қабылдады. Өтінішінде: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз», деп жазған. 1939 жылдан бері комсомолмын. 1941 жылдың 7-ші тамызы».

Бір жыл бойы Мәншүк әскери комиссариаттан өзін әскерге жіберу туралы өтінді. 1942 жылдың 13-ші

тамызында Алматыдан 100-ші атқыштар бригадасы майданға аттанды. Оның құрамында 4890 жауыңгер, оның ішінде 2 қазақ қызы – дәрігер Мәриәм Сарлыбаева және Мәншүк Мәметова болған екен. Бригаданы ұла дана ақын Жамбыл өлеңімен шығарып салыпты.

Әскердің қиындығын Мәншүк ерлермен қатар көрді - жер жорғалап, судан жүзіп, қалың ну ормандардан өтті, пулемет атып үйренді. 21-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының ең жақсы пулемет атқышы атағына ие болды. Ол ержүректің үлгісі болды, оны дивизия жауыңгерлері мақтан тұтқан. 1943 жылдың 15-ші қазанында Псков облысындағы Невель қаласын босату үшін Изоча станциясындағы 173,7 биіктігінде өте қатал соғыс болды. Мәншүк өзінің әскери бөлімінің шабуылын пулемет отымен қолдады. Мәншүктің басына оқ тиді. Соңғы күштерін жинап, Мәншүк пулеметін ашық жерге алып шығып, жолдастарына жолды тазалап, фашистердің тікелей бетіне атқан. Өлі Мәншүк пулеметтің саптарын қолына тастай қатты қысып алған. Сол қан майданда Мәншүк Мәметова ерлікпен қаза тапты.

Кеңес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 1-ші наурызында немес басқыншыларымен соғысу майданындағы қолбасшының әскери тапсырмаларын бұлжытпай орындағаны үшін, көрсеткен ерлігі үшін Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [49].

Мәншүктің соғысқа аттанған Алматы қаласына Кеңес Одағының түпкір – түпкірлерінен алғыс хаттар барды. Невель қаласында Мәншүк атында көше бар. Бұлда Қазақ қызына көрсеткен құрмет деп білеміз.

Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова, Кеңес Одағының Батыры. Әлия Ақтөбе облысы Хобда ауданы Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында 1925 жылдың 15-ші маусымында

дүниеге келген. Әлия 8 жасқа келгенде, анасы қайтыс болды. Нұрмұхаммед Сарқұловтың қолында екі баласы ұлы Бағдат және қызы Әлия қалды.

Әкесі Әлияны нағашы әжесі Тәжікенге беруге мәжбүр болды. Әжесі қазіргі Құрайыл ауылында тұрған, немересін өте жақсы көрген, оған адамгершілікті, жақсылықты, еңбекқорлықты үйреткен. Әлия нағашысы Әубәкір Молдағұловтың үйінде, нағашысының қызы өзімен құрдас Сапурамен өсіп, есейді. Үй- іші Әлияні өте жақсы көрді. Әубәкірдің әйелі Сән қыздарға көп нәрсені үйретті, оған қыздар үй жұмысында көмектесті, кішкентай бауырларын тәрбиелеп, бақты. Өз құрдастарына карағанда Әлияның мінезі қисық катал болатын. 1933 жылы Молдағұловтар отбасы Шалқардан Жамбылға, ол кезде Әулиеата деген кішкентай станцияға көшіп барды. Нағашысы Түркістан - Сібір теміржолының үшінші эксплуатациялық ауданы саяси бөлімінің инструкторы болып қызмет істеді. Үйлері теміржол вокзалының жанында болды. Үйдің жанындағы теміржол мектебіне бірінші сыныбында оқыды.

1935 жылы нағашысы Әубәкір Әскери-көлік Академиясына оқуға түсіп, отбасымен Москваға көшті, ал соғыстың алдында Академиямен бірге Ленинградқа көшті. Ленинградта Смоленский ауданында Слуцкий көшесінде 2-ші үйде тұрды. Отбасы жағдайына байланысты нағашысы Әлияны Красногвардейский ауданындағы Гурдин көшесіндегі №46-шы балалар үйіне тапсырды. Бұл балалар үйінің оқушылары қасында орналасқан Үлкен охта даңғылындағы № 9 мектебінде оқыды, қазір бұл № 140-шы мектеп. 1980жылы Ленсоветтің атқару комитетінің шешімімен Гурдин көшесіне Әлия Молдағұлованың аты берілді.

Әлия Ленинградты шын жүрегімен жақсы көрді. Бұл қала оның екінші отаны болды. Әлияның мұғалімдері, бірге оқыған дос қыздары оны өте ұстамды, терең ойлы, таза,

ұқыпты деп естеріне алады. Ол жауқауларды жек көріп, олар бүкіл балалардың алдында сынап, ұрсатын. 6-7-ші сыныпта Әлия староста болған. Үздік оқуы және үлгілі тәртібі үшін Әлияны Қырымдағы Бүкілодақтық пионерлер лагері Артекке жіберген. Артеkte батырлардың тақтасында атақты Батырлар Рубен Ибаррури, Тимур Фрунзенің қасында Әлия Молдағұлованың да суреті бар. Әлия оқуда өте зерек, талапты, ынталы болып, кітапты көп оқыды.

Соғыс басталған жазда Әлия балалар үйінің балаларымен бірге Сиверская станциясында болған, маусымның аяғында олар Ленинградқа қайтып келді. Балалар үлкендерге көмектесті: кішкентай балалардың тобына бағып, қарады, қаланың сыртында қорғаныс камалдарын салысты. Суық бөлмедегі сабақты ауа ескерту сигналы бұзғанда, Әлия балалармен шатырға жүгіріп, немістің тастаған «зажигалкаларын» - өрт бомбаларын сөндірді. Сабақтан кейін Әлия госпитальға барып, жарақаттанған жауынгерлерге көмектесті. Ленинградты немістер қамауға алып, оның тұрғындарын ашаршылыққа ұшыратты. №46 балалар үйінің аға пионер жетекшісі Лидия Костинаның естелігінде Әлия шанамен суға барып, аштықтан көшеде есінен танып құлаған, сөйтсе ол өз нанының жартысын Катя деген қызға береді екен.

1941 жылдың 4-ші қарашасында Әлия комсомолға өтті. 1942 жылдың наурызында № 46 балалар үйімен Әлия Ладога көліндегі «Өмір жолымен» Ленинградтан Ярославль облысы Некрасов ауданы Вятское селосына көшті. Бұнда балалар оқу мен қатар колхозда жұмыс істеді. Сол ауыл мектебінің ботаника мұғалімі Татьяна Суворовнаның айтуы бойынша, Әлия жақсы оқитын, ән салатын, билейтін, достары көп болатын, бірақ мінезі тұйық, өзі туралы ашылып ештеңе айтпайтын.

1942 жылдың тамыз айында Әлия Рыбинск қаласына ұшқыштың оқуына кететінін Лида Кротова деген досына

айтты. 1942 жылдың 1-ші қазанында Әлия Рыбинск авиатехникумының студенті болды, бірақ оқудың ұзақтығына шыдамай 3 айдан кейін қала әскери комиссариатына өтініш беріп, Қызыл Әскерге кетуіне байланысты 1942 жылдың 21-ші желтоқсанында техникумнан шығып кетті.

Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы (Комсомол) Орталық комитеті және КСРО Қорғаныс Халық Комиссариатының бастамасымен мемлекетте алғаш рет атқыш - снайперлерді дайындайтын әйелдер курстары ашылды.

Осы курстар негізінде 1943 жылдың мамырында снайперлік дайындық орталық әйелдер мектебі ұйымдастырылды. Әуелі курстар Москва облысы Перов ауданы Вешняки селосында граф Шереметьев усадьбасының оранжереясында, кейін Москва облысы Щелков ауданы Амерово деревнясында және Подольск қаласында Силикатный поселкесіне көшірілді. Әлия снайпер мектебінің бірінші түскен тобының 4-ші ротасында оқыды. Кішкентай бойы үшін бұл ротаның қыздарын «Карындаштар» деп атаған.

1943 жылдың 23-ші ақпанында курсант қыздар ант берді. Әлия оқуға бар ынтасы мен зейінімен берілді, көз өткірлігін, мергендігін, қолдың нақтылығын көп жаттықтырды. Сонымен қатар ол жер жорғалап еңбектеуді, қол және станкопулеметтен, автоматтан, танкіге қарсы қарудан атуды үйренді. Оқу жеңіл болған жоқ. Әлия жақсы атқыш болды.

Бірақ оның майданға бару мақсатына тағы бір кедергі пайда болды. Мектеп басшылары емтиханнан кейін Әлияны майданға жібермей мектепте басқа жаңа курсанттарды үйрететін инструктор ретінде қалдыру туралы шешім қабылдады. Оны естіген Әлия әскери устав пен тәртіпті ұмытып, «бәрі бір майданға кетемін», деп тұрып алды.

1943 жылдың шілдесінде Әлия Сотүстік – Батыс майданына 54-ші атқыштар бригадасына аттанды. Бұндада алдағы қатарға жетуіне кедергі болған оның жасы және бойы. 4-ші батальонның снайпері болды. Көп уақыт тосып, немістерді аңдып отырып, оларды атты. Бір рет немістің сынық танкісіне бұғып отырып, екі немісті атты, үшінші оқпен окоптан шығып тұрған стереоқұбырды атты.

Фашистер снайперді байқап, миномет пен зеңбіректерден оқ жаудырды. Танктің астыңғы люгін ашып, Әлия жерді бауырлап, өз бөлімшесіне жетті. Ұлы Октябрь мейрамы алдында Әлия бір күні жеті немісті атып түсірді. Бір күні дос қыздармен келе жатып, жеті фашистке жолықты. Біреуін Әлия, екеуін достары атты. Қалғанын қыздар қамауға алып, бастыққа әкеп тапсырды.

1944 жылдың қаңтарында Псков облысы Насва теміржол станциясынан немістерді шығару мақсаты қойылды. Фашистер қатты қарсыласты, артиллерия от жаудырды. Әлияның ротасының командирі қаза болды. Жауынгерлер сасып қалды.

Сонда Әлия атып тұрып: «Отан үшін алға!», -деп айқай салды. Оның соңында бүкіл рота көтеріліп шабуылға шықты. Әлияның қолына минаның сынығы тиді, бірақ ол автоматын тастамай бір неміс офицерін атты. Офицер жауап беріп, Әлияні екінші рет жарақаттады. Соңғы рет Әлия атып, немісті өлтірді. Казачиха деревнясының батысында, Смердель деген кішкентай өзеннің биік жағасында достары Әлияны жерледі.

1944 жылдың 14-ші қаңтарында Қазақ халқының ер қызы, Ленинградтың ер қызы Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұлова отаны үшін, елі үшін батырлықпен шәйіт болды. Оның батальондық достары Әлия үшін жаудан қанды кек аламыз деп ант берді.

Кенес Социалистік Республикалар Одағы Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен 1944 жылдың 4-ші маусымында

көрсеткен ерлігі үшін ефрейтор Әлия Нұрмұхаммедқызы Молдағұловаға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Соғыстан кейін Псков облысы Новосокольники ауданының әртүрлі жерлеріндегі жауынгерлердің сүйектері Казачиха деревнясынан 4 шақырым жердегі Монаково селосына кіре берістегі жотадағы бір ағайындық зиратқа әскери салтанатпен жерленді [57,58].

Менің байқауым, Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың тұған жерлері де жақын: Атырау облысы Орда ауданы және Ақтөбе облысы Хобда ауданы. Екеуі бір жерде қайтыс болды. Мәншүк Псков облысы Невель қаласында, одан теміржолмен солтүстікке қарай 60 шақырым жерде Псков облысы Насва станциясында Әлия қаза болды.

Осы батырлар ерліктері мен өнегелі өмір жолын біз «Мәңгілік Ел» жастарының бойына сіңіріп, патриоттық тәрбиені ұялатуға тырыстық.

Ұлы Отан соғысы жылдарында «Правда» газетінің 1943 жылғы 6 ақпанындағы номерінде: «Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы ұрысады, тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай жақсы жұмыс істейді.

Қазақстан өз жерінің барлық асыл кендерімен майданға қуатты тірек болып отыр. Қазақстан совет адамдарына жақын және қымбатты», – деп жазылды. Бұл Қазақстан мен қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлес салмағының қаншалықты екенін анық көрсетсе керек. Қазақстандықтар Варшаваны, Софияны, Белградты, Праганы азат етушілердің қатарында болды.

151-қазақстандық бригада негізінде құрылған Кутузов орденді, даңқты 150-Идрицк атқыштар дивизиясы жауынгерлері Совет Армиясының өзге бөлімдерімен келісе қимылдай отырып, “Ұялы қасқырдың” ордасы Берлинге шабуыл жасады, Рейхстагтың күмбезіне жеңіс туын тігуге

қатысты. Алқызыл туды биікке көтеріп, алғаш болып жеңіс дабылын қаққандардың қатарында взвод командирі, қазақ Рахымжан Қошқарбаев та болды.

Қазіргі бейбіт Қазақ жерінде ел азаматтары өз өмірлерін Мәңгілік елді құру мақсатында көптеген жұмыстар атқарылуда. Дегенмен кейбір келеңсіз оқиғалар көңілге қияң түсіреді. Алматыдағы террактдан «Жарылды, атты, өлтірді» деген суық хабарларға ел елендеулі, жұрт алаң. Бірнеше ай өтсе де ғазиз жанын құрбан еткен полиция старшинасы, екінші батальон полицейі Аян Ғалиев, полиция капитаны Бауыржан Нұрмұханбетов, ҚР ІІМ бұрынғы қызметкері Ғани Нұриманов, полиция сержанты Мақсат Сәлімбаев пен полиция лейтенанты, ЖПП мамандандырылған батальон қызметінің аға инспекторы Тимур Бегасыловтың есімдері ел есінде, ерліктері ертеңгі ұрпаққа өнеге.

«Алматы қаласын ғана емес, дүйім жұртты дүр сілкіндірген қанды оқиға ешкімнің есінен шыға қойған жоқ. Бұл күні көрсетілген ерлік, қолдан берілмеген өр намыс жүректерден өшпейді де.

Тәуелсіздігімізді тәу еткен бірінші күннен бастап қазақстандық полиция қызметкерлері қауіпсіздік пен тәртіптің алдыңғы шебінен табыла білді. Ел ішіндегі бейбіт өмір, баянды береке-тыныштық үшін аянбай еңбек етіп келеді, ата-ана, халық алдында берген анттарының адалдығынан айныған емес. Жыл өткен сайын Қазақстан полициясының жаңа – жарқын, айбынды бейнесі айқындалып келеді».

Ел болып ерлікке бас иген халықтың тәртіп сақшыларына алғысым шексіз. «Полиция қызметкерлерінің алдына қойылған міндет-талаптар мол. Ел сенімін ақтап, абырой мен ардың биігінен төмендемеу екінің бірінің қолынан келе бермейтін ауыр да жауапты іс. Мемлекет басшысы өзінің халыққа арналған «Қазақстан – 2050»

Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Ішкі істер министрлігі алдында жаңа міндеттер жүктеді. Бұл міндеттердің алдыңғы қатарында – қылмыспен күресті жетілдіру, қоғамда ұсақ құқық бұзушылыққа қарсы нөлдік төзімділік қағидасын қалыптастыру, ішкі істер органдарының қоғамға ашықтығын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тұр. Біз қызметтік міндеттерін адал атқарып қана қоймай, кей сәттерде қылмыспен күрес жүргізуде жанын қиюдан да жасқанбайтын жігіттермен мақтана аламыз. Иықтарына таққан погонға дақ түсірмей, абыроймен алып өткен сакшыларды жас ұрпаққа үлгі тұтамыз», – деді.

Егеменді еліміздің тарихында, оның ішінде, ел тыныштығының алдыңғы қатарында тұрған қазақстандық полиция жылнамасында нағыз ерлік пен батырлықтың мысалы аз емес. Өкінішке орай, олардың арасында қызметтік міндеттерін атқару кезінде көз жұмған, бейбіт халықтың тыныштығын күзетемін деп жанын қиған оғыландар да бар.

Ерлік еткендер де, ел үшін қызмет еткенде, оққа ұшқан оғландарда ел есінде. Көрсетілер құрметте мұның барлығы өскелең ұрпақты патриоттыққа баулу.

Әрине, мұның барлығы опат болған оғандарымыздың орнын толтырып бермейді, көздері жәутендеп қалған ұл-қыздарына әкесін, артынан аңырап қалған жарларына ерін, есіне алғанда ет жүрегі елжіреп, етегі жасқа толатын ата-анаға ұлдарын тірілтіп бермейді.

Батыр Бауыржанның: «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген жүрекке жігер берер жалынды сөзі бар. Қоғам тыныштығын сақтау жолында қаза болған бұл жігіттердің жігер-намысын, ары мен ұятын жалын шарпыған жоқ деп білеміз», ел тыныштығы үшін жандарын қиып, анттарына адалдық танытқан асыл азаматтардың

бейнесі отаншылдықтың нақты үлгісі болып қалары сөзсіз. Ердiң ерiнiң ғана қолынан келетiн қадамға барып, бейбiт күнде жасаған батырлықтары болашақ ұрпақ жадында мәңгі сақталары да сөзсіз.

Тәуелсіздік тарихында әр саланың өз үлес-салмағы болары анық. Соның ішінде, ел тыныштығын күзетуде алғы шепте тұратын тәртіп сақшыларының қызметі бір бөлек, көтерер жүгі салмақты, жауапкершіліктері ауыр. Бір ғана басты міндет – осынау аңсай жеткен тәуелсіздікті баянды ету – отандық сақшыларға жүктелген абыройлы іс.

Ең асыл қазынамыз – бірліктің жолында, елдің тыныштығын қамтамасыз етудегі ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбектері орасан зор. Халқымыздың берік қорғаны, тәуелсіздігіміз бен тұрақтылығымыздың сенімді тірегі бола білген де солар. Мұны ешкім даулай алмайды. Себебі, елдің қырағы қорғаушылары оны ісімен, ерліктерімен дәлелдей білген.

Қазіргі заман батырлары намысты қолдан бермей, сын сәтте сүрінбеген полиция қызметкерлерің есімі ел есінде!

Қазақ дейтін қайсар халықтың қаһармандары аз болмаған. Нанбасаныз, қарт тарихтан сұраңыз. Соған үңіліңіз. Ал батыры көп елдің баласы жасық, қорқақ болып өсуі мүмкін емес. Аян Ғалиевтің, Бауыржан Нұрмұханбетовтың, Ғани Нұримановтың, Мақсат Сәлімбаев пен Тимур Бегасыловтың намысты ұл – қыздарының болашағы жарқын боларына сенімім мол. Батыр ұлдарымыздың бірі Бауыржан Момышұлының: «Алыпты алып қана арқалайды» - деген жақсы сөзі бар. Бүгінгі күннің батырларын ұлықтай білу де – іріліктен туатын игі іс. Ендеше, бейбiт күннiң батырларын елге дәріптеп, жас ұрпаққа өнеге тұту, олардың ерлігі пен өрлігіне тағзым жасау да ұлы іс.

Күні кешегі Қеңқияқ, Шұбарши елді мекендерінде болған келеңсіз оқиға өңірді ғана емес, елімізді дүр

сілкіндіргені рас. Дінді бетперде етіп жамылып, ел ішін дүрліктірген қаныпезерлердің қылығын ешкім де ақтай алмаса керек. Бейбіт елдің тыныштығын бұзған басбұзарларды ауыздықтау кезінде ерліктің үлгісін көрсеткен батыр ұлдарымыз өз қызметтеріне деген адалдықтың үлгісін көрсетті.

Олар кеуделерін оққа төсеп, бейбіт елдің тыныштығын қорғауда жанқиярлыққа барды. Әрине, елі үшін жас ғұмырларын қиған қазіргі заманның хас батырлары қандай да құрметке лайық. Олардың бұл ерліктерді атақ-данқ үшін емес, егемен еліміздің тыныштығы үшін жасағаны да ақиқат. Бұл ең алдымен, елі, туған халқы үшін қасық қанын қиятын ата дәстүрдің үзілмегендігін көрсетсе, екіншіден, жас ұрпақтың патриоттық сезімінің мықтылығын тағы бір дәлелдеді.

Осындай батыр ұлдары бар елдің ертеңі де өміршен екені сөзсіз. Жыл соңында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен қызмет бабында қайтыс болған 4 қызметкер еліміздің жоғары наградаларына ие болды. Олардың арасынан Темір аудандық ішкі істер бөлімінің полиция сержанттары Нұрлан Алпысбай мен Айдос Боранбаев III дәрежелі, Ақтөбе облысының ПД Экстремизммен күрес басқармасының қызметкері, полиция капитаны Рүстем Кенжалин мен «Арлан» арнайы жасағының қызметкері, полиция аға лейтенанты Руслан Жолдыбаев II дәрежелі «Айбын» ордендерімен марапатталды. 30 жастағы полиция сержанты Нұрлан Алпысбай Ақтөбе облысының Шалқар қаласында дүниеге келген. Ол ішкі істер органында 2002 жылдан бері қызмет еткен еді.

Айдос Боранбаев 39 жас-ақ өмір сүрді. Айдос ішкі істер органында 6 жыл қызмет атқарған. Екі азаматтың артында қос-қостан балалары қалды. 35 жастағы «Арлан» арнайы жасағының қызметкері, полиция аға лейтенанты Руслан Жолдыбаев 2011 жылғы 1 шілде күні қылмыскерлерді

құрықтау арнайы операциясы барысында Кеңқияқ кентінде қаза тапты. Рүстем Кенжалин өз әріптестерімен жедел ақпаратты тексеру мақсатында саяжайда салынып жатқан үйдің маңына келген. Сол маңда жас келіншекті көрген полиция қызметкерлері үйді тексеріп шығу үшін аталмыш әйелден рұқсат алып, бірінші болып үйге бас сұққан Рүстемге оқ атылып, жарылыс болады. Рүстемнің қасындағы әріптестері қас-қағым сәтте ешқандай шара жасай алмаған. Салынып жатқан үйдің шатыры көкке ұшқан сәтте қаза тапқан Рүстемнің денесінің әрең табылғандығынан-ақ жарылыстың тым күшті болғанын аңғару қиын емес.

Астана қаласында Рүстем Кенжалиннің зайыбы ІМ министрі Қалмұханбет Қасымовтың қолынан марапатты қабылдап алды. Аталған төрт полицей де қылмыстық топтың көзін жоюға атсалысқан еңбектері үшін марапатталды. Сонымен бірге, Темір аудандық ішкі істер бөлімінің полиция сержанты Тұрарбек Ешпағанбетовке ІІІ дәрежелі «Айбын» ордені табысталса, «Арлан» арнайы жасағының сарбаздары, полиция майоры Бүркіт Сартаев, кіші полиция лейтенанттары Сұңғат Тәжіғұлов пен Жасұлан Абиболаев ІІ дәрежелі «Айбын» орденін омырауларына тақты. Бұл орайда батыл ұлдарымыздың бірі, полиция майоры Бүркіт Сартаевпен әңгімелесудің сәті түсті.

Сол қарулы қақтығыста алған жарақатының салдарынан аурухана жағалап жүрген ол уақытының тапшылығына карамастан өтінішімізді жерге тастамады. Жүзінен жылылық сезіледі. Адамға деген ықыласы мен құрметі қандай.

Жанына батқан жарақатын да білдіргісі жоқ. Шалқар ауданы Қайыр ауылында дүниеге келген Бүркіт Сәрсенбайұлы 1990-1992 жылдары Германияның Франкфурт қаласында әскер қатарында азаматтық борышын өтеп оралғаннан кейін бірден ішкі істер органына қызметке

орналасқан. Кейін Ақтөбе облысының ІІД «Арлан» арнайы ден қою жасағына ауысқан. Басыңды қауіп-қатерге тігетін мұндай күш құрылымдарына екінің бірін ала бермейтінін ескерсек, оның қатал сынақтардан мүдірмей өткенін пайымдау қиын емес.

Ол оқиғаның қалай болғаны, арты қалай аяқталғаны қалың жұртқа белгілі. Қарақшылар қамыс арасында жасырынып жатып, атыс басталып кетті. Біз барымызша қызметтік міндетімізді өтедік. Менің орнымда кім-кім де осылай әрекет етері сөзсіз. Сондықтан асыра айтатындай ештеңе жоқ. Бәрінен бұрын жан жолдасымыз Руслан Жолдыбаевтың бізді қорғап, кеудесін оққа тосқан ерлігін айтсаңызшы. Нағыз азамат, нағыз сақшы осындай болуы керек.

Сол қақтығыста қолымнан жарақаттанып, тікұшақпен облыс орталығына жеткізілдім. Сол жарақаттан әлі арыла алмай жүрмін. Бастысы, бас аман, денсаулық орнына келеді деп ойлаймын деп қысқа қайырды әңгіме тізгінін, Бүркіт Сәрсенбайұлы қызметтік әдеппен көп нәрсені айта бермейтін тәртіптілігіне басып. Ол қарапайым отбасында, он баланың ортасында тәрбиеленді. Өзі қалаған қызметтің ыстық-суығына үйренген оның еңбек жолын қайта бастаса осы соқпаққа түсері сөзсіз. Оны аз ғана тіл қатысу кезінде анық аңғардық.

Кешегі қанды оқиға кезінде отбасың, анаң қатты уайымдаған болар дедік біз әңгіме арнасын өзгерткіміз келіп. – Қызмет бабында не боларын кім болжапты. Алайда, анам Жұпар кешегі қан қасап соғыста болған майдангердің жары ғой аса қобалжымаса керек. Дегенмен, баласын кім жамандыққа қияды, – деді ол өз ойын бүкпесіз жеткізіп.

Бүркіт Сартаев зайыбымен екеуі екі ұл тәрбиелеп өсіруде. Отбасында жақсы жар, сүйікті әке. Қызметтестері арасында беделді, ініге қамқор, ағаға ізетті ұл ұяда көрген өнегесімен өзгелерге үлгі болуда. Сондықтан да болар, әріптестері оны сөзден гөрі істің адамы ретінде бағалайды.

Ал қандай жағдайда да адами қасиетінен, жігіттік намысынан айнымайтын Бүркіт қашанда, қандай жағдайда да өзгелерге өнеге болар адамгершілікті жоғары ұстайды.

Ердің ері сыналар сын сағатта батылдығымен көзге түскендердің бірі ретінде осылай деп сөз айтуды парызымыз санадық. Бүгінгі күннің Бауыржандары аразда жүргеніне риза болғанымыз да рас. Полиция майоры Бүркіт бауырымыздың омырауында ІІ дәрежелі «Айбын» орденінің жарқырауы да заңды. Ерлік осылай бағаланса керек.

### **1.3 Мәңгілік ел идеясындағы әскери-патриоттық тәрбие мақсаты және міндеттері**

Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарында жастардың алғашқы әскери дайындығын өткізу мен ұйымдастыру негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Алғашқы әскери дайындық меншік түрі мен ведомствалық бағыныштылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік-техникалық мектептерде (кәсіптік мектеп) әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Алғашқы әскери сабақтарында оқып-үйрету үрдісінде алғашқы әскери дайындықтың оқытушы-ұйымдастырушы – үйренуші жастардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру, Қазақстан Республикасы егемендігін қорғау қажеттілігіне көз жеткізу, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауға саналы түрде даяр болуға үйрету міндеттерін шешеді. Сабақта жастардың әскери анттың рөлі мен мәнін жете түсінуіне ықпал ету қажет.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның жауынгерлік дәстүрлеріне, әскер салалары мен түрлеріндегі

қызмет атқару ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылығын дамыту керек, әскери білім алуға ынталандыра отырып, оларға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршілігін белгілейтін заңдар жинағы, сондай-ақ жарғы талаптарын орындау - әрбір әскери қызметшінің міндеті екендігі түсіндіреді [59].

Бүгінгі жаңа қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер алғашқы әскери дайындықтың дамуына жаңа ықпалдарды талап етеді, қалыптасқан әдіснама мен педагогика ғылымының парадигмаларын өзгертуді қажет деп санайды. Білім беруді дамыту концепциясы тек қана білімнің теориялық ұстанымдарынның жаңартылуына бағытталған, ал реформаның негізгі талаптарына жауап бере алмауда.

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында бұрынғы кеңестік жүйеде өмір сүрген барлық Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде, оның ішінде Қазақстанда алғашқы әскери дайындық теориясы мен практикасы мәселесі үлкен дағдарысқа ұшырағаны айқындалды. Ол дағдарыс: құндылық, мақсаттылық, мазмұндық, технологиялық, нәтижеліктің деңгейлерінің барлығында да көрініс тапты.

Осындай тарихи - қоғамдық формация жағдайында, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдау жаңа қоғамдық формацияның даму және қалыптасу ерекшеліктеріне сәйкес Қазақстанның оқу орындарында оқушылардың көзқарасын қалыптастыру арқылы болашақ білімді азаматтарды тәрбиелеуде аса маңызды міндеттердің бірі екендігін көрсетіп отыр.

Қазақстан Республикасының оқу орындарында, мектептерде алғашқы әскери дайындық пәнін оқыту барысында жан-жақты зерттеу нәтижесінде оқушылардың көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыратын алғашқы

әскери дайындық сабағын өткізудегі рухани-ізгіліктің элементтерін енгізу қажеттігі мен оларды оқу-тәрбие процесіне енгізу мүмкіндіктерінің арнайы зерттелмеуі алғашқы әскери сабақтарына ерекше көзқарас қалыптастыру мазмұнының ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделмеуі мен ондағы сабақ өткізудегі рухани-ізгілік құндылықтарының кең қолданылмауы арасында түбегейлі қарама-қайшылықтар туындап отыр.

Бұл отанына шынайы берілген азаматтың жеке басын қалыптастырады, әрбір адамның өмірлік көзқарасын таңдауды алдын ала анықтайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматы белсенді, мағыналы, салауатты өмір сүру тиіс деген түсінікке алып келеді.

Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде тарауын оқып білу кезінде студенттер мынаны білу тиіс:

➤ Қазақстан Республикасы мемлекеттік құрылымын, Қазақстан Республикасы егемендігінің негізгі белгілерін;

➤ Қазақстан Республикасының конституциялық негіздерін;

➤ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің рөлі мен орнын;

➤ Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандарын және әскери бөлімнің жауынгерлік туының маңызын;

➤ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрлері мен салаларын, офицерлік және сержанттық құрамның әскери атақтарын әскери-патриоттық тәрбиенің мазмұнының бір-бірімен өзара тығыз байланысқан екі негізі компонентті бөліп көрсетуге болады.

Біріншісі кең негізделеді; өмірге деген позитивті көзқарас және негізі әлеуметтік, тарихи, саяси, әскери және басқа мәселелер бойынша позиция; жан-дүние, адамгершілік, іскерлік секілді маңызды сапалар (Отанға

деген сүйіспеншілік, заңдылыққа мәртебе, Отанды және оның азаматтарын қорғаудағы конституциялық міндеттерді орындауға деген жауапгершілік).

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын басқа да әскерлерді, әскери құрылым және органдарды кәсіби көшіру мәселелер шешіліп жатқан кезде әскери-патриоттық тәрбиенің мазмұнының рөлі әлдеқайда жоғарлайды.

Әскери – патриоттық тәрбиенің ерекше компоненті нақты жеке іскерлік бағытпен сипатталады. Бұл мазмұнның тәжірибелік орындалу әрбір жас азаматтың Отанына қызмет етуде оның орнын терең түсінуінде.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, қызмет етуге қажетті негізгі сапалар, қасиет дағдыларды құруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ерекше компоненттің негізгі мазмұны Отанға деген сүйіспеншілік, азаматтық және әскери парызға сенімділік, батырлық, тұрақтылық, ерлік болып табылады.

Қазіргі жағдайда жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мазмұндық басымдылық сапасы болып, мына адамгершілік құндылықтар саналады азаматтылық, мемлекеттік масштабтарға жалпы ұлттылық жеке тұлғаға қоғамдық-мемлекеттік басымдылық патриоттылық;

➤ өз Отанына шын берілу Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жақсы дәстүрлерін сақтау және дамыту қиындықтарды жеңуге ұмтылу;

➤ адамгершілік, өзін сыйлау құрметтеу сезімі әлеуметтік–белсенділік, жауапгершілік.

Шынайы патриотизм-жалпы адамзаттық құндылықтардың маңыздысы болғандықтан басқа халықтарға, ұлттар мен ұлыстарға сыйластықпен, ізгі ниетті адамгершілікпен қарауды көздейді. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекетте жекелеген этностар өкілдерінің ұлттық патриотизмі елде тұратын барлық халықтың ортақ патриотизмімен тұтас байып отырады.

Өйткені, халық деген ұғымға мемлекеттегі барлық адам, яғни ұлттар, ұлттық топтар сияды. Көпұлтты мемлекеттегі адамдардың патриотизмі олардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетімен ажырағысыз бірлікте қарастырылуға тиіс.

Мұның мәнісі алдымен, қоғамдағы патриотизмнің екі элементтен тұратынына байланысты. Олар жалпы яғни барлық ұлт өкілдерінің бойындағы жалпыұлттық патриотизм және ерекше, яғни жекелеген ұлттардың өкілдеріне тән ұлттық патриотизм.

Айталық, Қазақстан Республикасында патриотизм бірден жалпықазақстандық осында тұратын барша ұлттардың жалпыұлттық патриотизмі және қазақтардың, орыстардың, ұйғырлардың т.б. өзіне тән ерекше ұлттық патриотизмі түрінде көрінеді.

Осылайша, жалпы қазақстандық патриотизмнің даму дәрежесі ұлтаралық патриотизмнің даму дәрежесі ұлтаралық қарым - қатынас мәдениетінің даму деңгейін сипаттайды. Ұлтаралық қатынастар мәдениеті халықтар, ұжымдар арасында және жеке адамдар арасында әртүрлі деңгейде көрініс береді. Көптеген адамдардың араласып, еңбектес, тағдырлас болуы бұл байланыстардың сапасын өзгертіп отырады.

Соңғы жылдары әртүрлі ұлт өкілдерінің ара-қатынасында мына үш жағдай байқалады екен, ынтымақтастық, бейтараптық, алауыздық.

Мұның ішінде аса жағымсыз қоғамдық жағдай ретінде алауыздықтың тигізетін зияны аса зор. Алауыздық салдарынан ұлттардың біріне-бірі қарсы тұруы, қастандық, бітіспес қайшылықтар мен арпалыс күрес, т.б. келеңсіз жағдайлар орын алады.

Бұлардың мемлекет аралық сипаты ел арасында соғыстарға себеп болатын, мемлекеттің өз ішіндегі алауыздық азамат соғысына апаратынын көріп жүрміз. Оған мысал Грузин – Абхаз, Грузин-Оситин, Қарабах шиелінісі.

Бейтараптық жағдайда мемлекеттер арасында, бір елдің өз ішінде, сондай-ақ, адамдардың арасында кездесуі мүмкін. Біріне-бірі ашық жауласпағанымен, өкпе ренішін анық білдірмей, өзара байланыс жасап жүргенімен, олардың арасында салқын қабақ табылмай қоймайды. Белгілі дәрежеде біріне-бірі шыдамдылықпен төзіп, шын пиғылын көзге көрсетпеседе сыйласқан сияқты болуы да келеңсіз көрініс. Мұндай жағдайлар көбінесе жеке адамдар арасында, шағын ұлт топтары арасында кездеседі.

Қарым - қатынастағы жақтардың немқұрайлығының астарында үлкен қатер жатады. Мұндай салқындық кез келген сәтте болмашы себептің өзінен де ұрыс - керіске, қарулы жанжалдарға ұласып кетуі мүмкін.

«Алтау ала болса - ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса - төбедегі келеді» -деген халық даналығының астарында адамгершілік пен достық қатынастарыдың мәнін ашатын зор мағына жатыр.

Өзара ынтымақтастық, түсіністік пен татуластық - аса қуатты жасампаз күштердің негізі міне осында жатыр. Егемендік алып, көк байрағын көтергеннен бері Қазақстан мемлекеті әлемнің жүзден аса елімен ынтымақтастық шарттарын жасасты. Оның бәріне бір елдің екінші елдің байлығына, халқына көз алартпауы, шекара дауын туғызбау, адамгершілік ниетте қарым - қатынас жасау негіз болған.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында мәңгілік достық және татуластық шартына қол қойылуының тарихи маңызы бар.

Әскери-патриоттық тәрбие-мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың жастарға жоғары патриоттық түйсікті Отанына шын берілу, өзінің азаматтық парызын орындауға дайын болуды құруға бағытталған көп жоспарлы, жүйелі, мақсатты іс- әрекет.

Әскери – патриоттық тәрбиенің мақсаты – жастарда азаматтық патриоттылықты дамыту. Олардың өмірдің әр

саласында керекті белсенді көрінуін қалыптастыру. Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді орындау талабы орын алады:

➤ жастардың санасында және сезімінде патриоттық құндылықтарды және сенімдерді қазақстанның мәдени және тарихи өткеніне ілтипат, мемлекеттік әсіресе қызыметтік деңгейін көтеруді бекіту;

➤ жастарда Отанға шын берілудің дамуын қамтамасыз ететін тиімді жеке әскери– патриоттық жүйе құру;

➤ әскери – қызыметтік тәрбие жүйесін тұтас қызымет ету әсерін қамтамасыз ететін оның ішінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштер қатарында қызмет етіп жатқандарда қамтамасыз ететін механизм құру.

Қоғам дамуының кейінгі жылдардағы студенттерге патриоттық тәрбие беру саласында жаңашыл өзгерістерді ұлттық ерлік дәстүр негізінде жүзеге асыру қазіргі білім мен тәрбие саласында аса маңызды. Осыған орай студенттерге патриоттық тәрбие беру және кәсіби әрекеттерге даярлаудың қажеттілігі туындайды.

Патриоттық тәрбие барысында саяси сенімділік отанға сүйіспеншілік, тәуелсіз өмір сүріп жатқан мемлекетімізге ынтымақтастық, жалпы отандық намыскерлік, ел тағдыры, болашағы үшін жауапкершілік, еліміздің экономикалық даму қарқынын тездетуге үлес қосуға ниеттілік, ғылыми саяси - моральдық және туған жерін қорғау мақсатындағы әскери әзірлік отанын саяси - идеологиялық қауіптерден сақтауға бағыттылық, арам ниеттегі ішкі және сыртқы жауларға төзбеушілік тәрізді патриоттық сезім қалыптасып дамиды.

Патриоттық тәрбие ұлттық ерлік дәстүр негіздеріне сүйене отырып тұлғалық болмысты дамытудың озық үлгілерін анықтауға жол ашады Сонымен қатар, аталған патриоттық тәрбие түрін таңдаудың қағидалары мен қажетті әдістер және патриоттық тәрбиені жүзеге асыру формалары мен түрлерін сұрыптауға мүмкіндік береді.

## **2 «Мәңгілік ел» патриоттық идеясы негіздері мен зерттеу нәтижелері**

### **2.1 «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негізі**

XX ғасырдың ортасы мен XXI ғасырдың басында әлемдік қауымдастықта жаһандану бағыты, мәдениетаралық өзара байланыстың кеңейтілуі, рухани және материалдық құндылықтар пайдасының өсуі, тұлғалық жекеліктің дамуы байқалды. Әрбір мемлекетте оның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, ұлттық, этникалық және діни ерекшеліктерінің бастауына байланысты жастар тәрбиесінің басымдықтары мен тәсілдері анықталады.

Мысалы, 1966 жылы Жапонияда «Идеалды жапондықтың сипаты» атты құжат қабылданды, онда отағасының қасиеттері, сонымен бірге қоғамдық және азаматтық қасиеттері анықталады: жұмысқа берілгендік, әлеуметтік құндылықтарды құрметтеу, патриот болу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, ұлттық абзал қасиеттерге ие болу және т.б.

Бұл тәсілдер қазіргі кезеңде адамзаттың дамуының негізгі белгілерінің бірі болып табылатын, әлемдік қауымдастықта тұрып жатқан әртүрлі ұлттар мен ұлыстардың этникалық жаңару белсенділігімен байланысты. Ол халықтың өзінің этникалық және мәдени өзіндік ерекшеліктерін сақтауға талпынуынан, өзінің белгілі бір этносқа тиістілігін жете ұғынуынан, этникалық қақтығыс, сонымен қатар әртүрлі этникааралық мәселелерден білінеді [60].

Сондықтан, тәрбие абстрактылы емес, ол нақты сипатқа ие, алдымен сол немесе басқа халықтың ұлттық – этникалық өзіндік моралын, дәстүрін, салтын, адамгершілігін бейнелейді және оның мәдениетіне, этномәдени ортасын

құруға және халықтық педагогика құралдарын ең көп пайдалануға сүйеніп жүзеге асырылады [61].

Қытай халқының мақал-мәтелінде былай делінген: «Өзі келген ауылын білмеген, өзі іздеген ауылды таба алмайды». Яғни, этникалық тәрбие – бұл ұрпақтардың мақсатқа бағытталған әрекеттестігі, оның нәтижесінде тұлғаның этникалық санасы, өзіне этностың субъектісі ретіндегі сәйкес қатынасы және өз халқының тіліне, тарихына, мәдениетіне жағымды қатынасы, оған деген мақтаныш сезімі, сонымен бірге басқа этнос өкілдеріне сыйластық сезімі мен толеранттылығы қалыптасады.

Ал Қазақ халқының тағылымдық мұраларының негізін құраушы мазмұны – ұлттық сана, этнос, әдеп, намыс ұғымдарының мазмұны мен өзекті зерттеулерін байланыстырады [62].

Бір мезгілде әлемдік қауымдастық алдындағы жаһандық мақсат – жалпы адамзаттық, іргелі құндылықтардан шыға отырып, тәрбиенің міндеті мен басымдылығының иерархиясын анықтау болды. Бұл мынадай мәселелер топтамасының иерархиясы (В.Митер): - басқа адамға, нәсілге, дінге, әлеуметтік құрылысқа, тәрбиенің мұратына толерантты қатынасын тәрбиелеу; - дербес адамгершілік жоғары сапа қасиеттерін тәрбиелеу; - адамдармен басқа нәсіл, тіл, дін, этнос және т.б. өкілдерімен бірге өмір сүру дағдысына тәрбиелеу; - басқа адамға көмектесуге дайындық және рақымдылық сезіміне тәрбиелеу; - әлем үшін тәрбиелеу. Халықаралық ұйымдар (БҰҰ, ЮНЕСКО, Еуропа Кенесі) құжаттарына сәйкес педагогикалық қауымдастықтағы ғалымдар зерттеулерінде тәрбиенің этникалық, көпмәдени, ұлттық түрлері көрініс тапты.

Соның ішінде, 1997 ж. ЮНЕСКО-ның білім беру бойынша Халықаралық комиссиясының баяндамасында тәрбие мен оқыту бір жағынан, адам өзінің тегін жете ұғынуына, екіншіден, өзінің туған, жалпыұлттық және

әлемдік мәдениетін тасымалдаушысы болуына, сол арқылы өзінің әлемдегі орнын анықтауына мүмкіндік туғызуы тиіс деп жарияланды. Құжатта екіжақты міндет белгіленген: өз халқының мәдени байлықтарын өскелең ұрпаққа меңгерту және басқа ұлттардың мәдени құндылықтарына сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу .

Сонымен бірге қазіргі әлемдегі өтіп жатқан объективті үрдістер, адам қызметінің барлық бағыттарын қамтитын ақпарат ағымдарының кеңеюі Қазақстанның ұлттық саясатының мазмұнын анықтауға мықты ықпал етеді. Қазақстанның экономикалық, саяси өркендеуі жастардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін бүкіләлемдік белсендендіруді талап етеді. Қазақстанның экономикалық, саяси өркендеуі жастардың зияткерлік және рухани- шығармашылық әлеуетін бүкіләлемдік белсендендіруді талап етеді.

Қазіргі қоғам парасатты, құзыретті, креативті ойлайтын қасиеттерімен өз тағдырына ғана емес, көпұлтты Қазақстанның өркендеуіне жауапкершілігін жете ұғынатын кемелдеген азамат, патриот тұлғаға мұқтаж. Мұның өзі қазіргі жағдайда болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беруді іске асыру қоғамның оқушы жастардың ұлттық сана-сезімін этникалық және азаматтық сәйкестілік деңгейінде жаңарту сұранысымен ғана емес, олардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін барынша белсенділендіру деңгейінде қайтадан дамытумен айқындалатындығының дәлелі.

Сондықтан көпұлтты Қуатты Күшті Қазақ мемлекетінің жақын болашақта қалыптасуы ұлттық тәрбиенің мәнін өзіне этникалық, көпмәдени және зияткерлік тәрбие, олардың бірлігін, өзара байланысын мен өзара шарттылығын таңдап алған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құраушылары контекстінде кенінен түсінуді талап етеді.

Бұл тұжырым білім мен ақпарат рөлі артқан уақытта қоғамның индустриалдық кезеңнен постиндустралды сатыға

өткен мерзімде ерекше өзекті болады. Тұлғаның зияткерлік әлеуетінің маңызының күшеюі бұл үрдістің табиғи салдары болып табылады да, мұның өзі оның әлеуметтік мәртебесі мен өмірлік болашағын анағұрлым айқындай түседі. Осымен бір мезетте азаматтардың зияткерлік әлеуетінің дамуының жоғары деңгейі мен оны іске асыру мүмкіндіктерінің болуы әлеуметтік жүйенің қалыпты жұмыс істеуінің шарттары болып табылады.

Демек, ұлттық тәрбиенің маңызды құраушысы ретінде болашақ маманның зияткерлік әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін дамытуды оның этникалық және көпмәдени әрекеттестімен бірлікте қарастыру қажет. Ұлттық тәрбиенің мәнін осылайша түсіну қазіргі заманғы, ашық, көпмәдени және полилингвальды әлемде (көпезулік) тұлғаның белсенді және табысты өмір сүруі үшін қажет. Болашақ мамандардың жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ұлттық тәрбие мен білімнің мақсаты болғандықтан, ол «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының этнос қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық құрамдас бөліктері аясында жүзеге асырылуы тиіс [63].

Жоғарыда айтылғандардан мынадай ережелер мен тұжырымдар жасалады:

- Қазіргі заман жағдайында болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің өзекті міндеттерінің бірі олардың жоғары деңгейдегі ұлттық сана - сезімін қалыптастыру болып табылады.

- Болашақ мамандардың жоғары деңгейдегі ұлттық сана - сезімін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құраушылары контекстінде жүзеге асырылуы тиіс: - этнос қалыптастырушы, этникалық сәйкестендіру мен этникалық әлеуметтендіруді дамытуға бағытталған этникалық тәрбие есебінен жүзеге асырылады; - азаматтық, азаматтық сәйкестілікті дамытуға бағытталған көпмәдени тәрбие есебінен іске асырылады;

- жалпыұлттық, болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға бағытталған зияткерлік тәрбие арқылы жүзеге асырылады. Этностық тәрбие болашақ мамандардың этностық сана-сезімін, этностық әлеуметтенуі мен этностық барабарлығын дамытуға бағыттталып, сол арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының этнос қалыптастырушы құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс.

Болашақ мамандарға көпмәдениетті тәрбие беру олардың азаматтық сана- сезімін, азаматтық әлеуметтенуін, азаматтық барабарлығын дамытуға бағыттталып, осы арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының азаматтық құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс. Зияткерлік тәрбие болашақ мамандардың жалпыұлттық сана-сезімін, жалпыұлттық әлеуметтенуін, жалпыұлттық байлығын дамытуға бағыттталып, сол арқылы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жалпыұлттық құрамдас бөлігін іске асыруға септігін тигізуі тиіс [64].

Сәйкесінше:

- болашақ мамандардың этностық сана-сезімі (мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін) «Мен – қазақпын, қазақ халқының өкілімін» бейнесін қалыптастыруға бағыттталуы тиіс;

- азаматтық сана-сезім (мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін де, Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын өзге ұлт өкілдері үшін де) «Мен – Қазақстан республикасының азаматымын» бейнесін қалыптастыруға бағыттталуы тиіс;

- Қазақстанның барша халқының жалпыұлттық сана-сезімі «Мен-біз – бірге – бәсекеге қабілетті зияткер ұлтпыз» бейнесін дамытуға бағыттталуы тиіс.

Аталған нұсқауларға сәйкес:

а) заманауи педагогиканың құрамдас бөлігі ретіндегі ұлттық тәрбиенің мақсаты - ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, патриоттық рухы, тарихи санасы мен әлеуметтік

жадысы, кәсіби біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейлі, мемлекетіміздің тұрақтылығын, тәуелсіздігін, қауіпсіздігін сақтау бойынша белсенді әрі шешуші әрекеттерге даяр, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат құра алатын мамандардың жаңа буынын, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа қол жеткізу оның құрамдас бөліктері ретіндегі этностық, көпмәдениетті және зияткерлік тәрбие арқылы жүзуге асырылуы тиіс.

Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің негізгі міндеттері заман талабына сай келесілер болуы керек:

1. Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне терең бойлау, оның тарих, тіл, салт- дәстүр, өзіндік болмыс сынды маңызды құрамдас бөліктерін зерделеу, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық мүддесін, ұлттық құндылықтары мен құндылықтар бағдарын саналы түрде қабылдау негізінде болашақ мамандардың (ұлттына қарамастан) жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімі мен оның өзегі ретіндегі ұлттық рухты қалыптастыру.

2. Болашақ мамандардың (мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің) ұлттық сана- сезім, жасампаз рух, патриоттық рух, тарихи сана мен әлеуметтік жады дамуының негізі ретінде өз ұлтының түп-тамырларын, туған халқының қалыптасып, даму тарихын терең пайымдауға тәрбиелеу. Осы ретте ұлттың даму тарихы өткен мен бүгін және болашақтың ажырамас бірлігі, өзара байланысы сапасында зерделенеді.

3. Болашақ мамандардың (ұлттына қарамастан) Қазақстан халқының тарихи дамуындағы басты қозғаушы күш, біріктіруші әрі нығайтушы бастама болып табылатын ұлттық рухы мен бірлік рухын дамыту және нығайту (халықтың рухы мықты болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары жоғарылай түседі).

4. Болашақ мамандардың қазақ тілін мемлекеттік тіл, ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі, қазақ халқының, қазақ жерін мекендейтін барша халықтар мен 77 ұлыстардың руханияты мен бірлігінің тұғыры, тұтастай ұлттық рух дамуының негізі ретінде белсенді түрде менгеруге дайындығын дамыту.

5. Қазақ халқының ықпалды дәстүрлерін (қонақжайлық, барша адамдарға деген ықыласты көңіл мен қамқорлық, төзімділік) негізге ала отырып, болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың салт-дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына деген құрмет сезімін дамыту.

6. Болашақ мамандарды (ұлтына қарамастан) өз бойында келесі қасиеттерді саналы түрде қалыптастыруға бейімдеу:

а) жоғары деңгейдегі ұлттық абырой, патриотизм мен азаматтық, төзімділік (толеранттылық) пен гуманизм;

ә) этносаралық, конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбат құруға әзірлік;

б) Мейірімділік, Ақиқат, Сұлулық «мәңгілік» мұраттарын бейнелейтін және жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық орнауына септігін тигізетін, зорлық-зомбылыққа жол бермейтін өмір, еркіндік, ар, сенім, махаббат, бақыт сынды жалпыадамдық тұғырлы құндылықтар бағдарын ұстануға ықыласты болу.

Болашақ мамандардың заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда келесі қасиет - сапаларға ие бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаға деген сұраныстың жоғары болатындығын саналы түрде пайымдап түсінуге бағыттау:

а) өзін жетілдіруге, өздігімен дамуға, өзінің негізгі күшқуатын іске асыруға және өзін танытуға ұмтылыс;

ә) жаңа білім мазмұныны игеріп, тың идеяларды ойлап табуда бастамашылдық таныту және оларды отан игілігі үшін жүзеге асыруға дайын болу.

Осы міндеттерді анықтай отырып, «Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру» Тұжырымдамасының авторлары ұлттық тәрбие мен білім беру қоғамның дамуының табиғи бөлігі деп тұжырымдайды және сондықтан «Болашақ мамандарға ғылыми дәлелденген, дұрыс ұйымдастырылған ұлттық тәрбие оларда қазақ халқының тарихи дамуы барысы деңгейінде ғана емес, тұтас алғанда, Қазақстанның барлық халықтарының даму болашағы деңгейінде ұлттық сананы қалыптастырады» .

Ұлттық тәрбиелік мұрат контекстінде болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беруді өзектендіру. Кез келген қоғам тәрбиелік жүйені құра отырып, мақсатқа бағдарланған үдерісті жасауға талаптанады. Мақсаты - іс-әрекеттің идеалды үлгісінің нәтижесі. Тәрбиенің мақсаты тәрбие үдерісінің нәтижесі туралы алдын ала анықталған түсініктер. Осындай нәтиже тәрбиелік /идеал / мұрат болып табылады.

Бұл адамның өз уақытындағы талаптарға тәуелді өзгертін және толықтырылатын бейнесі, қоғам үшін нақты-тарихи, әлеуметтік-мәдени жағдай басымды маңызға ие. Мұндай идеал білімнің ерекше жоғары мақсатын ұсынады және тәрбие үдерісінің әртүрлі құрауыштарына қатынасы бойынша ықпалдастық қызмет атқарады.

Сондықтан ұлттық тәрбиелік мұрат (идеал) – білімнің жоғары мақсаты, адам туралы адамгершілік (идеалды) түсінік, тәрбие, оқыту мен даму ұлттық өмірдің негізгі субъектілерін күшейтуге бағытталған: мемлекет, отбасы, мектеп, саяси партиялар, діни бірлестіктер және қоғамдық ұйымдар.

Мақсатты адамдар ұсынады, бірақ бұл өз бетімен өтеді деген сөз емес. Керісінше, олар белгілі бір заңдылықтармен дәлелденеді және оған бағынады. Қоғамның дамуының

объективті заңдарын тани отырып, адам өзіне сай келетін мақсаттарын қою мүмкіндігін алады.

Яғни, саналы мақсат жете ұғынылған объективті қажеттілік. Қандай адамды тәрбиелеу керек? Адам қандай болуы керек? Бұл сұрақтар ерте заманнан адамзатты ойландырып келді. Қоғамның даму үдерісінде тәрбиелік идеал мұрат өзінің нақты-тарихи мазмұнымен толықтырылады. Халық ауыз шығармаларында біздер идеалды ізгі жасөспірім туралы әртүрлі халық түсініктерін кездестіреміз (батыр, адал, күшті, қайырымды, патриот, т.б.).

Спартадағы тәрбиелік идеал – тамаша дайындалған әскер, әскери қауымның мүшесі. Сократтың пікірінше, тәрбиенің мақсаты – бұл өзін - өзі тану. Платонның шәкірті Аристотель тәрбиенің мақсаты – жанның жоғары жақтарының – ақыл мен ерік-жігердің дамуы деп есептеген.

Сонымен бірге көп уақытқа дейін тәрбиенің мақсаты адамның алла берген табиғатынан деп түсініліп келді. Бірақ XIX ғасырда философтар тәрбиенің объективті сипатқа ие екенін, қоғамның қажеттіліктерімен, оның экономикалық, саяси, мәдени даму деңгейімен анықталатынын және өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу міндеттерінің қоғамның өзгерісімен өзгертінін дәлелдеді.

Мысалы, феодалдық қоғамның ыдырауы және прогрессивті өндірістік қатынастардың пайда болуы кезеңінде жаңа қоғамның адамы қандай болуы керек деген сұраққа жауап беру қажет болды. Әртүрлі мемлекетте философтар, педагогтар бұл сұраққа өз бетінше жауап берді.

Ағылшын философы Д. Локк тәрбиелік идеал – жоғары білімді адам – джентльмен, іскерлік және кәсіпкерлік қасиеттерін меңгерген, басқа адамдармен қатынаста тәрбиелілігімен ажыратылады деп есептеді. Ресейде Екатерина II басқарған уақытта мемлекеттік қайраткер,

педагог И.И. Бецкой жабық мекемелерде тәрбиеленетін жаңа адамдарды тәрбиелеу бағдарламасын жасады.

Мұндай мекемелер кадет корпусы, бекзат қыздар институты болды. XIX ғасырда ұлттық сана - сезімді қалыптастыру кезеңінде қазақ ағартушылары Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин тәрбиенің мақсатын қоғамның прогрессивті дамуы тұрғысынан қарастырады. Олар идеалды адам – бұл өзінің халқының қоғамдық аман-саулығы туралы ойлайтын азамат деп есептеді.

Тәрбие мақсаттарының ішіндегі жаһандық мақсаты – әр адамның жан-жақты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Тәрбиенің жетілген адам туралы ертедегі – дене әсемдігі мен рухани-адамгершілік құрылымның сәйкестілігін үйлестіру идеясы Ежелгі Грецияда пайда болды. Ол «калокагатия» (грек. kalos – тамаша, әдемі, agathos – мейірімді, адал) деген атқа ие болды, рухани және денеге қатысты әсемдік, әдемілік. Шынында, идеалды адам басшылық жасайтын топтан болуы керек деп есептеді, сондықтан олардың еңбекпен шұғылдануына жол берілмеді. Танымал қытай педагогы Конфуций идеалды адам, қайырымды ер («цзюнь- цзы»), текті жерден шығуы міндетті емес, бірақ ол өзінде жоғары адамгершілік қасиеттерді өзі тәрбиелеуі тиіс деп есептеді.

Мұндай адамға тән белгілер ізгілік, адамға сүйіспеншілік, әділдік, адамгершілік, үлкенді сыйлау және т.б. Конфуций шәкірттерінің өмірден нені қалаймын деген сұрақтарына: «Қариялардың тыныш өмір сүргенін, достардың адал болғанын, ал кішкентайлардың үлкендерге қамқорлық көрсеткенін» қалаймын деп жауап береді («Лунь юй»: путь Учителя, V, 26).

Әртүрлі уақытта «жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға» ұғымы әртүрлі мағынаға ие болды.

Мысалы, Қайта өрлеу дәуірінде педагог-гуманистер өнер, музыка, әдебиеттен ләззат алудың маңызын ерекше

белгілеп көрсетті. Ал социалист-утопистер жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаның идеалына алғаш рет еңбек идеясын енгізді, қоғамның барлық мүшесі қатысуы тиіс болатын еңбекті оқытумен біріктірді. Бұл идеяны диалектикалық материализм өкілдері басқаша қарастырады. Олар жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға идеалын жаңа қоғамды құруымен және адамның өзінің табиғатымен байланыстырады.

Сондықтан жан-жақты дамыған тұлғаның құрамдас бөліктері ретінде ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, дене, эстетикалық тәрбие бөліп көрсетілді. Мұндай тәрбиенің мазмұны интеллектіні, физикалық күштерін дамытуға, еңбекке, адамгершілік - ерік-жігер саласына сұранысын, өмір сүруге дайындығын және әдемілік заңы бойынша жасампаздығын қалыптастыруға бағытталады. Жалпыеуропалық тәрбиелік мұрат жалпыеуропалық мәдениеттің жетістігінде құрылады және индивидтің нышандарын, әлеуеттік мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға бағдарланады.

Бұл бағытты мына формуламен белгілеп көрсетуге болады: «Ия, әркім өздігінен жетілген болады». Бүгінгі уақытта тәрбиенің жаһандық мақсаты - жан-жақты үйлесімді тұлғаны дамыту, заманауи қоғамның жетістігіне қол жеткізуге талпыну бұрынғыдай идеал болып қалады.

Жалпы түрде бұл мақсат тұлғаның жан-жақты дамуына, өзін іс жүзінде көрсетуіне, өзін-өзі танытуына көмектесу ретінде анықталады. Сонымен бірге тәрбиенің мақсаты қоғамның дамуының тарихи кезеңінің ерекшеліктерін ескерумен анықталады және нақты – тарихи сипатқа ие болады.

Сондықтан адамзаттық қоғам тарихында тәрбиелік идеалды қалыптастыру туралы түсініктер қоғамның қажеттілігіне сәйкес, өскелең ұрпақты дайындау талаптарынан және философиялық және психологиялық-

педагогикалық тұжырымдамалар ықпалынан өзгерді. Бүгінде ұлттық тәрбиенің мақсаты Қазақстанның жаңа даму кезеңінде басымды маңызға ие тұлғаның осындай бейнесін қалыптастыру болып табылады.

Яғни, заманауи ұлттық мұрат (идеал) – бұл интеллектуалды дамыған, шығармашыл, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде өзінің тағдырына ғана емес, көпұлтты Қазақстанның болашағына жауапкершілікті жете ұғынатын жоғары деңгейдегі ұлттық саналы рухани-адамгершіл тұлға, азамат және патриот.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін алумен және өзінің әлеуметтік қоғамдағы өзіндік жеке дара субъекті статусын алуымен байланысты қазіргі замандағы жаңа әлеуметтік саяси шындыққа орай оқушыларға отансүйгіштік сезімді тәрбиелеуде, жаңа жолдарды іздеуді талап етеді.

Патриотизм әлеуметтік жауапкершілік мөлшерін, оқушылардың белсенділігін және оның қоғамның әр саласында ат салысуын анықтайтын шама болғандықтан, отансүйгіштік тәрбие оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуын қамтамасыз ететін орта буын болуы қажет.

Жаңа қоғамда остуденттерге отансүйгіштік тәрбие беру жұмыстарын жан – жақты талдау патриотизм мәнін ашып көрсетуде зерттеушілер бұл феноменнің тарихи түбірі біліммен және жеке мемлекеттердің өз жеке–даралығын және ұлттық тәуелсізділігін сақтаудағы күресіне баса назар аударуларын анықтауға мүмкіндік берді.

Бұл жерде патриотизм адамдарда көптеген ғасырларда қалыптасатын аса терең сезім ретінде көрінеді.

Мынадай мәселені айта өткен жөн сияқты, қазіргі уақытта Қазақстанда патриотизмнің белгілі бір концепциялық – құқықтық және белгілі бір деңгейде базасы қаланған. Ол Қазақстан халқының қазіргі уақыттағы күйінің, өмір сүріп отырған ортасының бағытқа,

тұрақтылыққа қол жеткізуге болатын жер екенін сезінуіне байланысты.

Ұрпақ жөнінде едеуір кең көлемді теория ұсынған ғалым - Хосе Ортега-и-Гассет. Оның ойынша, бұқара мен жеке адам арасында ымырашылдық бар: Ортега-и-Гассет қоғамды мырзалар мен бағыныштылар, яки мықтылардың айтқанына көніп, айдағанына жүретіндер деп бөлу көзқарасында тұрғанын ашық мәлімдейді. Адамдар табиғаты жағынан бірдей емес деген байламға келеді [65].

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Тәрбиелік мені де, философиялық салмағы да мол қазақтың осы мақалынан ой тарқатар болсақ, баурындағы балапанына жөн жосық, өнеге көрсете алмаған ата-ана уысынан баланың қалай шығып кеткенін байқамай да қалады. Өмірді көруге, білуге кұштар жас басқа бағытты, басқа құндылықты тез қабылдайды. Сондықтан баланы қадағалап дұрыс тәрбие беру аса маңызды.

Қазақстан Республикасы теуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдер мен жеткіншектердің оқу-тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Осы оқу - тербие ісінің әлі де болса назар аударып, жете карауды қажет ететін салаларының бірі-патриоттық тәрбие.

Сондықтан Қазақстан Республикасындағы көп ұлтты халықтардың патриоттық этностық ерекшіліктерін қамти отырып, олардың барлығына ортақ, ел мен мемлекет теуелсіздігіне игі үрдісін тигізетін, оның болашақ дамуына үлес қосатын қазақстандық идеологияның алғышарттарын түзеу қажет. Әрине осы орайда азшылық ұлттардың да патриоттық тербиеге мүдделігі ескерілуі тиіс.

Мәселен, халықтық педагогиканың озық дестүрлерінің бірі, күшті тербие құралы, мақал – мәтелдермен қанатты сөздердің ең қомақтысы батырлық пен батылдыққа арналған. «Бай болсаң пайдаң халыққа тисін, батыр болсаң найзаң жауға тисін», «Батыл болмай батыр болмайсың»,

«Батыр түсінде жау көреді, балықшы түсінде ау көреді», «Батырға таяқ та – жарак», «Батыр мың қол бастайды, шешен тар жерде сөз бастайды», «Шын батыр сын үстінде танылар» т.б.

Адам тәрбиесі туралы осынау ойлар желісі сонау Тоныкөк пен Күлтегін жазбаларынан бастап, әл-Фараби, Ғаббас Жауһари еңбектеріндегі ой жүйелерімен өрби келіп, Жүсіп Баласұғынның «Құтадғу білік» еңбектерінде тереңдей түссе, Абай осы ғұламалардың педагогикалық ойларын барынша айқындап, мәнін аша түскен".

Ұлылықтың биік деңгейіне көтерілген Абай өзіне дейінгі ғұламалардың еңбектерімен жақсы таныс болып, ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағынан сусындап өсе келе, "толық адамды" сомдаған.

Олай болса, Абайдың тәлімдік ой-пікірлерін сөз еткенде оны халықтық педагогикадан бөліп қарауға болмайды.

«Абайдың тәлім – тәрбиесі өзі өмір сүрген ортасымен етене байланысты. Оның бойындағы барлық асыл қасиеттер - даналық, данышпандық сол ұлттан берілген, сол ұлтынан сіңген қасиет» Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Шоқан Уәлихановтай ұлдарын биік даналық деңгейіне көтеріп, олардың адамгершілік, этикалық талғамын қалыптастыруда жетекші рөл атқарған, қай халықтың да тәрбие дәстүрінен кем түспейтін қазақ этнопедагогикасының құндылығында шек жоқ.

Халықтық педагогика құндылықтары мәселесіне байланысты ой қозғағанда Қорқыттың ұлттық педагогикаға байланысты қағидаларын, Абайдың дана сөздерін, Ы.Алтынсарин мен А.Байтұрсыновтың педагогикалық идеяларына сүйенбей өте алмаймыз.

Қазақ халқының туысқандық, бауырмалдық қасиеті оның жеті атасын білуді талап етеді. "Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елді біледі", - деген халықтың дана сөзі бар.

Сондай - ақ «Қырық рулы елміз, қарға тамырлы қазақпыз»- деген аталы сөз де ежелден бірліктің, бауырмалдықтың белгісін білдіреді.

Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі мұрасына көз жіберсек, отбасына байланысты тұнып тұрған дәстүрдің бар екенін көреміз. ұлттық салттар мен дәстүрлердің, әдеп-ғұрыптардың заманға сай ұрпақтарымызды өркендетер өрнектерін халық жоғары бағалайды.

Сондай ақ халыққа деген ұлтжандылық мәселесі, Отанға деген патриоттық сезім күллі түркі халықтарына ортақ, соның ішінде қазақ халқының да тәлімдік пікірлерінің түп төркіні болып саналар сонау Орхон жазба ескерткіштері, Қорқыт ата кітабынан бастап, орта ғасырлық ойшылдардың еңбектерінің, ақын - жыраулардың поэзиясының Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтай халық ұлдарының шығармаларының өзегі болғандығын байқадық.

Болашақ ұрпақты жылы жүрек, ізгі сезімге , адамгершілікке жетелейтін халқымыздың ғасырлар бойы жинаған мол тәлім тәрбиесінің тәрбиелік мүмкіндіктерін ашуға тырыстық.

Жаңа қоғамның дамуына оқушылардың дүниетанымындағы өзгерістердің мәнін ой елегінен өткізіп, зерделеу теориялық міндеттер тұрғысынан қалай зәру болса, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің бүгінгі жағдайы өмірдің мақсат-мүддесінде сондай маңызды. Қоғам дамуының жаңа арнаға түсуі яғни еліміздің егемендік алуы – тәуелсіздігіміз қаншама құндылықтарға жол себеп болып - салдары түбегейлі өзгерді, мұның өзі оқушыларға патриоттық тәрбие беруде, ой – санасына, өмірлік ұстанымдарына әсер - ықпалы болмай қалғаны жоқ.

Біздің жоғарыда келтірілген ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйене отырып патриотизмге тәрбиелеуді халықтық педагогика негізінде патриоттық

тәрбие беруді ескере отырып, бүгінгі Қазақстан мектептері мен басқада оқу орындарындағы патриоттық тәлім-тәрбие жұмыстарынан келіп шыққан тарихи педагогикалық тәжірибелерге табан тіреген патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын теориялық жақтан негіздеп ұсынамыз.

Сондықтан патриоттық сананың белсенділігі, оның жанданып тұратын функциясы көп жағдайда қазақстандық патриоттық тәрбиеге байланысты. Қазақстандық патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты - жеке адамның, ұмтылуын анықтайтын моралдық-саяси, кәсіби және дене күші қасиеттерін қалыптастыру. Қазақстандық патриоттық тәрбие жүйесі жеке адамдардың нақты экономикалық, әлеуметтік-саяси адамгершілік, эстетикалық және басқа құндылықтарды игеруіне, оларды сенімдеріне айналдыруына, сөйте тұрып оларда Отанды дамытуға деген белсенді де жағымды қатынас қалыптастыруға арналған.

Адам меңгерген әлеуметтік және ұлттық құндылықтар рухани мықтылықтың, батылдық пен ерліктің көзі болып табылады. Отан алдындағы парызды орындау жолындағы қиындықтарды жеңуге жәрдемдесетін қасиеттер мен ерекшеліктерге айналды.

Рухани - адамгершілік құндылықтардың қалыптасуының түп негізі мен қозғаушы күшінің себебін анықтау – бүгінгі жоғарғы оқу орындары тәрбиесінің өзекті мәселесі. Олай болса, бүгінгі орта мектептерде жүргізілетін тәрбиенің негізгі мақсаты да оқушылардың ұлттық ерекшеліктеріне қарай құндылықтар маңызын санасына сіңіріп, осыған байланысты тәрбие түрлерін анықтау.

Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі ізгілікті, ақылды, адамгершілік, парасаттылықтың міндеттерін ажырата біліп өзіне тандау жасауы. Яғни рухани-адамгершілік құндылық-адамдық қасиетінің өлшемі - оның жақсылыққа талпынуы, өзге адамға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымды, өмір сүруге ұмтылысы,

өмір сүру мәселелері жайында іздену, өзін-өзі танып сол арқылы дүниені-әлемді тануы.

Құндықтың өзегі - адам тәрбиесі. Адам өзі өмір сүріп отырған жерінде халықтың ұлттық құндылықтарын білуі шарт. Ұлттық құндылық дегеніміз - белгілі халыққа тән мінез-құлық, дүние - таным, рухани жан дүниесінің еркеше жанып тұрған өзегі.

Сондай - ақ соңғы жыдардағы педагогикалық зерттеулерде оқушыларға патриоттыққа тәрбиелеудің теориялық тұстарының ескерілмей келгені де байқалады.

Міне осы проблемалардың бәрі патриоттық тәрбие мәселелерінің белсендігін көрсетеді.

Философия ғылымының кандидаты Қ.Н.Менлібаев көзқарасы бойынша Қазақстандық патриотизм бір мезгілде қоршаған ортадағы шындыққа сын көзбен қарап, Қазақстанның гүлденуіне кедергі болатындардың барлығынан сүренбей өтуі. Ол қазақ жерінің мәдени жетістіктерін, біздің еліміздің табиғат байлығын сақтамай, тарихи ескерткіштерін күтпей, Отан және Отандастар алдындағы өз парызын түсінбей мүмкін болмайды. Қазақстандық патриотизмнің сипаттары-көршілес халықтармен республиканың азаматтарының бейбіт келісімі және Қазақстан мемлекетінің сыртқы интеграциялық саясаты[66].

Қазақстандық патриотизм қазақстандықтардың өз кемшіліктерін және жетіспеушіліктерін жеңе білмей құрылуы мүмкін емес. Қазақстандық қай ұлт өкілі болмасын іштей еркін болып, мемлекет мәселелерімен біріге отырып, өзінің еркін әрекетін істеу қажет [67].

Сондай ақ көпшілік ұлттың көңілдегі топтасқан және басымдылық, агрессиялық ойдан алыс болуы тиіс. Республика азаматы белгілі бір ұлт сезімі деңгейін түсіне біліп, белгілі бір сәттегі топ көңіл күйіне қарсы тұратын рухты қасиетті тәрбиелеу тиіс. Өз тандауы тек өз ұлтының

алдында ғана емес, сондай ақ құқығы тең қазақстандық әр бір ұлт өкілі алдындағы әлеуметтік жауапкершілігі үшін жауапты

Әрбір қоғамның, әрбір отбасының ертеңгі келбегі ондағы жастардың қалай өсіп ержетуіне тікелей байланысты. Сондықтан, бұл мәселеге ерекше мән беру тұрмыстық-әлеуметтік көзқарас қана емес, саяси салмағы бар үлкен міндеттердің бірі деп атасақ артық айтқандық емес. Қазақ халқы ежелден «ат тұяғын тай басар» дегендей жастарының болашағына бей-жай қараған жоқ. Сондықтан да ата-баба мирас еткен намыстылық, имандылық, отанды сүю, ынтымақпен бірлікті берік сақтау процесі әсіреген жоқ, қайта жарқырап, одан әрі жалғасын тауып отырады .

Осы пікірлердің қай – қайсысын алып қарасаңызда отаншылдық желкенін айқын байқайсыз. Ол 90 жылдары ел өміріндегі қоғамды жайлаған қоғамдық – рухани саладағы бей-берекетшілдік, ұлттық сана – сезімді улауға деген процес соның зардабын тартқан халық тірлігі сол кемшілікті жоюға және қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға деген талпыныс көрсетті.

Бұл жерде мәселе, «Біртұтас ұлтты қалыптастырудағы эволюцияның» бүгінгі Қазақстан үшін сабақ алар тұстары көп. Қазақстанда тұрып жатқан алуан – түрлі ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген ризашылығы соңғы жылдары жиі айтылуда. Бұлай болудың себебі, біріншіден, экономикамыздың дамуы, жағдайдың жақсаруына байланысты, екіншіден олардың біразы тарихи отанында өзін Қазақстандағыдай еркін сезіне алмай, өгей баланың күнін кешеді.

Бұған кеше ғана Ресейге, Германияға көшіп кетіп, қайта оралған жерлестеріміздің басынан кешкен оқиғалары куә. Бүгінгі таңда сырттан келгеннің бәрін жаңалық ретінде талғаусыз қабылдай бермей, өзіміздің алтынға

айырбастамас ұлттық қасиетімізді сақтап қалуға тырысуымыз керек.

Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жетсе өледі,- дегендей қазақ халқының осы уақытқа дейін ұлт ретінде сақталып келе жатуының құпиясы ұлттық болмысымызда. Ұлттық болмыстың жебеушісі – сабырлық пен ертеңгі күнге сенімнің жоғалмауында ұлттық тәрбиенің өзіндік ықпалының болуында. Бұл ұлттық болмысты неге тереңдете зерттеп зерделемеке.

Қазақ халқы осыған дейін өз қолымен жасаған көптеген құнды дүниесінен заманның өзгеруіне байланысты алыстап қалған секілді. Әр нәрсенің көзден кетсе, көңілден ұмыт болатыны секілді, өткенді түбегейлі жойып, жаңа өмір орнату деген желеумен туған дәстүрді қолдан аластаудың нәтижесінде қазір шыққан тегімізді жатсыну құбылысы көрініс бере бастағаны жасырын емес.

Бұл да тарихи кезеңнің зобалаңынан кейінгі салдар. Ұш ғасырға созылған бодандықтан бойымыздан өтіп, болмысымызға салған бүліншілігі.

Тағдыры талқыға түскен оқ пен оттың арасындағы талай-талай сын сәттерден аман өтіп, өз болмысынан жаңылмай, өмірдің мәні мен мағынасынан ұрпағына өсиет ете білді, осыншама уақыттағы зобалаңнан кейін де барынан айырылмай, керісінше бүтін болмысын сақтай отырып, талмас төзімінің арқасында мәңгілік арман – тәуелсіздікке қол жеткізді.

Мұны рухтың ұлылығы демегенде қалай атауға болады. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде енеге етер үлгіміз де, ұлттық мақтанышымыз да осы текті рухымыз.

Жастардың бойындағы білім мен тәрбиесі жақсы болған үстіне жақсы бола түссе, оған шек қойылмайды, ал жат қылықтар бел алар болса, ол әрине қауіпті.

Ұлттық және жалпы қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде қазіргі қоғамда демократиялық

өзгерістерге орай жаңаша патриоттық мазмұн, оқушылардың рухани азығына айналып отыр.

Бір ғасырға жуық уақыт кеңестік орталықтандырылған тоталитарлық жүйеде моноидеологияның объектісіне айналған халықтың ой санасын түбегейлі өзгерту онай шаруа емес екендігін ескерсек, міне осынау қыруар жұмысты әсіресе, студент қауымының өлшеусіз үлес қосқанын айтып кету керек.

Жастар бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс аға буындарының ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет.

Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануы тиіс.

Осы кезде патриотизм мәселесі шоғырының оң шешімі болар еді. Сонымен қатар жастарда қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселесінде оң ықпалын туғызар еді деп ойлаймыз.

Осындай шараларды қолға алмасақ қазақстандық патриотизмнің қозғаушы күші болып табылатын заңдар өзінен өзі жүзеге аспайды. Сондықтанда үкімет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылданып отырса. Олар мерзімді баспасөздерде толығымен жарияланып тұрса. Сол қабылданған бағдарламалардың жүзеге асуы қалай деген мәселе басылым беттерінен көрініп тұрса. Қазақстандық патриотизм қалыптастырудағы оң шешім болар еді.

Біздің көзқарасымызша мұндай позиция «Шынайы патриотизм» түсінігі мәнін ашып көрсеткендей болуы керек. Бұл жерде ненің дұрыс ненің бұрыс екенін бүкіл әлемдегі достықта емес, одан жоғары қарау позициясын анық байқалады. Жоғардағы айтылғанды ескере отырып, мынаны атап өткіміз келеді: біз өз зерттеуімізде біз ұлы

державалық патриотизм идеясын үгіттеушілердің позицияларын мақұлдаймыз.

Патриоттық сезімге - келтірілген киелі ұғымдармен байланысты қуаныш, мақтаныш, күйіну, сүйіну секілді т.б. эмоция спектрлеріне қозғау салу, ояту, дамыту, қалыптастыру мәселерін шешуді де көздейді. Патриоттық сезім - жоғарғы сезімдер тобына кіреді деген пікірдеміз.

Өйткені ол «қоғамдық мәнді және жеке көңіл күйге байланысты моралдық сезімдерге қатысты болып келеді», ол сананың желілуімен тығыз байланысты дамиды.

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттер, құлықтылық (моральдық тәлім-тәрбие) үлгілері бар. Сондықтан да әрбір жана ұрпақ үшін мәнді тәрбие-ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады.

Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін замандар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен құлықтылық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір – салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Ұлттық тәрбие-адам өмірінің алтын арқауы. Ұлттық тәрбие жалпы – адамзаттық рухани құндылықтарды жоққа шығармайды, қайта солармен үндесіп жатады. Бұлар бірін – бірі байытып, құнарландырып отырады.

Ұлттық тәрбиеден тереңдеп нәр алған адам - рухани бай адам. Ондай адам жалпы адамзаттық тұрғыдан мәдени және рухани құндылықтарды бойына тезірек сіңіреді, сөйтіп, толық әрі кәміл адам дәрежесіне тезірек жетеді. Ұлттық менталитет-тұнып тұрған рухани қазына. Халықтың тілі мен мәдениеті болсын, салт – дәстүрі мен наным – сенімі болсын - мұның бері де әрбір халық үшін

асыл да қымбатты рухани дүниелер. Әсіресе, наным – сенімнің әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше.

Ұлттық тәлім-тәрбиенің дамуы мен қалыптасуына үлкен үлес қосқан қазақтың көптеген зиялы оқымыстылары жеке басқа табынудың құрбаны болды, қудалауға түсті. Мұның өзі ұлт мәдениетінің өсуін үлкен тежелуге әкеліп соқтырды. Халық педагогикасы жөнінде ғылыми-зерттеулер жүргізуге шек қойылды. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу, өмірге енгізу санадағы ескінің сарқыншағы деп бағаланды.

Халықтық дәстүрлер өзінің қоғамдық мәнін жойып, отбасылық мәнге ғана ие болды. Оның өзі бертін келе, мектеп, жоғарғы оқу орындарының тәрбие жұмыстарының негіздеріне кірді. Тәрбиелік жұмыстар коммунистік идеологияға негізделіп, оқу-тәрбие жұмыстары негізінен орыс тілінде жүргізілуіне байланысты қазақ тілі біртіндеп өмірден шеттеле бастады.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар орыс тілінің аудармасы негізінде пайдаланылып, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді. Жастарға жан-жақты тәрбие беруде үлкен жауапкершілікті мойындарына алған студент жастар ұйымдары негізінен коммунистік тәрбие принциптеріне сүйенеді.

Оқу-тәрбие жұмысының бағдарламалары, әдістемелік нұсқаулар ұлттық тәлім-тәрбиенің ерекшеліктерімен санаспады. Ұлттық тәрбиедегі ұрпақ сабақтастығы сақталмады.

Қазақстан жағдайында осыған орай кейбір мәселелердің басын ашып алмай тұрып патриоттық тәрбиені дұрыс жолға қою мүмкін емес екені анық. Республикамыз бір саяси құрылымнан екіншісіне ауысып, басқару жүйесі жаңа сападағы қарым - қатынасқа бет бұрған өтпелі кезеңде Қазақ халықтық педагогика негізінде оқушыларға патриоттық тәрбие беру жұмыстары дағдарысқа ұшырағаны белгілі. Бұндай жағдайда заман

ағымына қарата пайда болған тың ұғымдарды айқындап, оларға анықтама беру қажеттігі туындады.

Ұғымдар, түсініктер, ереже, қағидалар арқылы оқушылар санасында білім қалыптасып, ол өз кезегінде оның іс-әрекетіне бағыт береді. Біздің пайымдауымызша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар – «ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм». Ұғым дегеніміз - заттар мен құбылыстардың жалпы айырмашылықтарын белгілерінің жиынтығы негізінде ой жүргізу. Ұғым бір сөзден тұратын термин, не болмаса сөз тіркестерімен белгіленеді. Ол ғылыми және практикалық білімдерді қалыптастыруда қолданылады. Ұғымдар негізінде пікір, ой-тұжырымдар қалыптасып, ой-қортындылар мен пайымдаулар жасалады.

Олай болса бұл жерде ұлттық патриотизм ерекшеліктері және қазақстандық патриотизм ерекшеліктері ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлке, туған халық туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек.

Ал түсінік дегеніміз бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп «Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт -дәстүрді ұстану мен мемлекет реміздеріне құрмет қалыптастыру секілді т.б. тәлім –тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп біз еңбегіміздің осы бөлімінде педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын жазушылардың ой - пікірлеріне сүйене отырып, «Ұлттық патриотизм ерекшеліктері» мен «Қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылдық.

Сондай - ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету студенттерді тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр. Атап айтсақ «ұлттық патриотизм ерекшеліктерінен» қажеттігінен туындап отыр.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда салт-дәстүрлердің атқаратын орны ерекше. Ұлттық патриотизм дегеніміз - ең алдымен қазақ халқына сүйіспеншілікпен қарау, оның ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан құндылықтарын бойына сіңіру. Тереңірек пайымдасақ, мұның өзі ұлттарды ұлылауға бағытталып, ілгеріде жүргізілген кереғар ұлт саясатының кесірінен ұмтылып қалған дәстүрлердің жаңғаруы ұлттық патриотизмін күшейте түсіру.

Халық зердесінде өткен замандардың өшіп қалған материалдық, рухани мәдениетін, озық дәстүрін жаңғарту, оның ұлттық ойындардың бүкіл байлығы мен қазынасын қалпына келтіру арқылы патриоттық сезім жаңа сипат алады.

Ұлттық ойындарымен айналысу жеке адамның, ұжымның санасында ұлттық психологияны қалыптастыру, демек олардың белгілі бір халықтық бөлшегі екендігін, түп-тамыры сол халықта, сол Отанда жатқандығын сезіну деген сөз.

Ұлтының наным-сенімдеріне, саяси көзқарастыры мен ұстанған бағыт-бағдарын, ұлттың әрбір азаматы өзі өмір сүріп отырған ұлтының ерекшеліктерін танып біліуі керек. Ұлттың салт-дәстүріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, дінін сыйлау, жетістіктеріне шаттану - ұлттың әрбір өкілінің азаматтық борышы. Біздің зерттеуімізде көтеріліп отырған ұлттық патриотизм ерекшеліктері оқушылардың өз ұлтының тарихы мен географиясымен, ұлттық батырлары мен бір - туар тұлғаларының ерлік істерін білуі.

Тамырын халық педагогикасынан алып, барлық салада зерттеліп, ғылыми алғышарттарға лайықты өз құндылықтарымен танылған қазақ халықтықтық педагогикасы жоғары оқу орындарында студенттерге халықтықтық педагогикалық білім беру ісінің басты құралы болуда. Қазақ халықтықтық педагогика оқу құралдары, оны

оқыту бағдарламалары түзіліп, қазақ халықтық педагогикасын оқытудың әдістемесі жасалып, барлық жоғарғы оқу орындарында халықтық педагогика білім беруге негіз болып қолданылуда.

Ұлттық патриотизм тәрбиесі деген термин барлық ұлтқа байланысты айтылатын ұғым. Өйткені қандай ұлт болса да тәрбиесін өз тілінде, ұлттық тәлім-тәрбиелік тәжірибелерге байланысты жүргізеді

Ұлттық қасиеттерімізді ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды.

Жалпы, жастардың рухани болмысы мен азаматтық бейнесін қалыптастыруда халықтық педагогиканың орнын еш нәрсемен алмастыруға болмайды. Өйткені ол – ұлт болып қалыптасқан елдің ғасырлар бойы елегінен өтіп сұрыпталған даналық жиынтығы. Өйткені ол – ұрпаққа руханилықты, адамгершілікті, имандылықты дарытудың бірден-бір төте жолы.

Сондай-ақ - ұлттық тіл мен діл, дамытудың және ұрпақ сабақтастығын ұштастыра жалғастырудың жалғыз құралы. Сондықтан ол – қазіргі кезеңдегі желікпей заманның селдей екпіндеген зиянды жат әдеттерден сақтайтын ең сенімді жолы және ұлтымыздың әлемдік өркениет төрінен лайықты орын алудың қайталанбас қазынасы. Адам әрине кез – келген мәдениеттің жақсы мен жаманын ажырату үшін алдымен ұлттық мәдениеттен қол үзбеу және білім бере отыра тәрбиелеу – басты міндет болуы керек.

Жалпы қазақтың халықтық педагогика құндылықтарын, қазақ ойшылдары мен ағартушыларының, ақын жыраулардың ғұлама – ғалымдардың тағылымдық мұраларын зерттеу олардың студенттерді патриоттылыққа тәрбиелеудегі мүмкіндіктерінің мол екендігіне көз жеткіздік.

Тәрбие ісі тәрбиеленушіге белгілі бір бағытта мақсатты және жүйелі әсер етіп, белгілі бір көзқарас, мінез-құлық,

адамдық тәртіп, дағды мен машық түрінде бірлесе ғана жемісті болмақ.

Бұдан шығатын қорытынды жеке адамды патриоттылыққа тәрбиелеуде оның замандастарының ұлттық-психологиялық ерекшеліктері ғана емес, ғасырлар бұрын өткен алдыңғы ұрпақтардың мұралары, яғни ұлттық педагогикалық құндылықтар да әсер етеді. Ұлттық педагогикалық мұраларды жеке адам белгілі бір қоғамдық ортада алған тәрбиесіне қарай меңгереді.

Тұтастай алғанда, студенттерге патриоттық тәрбие беру проблемасы, оның ішінде, жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің патриоттық тәрбие проблемасы жан-жақты қарастырылып және жоғарғы оқу орындарындағы білім беру процесі жүйесіне оңды өзгерістер енгізу үшін қажетті мәселе деп есептейміз.

Кез келген ғылым – зерттеу жұмысы дайын тұрған, болмаса бір нәрсені қосып, алып тастаудан туындайтын зат емес. Сондықтан ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесін алдын ала жобалау, яғни зерттеу жұмысымыздың орындалу барысындағы әдіс-тәсілдерді іске асыру үшін нәтижелі, практикалық пайдасын болжамдаймыз.

Қоғамдағы болып жатқан құбылыстарды қабылдау арқылы өзінің ойлау қабілеті, санасы, мінез-құлқының және басқа да қасиеттерінің реттелуіне жол береді. Сондықтан да тұлғаның қалыптасуына және дамуына бірден-бір ықпал етуші-қоғам.

Тұлға өзінің көздеген міндетін шешу арқылы қоғамдық мүддені де шешеді. Сол себепті тұлға мен қоғам бір-бірімен тығыз байланысты. Қоғамда болып жатқан құбылыстардың барлығы адамдардың қатысуы салдарынан пайда болады. Адамның қалыптасуына қоғам әсері қандай болса, қоғамдағы болатын және болып жатқан құбылыстарға адамның да әсері сондай.

Тұлға–сан қырлы, мазмұны да, табиғаты да күрделі, құпиясы мол әлеуметтік ұғым. Оның жан-жүйесі, сана-сезімінің дамуы айналасы мен қоғамдық өмірге тәуелді. Осындай жағдайда оның дүниетанымы мен сенімі, арманы мен тағлымы, кісілігі қалыптасады. Яғни, белгілі ұлт пен ұлыстың ділінен, дәстүр-салт, жол-жоралығыларынан жеке-дара ұғыну ерекшеліктері қалыптасады.

Ұлтжанды тұлға жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс-әрекеті мен мінез-құлқымен, білімімен өз халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы керек. Ол үшін ата-бабалардың тарихы мен шежіресін біліп, оларды талдап, зерттеп, аталас ағайындардың аты-жөнін жүйелеп, оларды саусақпен санағандай ажырата білуі тиіс. Өз елінің ұлтжанды тұлғасы болғысы келетін жас ұрпақ алдымен өзінің әкесі мен шешесін, бауырлары мен туған-туыстарын қастерлеп, қадір тұтуы тиіс. Әке-шешесін сыйламаған, жақын-бауырларын сүймеген адамнан нағыз ұлтжанды адам шығуы қиын.

Мұндай адам есейе келе туған халқы мен ел-жұртын, атамекенін шын көңілімен сүймейтін болады. «Ұлттық тұлға» ұғымына ең бірінші анықтаманы берген профессор К.А. Оразбекова.

Ғалымның пікірі бойынша, «Ұлттық тұлға» белгілі тілі, діні, мәдениеті, салт-санасы қалыптасқан ортада жеке адамға тән қасиеттермен өз ұлтының, халқының тұрмыс-тіршілігін бойына сіңіріп, ұлттық намыс, талғам және ұлттық сана белгілерін өз бойында тұтастай көрсетіп, ең жоғарғы рухани деңгейде дамыған адам [68].

Біз зерттеу жұмысымызда жеке тұлғаның өзіндік мінез - құлқымен оның жеке психологиялық ерекшеліктерін, көптеген басқа да әлеуметтік факторлардың ықпалын ескере отырып, жеке тұлғаның бойында патриоттық сезімді

калыптастырудың негізі ретінде оқыту – тәрбиелеу аясында бөліп қарастырып отырмыз.

Патриоттық тәрбие негізін дамытудың мәні жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көрсететін және қалыптастыратын идеялық-адамгершілік, моральдық еріктілік, еңбек және дене сапаларын тәрбиелеудегі ішкі байланыстарды анықтау және саралау болып табылады. Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеуде қоғамымызда атқарылып жатқан шаралардың бәрі олардың белсенділігінің айғағы болып табылады. Елінің егемендігін, тәуелсіздігін қорғай алатын, қазақстанды өркендететін, ұлттық рухты, ұлттық тәрбиені бойына қалыптастырған, ел үшін намысшыл, нағыз патриоттар болу үшін қоғамдағы жастарымыз, еңбекке және білімде өздерін жоғары көрсете білуі тиіс деп ойлаймыз.

Бұл істердің жүзеге асуы оқытушылардың оқу-тәрбие жұмысына шығармашылық көзқарас тұрғысынан келуімен тығыз байланысты. Қазақстан жағдайындағы отансүйгіштік тәрбие оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының бірлігінде, оқушылардың дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, тәрбие әдістерін және тәрбие ісі жіктемесін мақсатты түрде тандап, олардың үздіксіз өзгеруі мен күрделенуінің, көп түрлі болуының нәтижесінде ғана жүзеге аспақ.

Ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әрбір оқытушы өз тәрбие жұмысының негізгі мақсатын от жүрегі Отан деп соғатын жастар тәрбиелеу деп алса, ұлт болашағына, ел тыныштығына сеніммен қарауға болады.

Сонымен, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненті болып табылады. Тәрбиенің күрделі процесінің маңызды бір қыры оқушылардың патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс.

Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің сұраныстарына ғана емес, әрбір оқушының дара тұлғалық дамуына бағытталған педагогика ғылымының қазіргі бағыттарына да сәйкес келуі қажет.

Өйткені отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына, өзін онымен байланысты сезінуіне мүмкіндік береді, ал бұл болса, оның өмірде өзіне сенімді болуына, рухани және адамгершілік құндылықтарының артуына септігін тигізеді.

Халқымыздың дәстүрлері арқылы жастарға патриоттық тәрбие қалыптастырудың нәтижелі болуы жастардың осы бағыттағы алған этно-білімдері мен әдістемелік дайындықтарының деңгейіне тікелей байланысты. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін жастар тәрбиесіне пайдалануға даярлықтың төмендігі, жастарды патриотизмге тәрбиелеуде қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін пайдалану үшін оқушыларды оқу-тәрбие процессінде даярлау мақсатында білім беру орындарында қалыптастыру экспериментін жүргізу қажеттігі туындайды.

Халықтық педагогикада ұлттық дәстүрлерін пайдалануға студенттердің теориялық және практикалық даярлықтарын қамтамасыз ету.

Соның негізінде қазіргі жоғары оқу орындарына қойылып отырған талаптарға сай студент жастардың оқу-тәрбие процессінде қазақтың ұлттық салт-дәстүрлерін нәтижелі пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Бұл көкейкесті мәселені тәрбиеге енгізу тек біз ұстанып отырған «Мәңгілік ел –патриот жастары» атты факультативті курсы арқылы жүзеге асыруға болады, - деп ойлаймыз.

1 кесте  
 «Мәңгілік ел –патриот жастары» атты факультативті  
 курс жоспары

№	Тақырыптар аттары	Дәріс	Семинар	СОӨЖ	Жетекші
1	Мәңгілік –ел жастары салауатты ұлттың қалыптасу негізі	1	1	1	Топ кураторы
2	Қазіргі қоғамдағы «Интеллектуальды ұлт -2020»	1	1	1	Топ кураторы
3	Студент жастардың патриоттық тәрбиесі ұлттық идеяның маңызды құрамдас бөлігі	1	1	1	Топ кураторы
	Барлығы	3	3	3	

Жастар денсаулығы – қазіргі қоғамның аса маңызды құндылығы. Әр адамның денсаулығы жеке адам құндылығы ғана емес, ол әлеуметтік, қоғамдық құндылық болып табылады. Мықты денсаулықты сақтауға ықыластану – адамның толыққанды өмір сүруінің, жоғары шығармашылық белсенділігінің, еңбекке жарамдылығы мен бақытты болуының қажетті шарты, маңызды әлеуметтік қажеттілігі. Денсаулық – бұл табиғаттың адамға берген үлкен сыйы, оны сатып ала алмайсың, ауыстыра алмайсың, оны қорғау, жақсарту және нығайту қажет.

Бірақ адам денсаулықты болмыс ретінде қарастырғандықтан, бұл ұғымның ежелгі уақыттан нақты анықтамасы болмаған. Бүгінгі таңға дейін кеңінен таралған анықтамалар мыналар болып табылады: - аурудың болмауы; - қарама-қарсы бағытталған күштердің үйлесімділігі; - физикалық, рухани, ақыл-ой және әлеуметтік тұрғыдан ойдағыдай толық күйдің болуы; - адамның өзінің дербестігін игеруі; - негізгі әлеуметтік қызметтерді орындауға толыққанды қабілеттілік [69].

Үлкен медициналық энциклопедия денсаулықты «адам ағзасының барлық мүшелері мен жүйелерінің сыртқы ортамен теңестірілген және қандай да бір аурулық өзгерістерінің болмауы» ретінде анықтайды [70].

Дүние жүзілік денсаулық сақтау ұйымының негізгі материалдарында (ДДСҰ) денсаулық аурудың немесе дене кемтарлығының жай ғана жоқ болуы емес, физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан ойдағыдай толық күй ретінде анықталады.

Денсаулық өзгеше және маңызды жақтарын қысқа әрі біржақты сипаттауға болмайтын аса күрделі құбылыс. Бұл феноменді анықтау тәсілдерінің көптүрлілігі оның әлеуметтік және қоғамдық құндылығы халықта қалыптасқан «ең бастысы – денсаулық», «денсаулық – бұл барлығы емес, бірақ барлығы денсаулықсыз түк те емес» деген ақиқаттар ретінде дәлелдейді.

Ғылыми-педагогикалық, психологиялық және медициналық әдебиеттерді талдау нәтижесі денсаулықты бірнеше аспектіде қарастыруға болатындығын көрсетеді: физикалық денсаулық, психикалық денсаулық, адамгершілік денсаулық, әлеуметтік денсаулық және т.б. Адамның физикалық денсаулығы оның ағзасындағы барлық мүшелердің үйлесімді қызмет атқаруымен, тұрақты қорғаныс жүйесінің жұмысымен, дене және ақыл еңбегімен

айналысуға қажетті күш-қуаттың жеткіліктілігімен сипатталатын организмнің табиғи жағдайы ретінде қарастырылады.

Адамның психикалық денсаулығы ойлау сапасы мен деңгейін, зейін, есте сақтау және ерік-жігердің дамығандығымен, кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдап және оларды талдап бағалай алуын сипаттайтын адам миының дұрыс қызмет атқара алу қабілеті ретінде қарастырылады. Адамның адамгершілік денсаулығы оның әлеуметтік өмірінің негізі болып табылатын, ақиқат шындықты іздегенде басымдықтарын дұрыс қоюға көмектесетін, еңбекке, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениетке, рухани байлыққа саналы және құнды қатынасын айқындайтын, қалыпты өмір сүруге қарама-қайшы келетін әдет-ғұрып пен дағдыларды белсенді түрде қабылдамайтын адамгершілік қағидаларымен анықталады. Эмоционалды денсаулық адам азғасының ішкі күйімен, эмоционалды тұрақтылық дәрежесімен, оның жеке күйзелісі мен айналадағыларға деген сезімталдығымен, басқа адамға қолдау көрсетуге талпынуымен сипатталады.

Адамның эмоционалды денсаулығы – бұл өзінің эмоциясын дұрыс түсінуді және моторлы, биохимиялық, вегето-тамырлы, мимика, жест және т.б. сырттан байқалатын эмоцияны басқаруды, өзін қабылдауды қамтамасыз ететін күй. Адамның әлеуметтік денсаулығы тұлғаның адамзат қауымымен жағымды қарым-қатынас орната білуі, қоғамның басқа мүшелерімен өзара әрекеттесу қабілетін анықтайтын күйі. Тұлғаның түрлі әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға мақсатқа бағытталған тәрбие үрдісі, сонымен бірге әлеуметтену үрдісінің сан алуан аспектілері әсер етеді. Отбасындағы тәрбие, ата-анамен, достарымен, құрдастарымен, көршілерімен, таныс емес адамдармен қарым-қатынасы және т.б. маңызды рөл атқарады.

Денсаулықтың ұсынылған түрлері бірегей және тұтас ағзаның құрылымдық элементтері болғандықтан, шартты түрде жүйеленгенін ескерту қажет. Адам ағзасы иерархиялық ұйымдастырылған қосымша жүйелерден (нерв, қан, лимфа, тыныс алу, эндокриндік, ас қорыту, тірек-қимыл және басқа жүйелер) тұратын, құрылысы мен атқаратын қызметінің жалпылығын біріктіретін тұтас күрделі жүйені құрайды.

Бірақ соған қарамастан, денсаулық түрінің біреуінің болмауы не-месе жарым-жартылай қызмет атқаруы басқа түрінің қызметін түбегейлі өзгертеді немесе оның тіршілік ету құндылығын жояды. Осылармен қатар ағзаның тұтас қызмет атқаруы ортамен өзара әрекетсіз мүмкін емес, өзінің тіршілігі және дамуы үшін орта факторларын қолданады. Адаммен ортаның байланысын И.П.Павлов нақты: «адам – жердегі табиғаттың жоғарғы өнімі, табиғат байлығымен ләззаттану үшін адамның дені сау, күшті және ақылды болуы тиіс», - деп белгілеп көрсетеді.

Мысалы, тұлғаның психикалық қасиеттері мен сапалары қоғамдық қатынастан тыс өмір сүрмейді. Мұнда адамды биологиялық және әлеуметтік тіршілік иесі ретінде қарастырудың екі тәсілі тоғысады. Биологиялық және әлеуметтік тіршілік иесі ретінде адам үнемі социумның ықпалын сезінеді және оған жауап береді. Бұл әсер жағымды да жағымсыз да болуы мүмкін. Социумның адамға жағымды әсері денсаулықтың барлық түрлерінің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызады, толыққанды әлеуметтік және тұлғалық өсуіне мүмкіндік береді.

Ал қоршаған ортаның адамға жағымсыз ықпал етуі, жағымсыз тәрбие тұлғада деградация (кері кету, азу), фрустрация тудыруы мүмкін, осындай әсердің пайда болуы адам ағзасының әлсіреуіне және ауруына алып келеді. Ғылыми-педагогикалық, психологиялық және медициналық әдебиеттерді, басылымдар мен БАҚ материалдарын талдау

әлемдік деңгейде адамның денсаулығының төмендеу тенденциясын көрсетеді. Әрбір адам өз денсаулығына өзі жауапты екендігі белгілі.

Бірақ шынайы өмірде бұның керісінше көріністері көп байқалады. Әсіресе жеткіншектер мен жастар арасында аса маңызды құндылық ретіндегі денсаулыққа жауапкершіліксіз қатынас көп байқалады.

Сондықтан соңғы уақытта жастардың салауатты өмір сүру мәселесіне, қоғамның жоғары мектепті бітіруші мамандардың денсаулығына, олардың кәсіби дайындық үрдісінде аурулардың көбеюіне, еңбек саласындағы жұмыс істеу қабілеттерінің төмендігіне ерекше назар аударылуда.

Салауатты өмір салты келесі негізгі элементтерді қамтиды: еңбек тәртібі мен демалыс, зиянды әдеттерді жою, қолайлы қозғалыс тәртібі, жеке бастың гигиенасы, шынығу, тиімді тамақтану және т.б.

Демек, әрбір адам үшін құндылықтардың иерархиялық жүйесінің жоғары баспалдағынан орын алатын денсаулық табиғи өмірлік құндылық болып табылады. Сондықтан қазіргі уақытта денсаулық феномені құнды капитал, болашаққа ұтымды инвестициялау ретінде өзектендірілуде.

2 «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасының мақсаты – жаңа тұрпатты қазақстандықтарды тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан дамыту бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады: білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру; қуатты ақпараттық революция, яғни ақпараттық инновациялық технологиялар паркін қалыптастыру; жастарға рухани тәлім-тәрбие беру[71].

Сонымен бірге ұлттық жобаның негізгі идеясы жаңа тұрпатты азаматты тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгейіне

жеткізумен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің интеллектуалды ұлтты қалыптастыру міндеті өте маңызды және тереңірек ұғынуды қажет етеді, себебі ол Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құру, әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елінің қатарына Қазақстанның енуі үшін негізгі бағдар болып саналады. Елбасының бағдарламалық еңбектерінде көрсетілгендей, білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтау, білімнің халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман, интеллектуалды дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының кәсіпкер азаматтарын даярлау отандық білім саясатының негізгі ұстанымын айқындайды. «Қазақ елі - Мәңгілік ел» идеясы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру ұлттық жобасымен, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырумен тікелей байланысты.

«Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында Елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр. Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті интеллектуалды тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше.

Егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені қоғамдағы даму үдерісі көрсетіп отыр. Қазақстанның экономикалық өркендеуінің, саяси және индустриалды-инновациялық дамуының маңызды ресурсы адам капиталы құндылығымен өзекті болып табылады [72].

Ұлттың интеллектуалды әлеуеті мемлекеттің әлемдік экономикалық және әлеуметтік кеңістікте бәсекеге

қабілеттілігінің анықтаушы факторы болып табылады. Оның мәні еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері және кәсіби-мамандық, біліктілік деңгейлері арқылы ашылады. Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлт, ел болуында адам капиталы сапасының артуы ұлттық интеллектінің белсенділігінен, шоғырлануынан бастау алмақ. Елдің интеллектуалдық капиталы мен қоғамның инновациялық әлеуеті тек қана білім және ғылым арқылы рухани құндылықтар арқылы келетіндігі мәлім [73].

Жалпы интеллектуалды тұлға және ұлттың негізгі белгісі адами капиталға тіреледі: адамның білім сапасы, кәсіби икемділігі мен мәдениеттілігі, алдыңғы қатарлы инновацияларды, ақпараттандыруды меңгеруі, шығармашылыққа тал-пынысы, қалыптан тыс жағдайларда әрекет ете білуі, бәсекеге қабілеттілігін, еліміздің өрлеуін, рухани тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ұлттың интеллектуалды әлеуеті – қоғамның жан-жақты экономикалық және әлеуметтік қабілетін дамыта отырып, әлеуметтік өміршеңдік жолымен интеллектуалды өнімді пайдалану және құру болып табылады.

Қоғамның интеллектуалды әлеуетін ғылыми-технологиялық, білімділік, ақпараттық-коммуникативтік, мәдени, басқару, мемлекеттік-институциональды және жеке әлеуетінен құралады. «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы қазақ елін бәсекеге қабілетті ұлттар қатарына кіркітіруге ұмтылыс жасайтын бірден - бір тарихи құжат. Интеллектуалды ұлт – интеллектуалды тұрғыдан адамгершілік, мәдени қасиеттерді меңгерген өзінің ғылыми, мәдени, білімі мен білігін еркін тарату әлеуетіне ие бәсекеге қабілетті ұлт.

Интеллектуалды ұлт болып қалыптасудың негізгі индикаторлары – тұлғаның, жалпы ұлттың тұрмыс жағдайы,

білім алуға және ғылыммен айналысуға қолжетімділігі (әрбір тұлға алған білімін ертеңгі кәсібіне жаратуы тиіс), жұмыспен қамтылуы, денсаулығы, еңбек табысы, медицинамен қамтамасыз етілуі т.б.

Жалпы жеке тұлғаның интеллектуалды әлеуеті – жеке тұлғаның «туа біткен» немесе «жүре қалыптасқан» мүмкіндіктері мен шығармашылық-әлеуметтік интеллектуалды іс-әрекетінің өзін-өзі дамыту мен өз іс-әрекетін іске асыра білу қабілеті, жеке тұлғаның өз ресурстары (адамның қабілеті, білімі, біліктілігі, бағыт-бағдары) және жеке психологиялық (ең бірінші ақыл ресурстары) жүйесі.

Интеллектуалды тұлғаны қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру – мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтаудың және практикалық негіздерін іске асырудың бастапқы 314 ұстанымы педагогикалық үдеріс және оған қатысу-шылардың өзара әрекеттестік жүйесі, жаңа іс-әрекеттің субъектісі ретінде білім алушылардың интеллектуалды тұлғасын қалыптастыру идеясы болып табылады.

Адамның ақыл-ой дамуы таным іс-әрекетін меңгерумен тікелей тығыз байланысты болғандықтан, философиялық және психологиялық таным теориясы, дидактикалық теориялар (дамыта оқыту мен проблемалы оқыту), сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету теориясы ерекше маңызға ие.

Педагогикалық қолдау көрсету әдіснамасының мәні жеке тұлғаның ақыл - ой қабілетін дамыту, өзін - өзі дамыту мен өзінің қабілеттерін жүзеге асыруда жатыр. Құзыреттілік тәсіліне сәйкес білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзіреттіліктер болып табылады [74].

Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, түсінік қалыптастыруға баса мән

беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Еңбек нарығының қажеттілігін және оның мамандарға қоятын талаптарын ескеру ұстанымы – қазіргі Қазақстан қоғамының сұранысына сай кәсіби бәсекелестікке қабілетті мамандармен қамтамасыз ету, жұмыс берушілерді үздіксіз білім беру жүйесінің қызмет етуіне қатыстыру. Интеллектуалды тұлға – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, интеллектуалды қабілеті дамыған тұлға.

Ол қазіргі кезеңдегі көпэтникалық Қазақстандық қоғамның дамуы үшін басымды, ұлттық сана-сезімнің жоғары деңгейімен, дамыған рухани-адамгершілік сапасымен, әлемдік білімді меңгеруімен сипатталады. Қазақстан саяси тұрақтылық пен жаңа экономикалық даму бағытын ұстанып отырған жағдайда, ұлттық құндылықтардың нығаюына ықпал ететін басты мәселе үздіксіз білім беру жүйесін модернизациялау мен ақпараттандыру, білім беруді жетілдіру, қоғамның рухани құндылығын арттыру маңызды болып табылады.

Әлемдік деңгейдегі жаңа технологиялардың дамуы барысында білім беруге деген көзқарастың арнада қалыптасып отыр. Қазіргі білім беру парадигмасына жаңаша қарау мәселесі негізгі орында. Білім беру жүйесі тек педагогикалық категория емес, бұл адами капиталдың дамуына орасан зор ықпал ететін қоғамдық құбылыс ретінде қарастырылады.

«Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасының мазмұнын жоғары оқу орны жағдайында іске асыруда болашақ кәсіби маманның құзыреттіліктерді дамытуға және қалыптастыруға бағытталады:

- интеллектуалды тұлға мен интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастыруға негізделген индикаторларды және сол индикаторларға сәйкес құндылықтарды тұлға бойында қалыптастыруды;

- ақпараттық және инновациялық технологияларды; тіл арқылы ұлттық рухани құндылықтардың мәні мен маңызын ашуды;

- қазақ тілін мемлекеттік тіл, ұлттық тіл, ана тілі ретінде қолдануды; орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде пайдалануды;

- ағылшын тілін экономикаға кірігу тілі ретінде қолдануды; мемлекетаралық, экономикалық және мәдени байланыстарда үш тілді игерудің тиімді тәсілдерін меңгеруі;

- электрондық білім беру ресурстарын жобалай білу іскерлігін меңгеруі (мұғалімнің таңдаған білім беру технологиясындағы электрондық ресурстың орнын, оның әдістемелік қызметі мен педагогикалық мақсатын және т.б. анықтау);

- оқу іс-әрекетінің бағытына сәйкес инструментальдық құралдардың (редак-торлар, программалық құралдар және т.б.) көмегімен электрондық білім беру ресурстарын жасауы тиіс.

Интеллектуалды ұлт – халықтың интеллектуалды әлеуетінің бейнесі, интеллектуалды дара тұлғаның, ұлттың қалыптасуының негізгі бағыт-бағдарын, жолдарын айқындайды, студенттің үздіксіз білім алуы мен өздігінен білім алу қажеттілігін жете түсінуіне, интеллектуалды ұлттың әлеуетін қалыптастырудың негізгі индикаторларын, мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін сақтау ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру екенін меңгеруге ықпал етеді.

«Интел- лектуалды ұлт-2020» ұлттық жобасы мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде ақпараттық, инновациялық берекелі

қоғамды құруға бағытталған тарихи стратегиялық құжат болып табылады.

Эмоционалдык (әсершіл) интеллект – эмоциямен берілген ақпараттарды қайтадан өндіру және адамдардың өзара қарым-қатынасы барысында ойлану және шешім қабылдау үшін эмоционалды ақпараттарды негіз ретінде пайдалану қабілеті. Эмоционалды интеллект деңгейлері:

а) Танымдық деңгей: эмоцияны ажырату – өзіндегі және өзгелердегі белгілі бір эмоцияның барын анықтау қабілеті; эмоцияны ұқсастыру - өзі немесе басқа адамның бастан кешкен эмоциясын ажырата білу (сөзбен жеткізе білу); эмоцияны түсіну – белгілі бір эмоцияны тудырған себептер мен факторларды түсіне білу, тигізетін әсерлерді анықтай білуі;

ә) Мінез-құлықтық деңгей: эмоция мен оның жиілігін бақылау – басқалардың және өзінің шамадан тыс эмоциясын реттеу; эмоцияның сыртқы көріністерін бақылау – эмоциялы тапсырмаларды шешуде қолдану - белгілі бір эмоцияны тудыру қабілеті.

Тәжірибелік интеллект – тұлғаның кәсіби қызмет барысында білімін тиімді пайдалануына мүмкіндік беретін кәсіптік қызметтің мазмұнды (білімділік) және процессуалды (тәжірибелік) интегративті сипаттамасы негізінде тәжірибе жинақтауы. Тәжірибелік интеллект деңгейлері:

а) Танымдық деңгей: іргелі білімдер; қолданбалы білімдер (қолданбалы, әдістемелік, технологиялық); тұлғалық (игерілген тәжірибенің негізіндегі анықталмаған білімдер);

ә) Мінез - құлықтық деңгей: ғылыми және тұлғалық білімдерін табысты игеруге мүмкіндік беретін студенттердің оқу-танымдық қызметінің шеберлігі мен дағдысы; студенттерге өз қызметтерін, уәжділігін саналылық пен мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін бағалы-

нысаналық қызметінің шеберлігі мен дағдысы, теориялық деңгейде де, қарапайым саналы деңгейде де өзінің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану; студенттердің жоспарлау және технологиялық іс-әрекеттерін репродуктивті де, шығармашылық деңгейде де сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қалыптастырушылық қызметінің шеберлігі мен дағдысы; жаңашылдыққа қатынас жасай білу, студенттердің кәсіби тіл табысудың формаларын, әдіс- тәсілдерін үйренуге мүмкіндік беретін коммуникативтік қызметтің шеберлігі мен дағдысы; кәсіби шығармашылығынан шығармашылық қанағат алуға мүмкіндік беретін эстетикалық қызметінің шеберлігі мен дағдысы.

Жоғарыда қарастырылған өлшемдер интеллектуалды тұлға болмысының жоғары интеллектуалды қабілеттілігін, ұлттық сана-сезімін, ұлттық өзін-өзі тануын, патриотизмін, азаматтығын, шығармашылық жаңашылдық әрекетке дайындықтарын бекітудің негізі. Егер интеллекттің индивидуалды ерекшеліктеріне келетін болсақ, көбінесе интеллект адамның жасына, денсаулығына, қоршаған ортасына байланысты динамикалық өзгерісте болып тұрады. Бұған дәлел болатын өте көп психологиялық зерттеулер бар. Көптеген зерттеулердің нәтижесінде анықталғандай интеллекттің даму шыңы әсіресе адамның 17-19 жасында ерекше байқалады екен.

Кейбір зерттеулерде (Я.А.Понамарев) интеллекттің даму шыңы 12 жастағы жасөспірімдерде жақсы байқалады, бірақ олар өмірлік тәжірибесінің аздығынан және білім қорының таяздығынан интеллектуалдық қабілеттерін толық көрсете алмайды.

Ал Ж.Пиаженің пікірінше 15 жаста адамның интеллекті толық даму үстінде болады. Адамның психикасының қызметтері 18-25 жас аралығында жан-жақты даму үстінде болады. Осы кезеңде есте сақтау,

абстракттілі ойлау, дүниенің тұтастығын түсіну сияқты ерекшеліктер белсенді көрініс табады.

Осындай белсенділік адамның 34-37 жастарында қайта байқалуы мүмкін. Бірақ бұл зерттеулерде интеллекттің барлық түрлері туралы айтылмайды, бір интеллект түрі белсенді дамып, басқалары бәсеңдеуі мүмкін.

Мысалы, 30 жастан кейін моторикамен байланысты интеллект төмендей бастап, танымдық үдерістеріне байланысты қабілеттер күшеюі мүмкін.

Зерттеуші-ғалым О.Л.Степанова адамның интеллектуалды дамуында 3 макрокезеңдерді ажыратады. Бірінші кезең 18-25 жасқа дейін, екінші кезең 26-35 жас аралығында, үшінші кезең 36-40 жас арасында. Ең көп өзгерістер бірінші кезеңде байқалады екен, ал екінші және үшінші кезеңдерде салыстырмалы түрде интеллекттің дамуы бірқалыпты жүреді және бұл кезеңдерде вербальды интеллект жақсы көрініс табады.

Сонымен қатар психологияда «орта жастағы дағдарыс» деген ұғым қалыптасқан. Ол ұғымның пайда болуы адамдардың 40-45 жастағы кездесетін күйзелістеріне байланысты. Осы жас ерекшеліктеріне байланысты жастар мен ересек адамдар арасындағы өмір сүрген мәдениеттерінің айырмашылықтарына байланысты интеллектуалдық айырмашылықтар орын алуда. Тағы бір зерттеулерде психологтар ер адамдар мен әйел адамдардың интеллекттерін зерттеумен айналысқан екен.

Осы зерттеуде олар түрлі көрсеткіштер мен өлшемдерді қарастырған, соның ішінде мидың салмағын да өлшеген екен. Ер адамдардың миының салмағы әйел адамдардың миының салмағынан 100 граммдай артық болады екен. Бірақ адамның ақылдылығы мидың салмағымен емес, оның қатпарларының көптігіне байланысты деген тұжырым жасалыпты.

Қазіргі құндылықтардың құбылып тұрған заманында интеллектуалды ұлтты қалыптастыру аса көкейкесті мәселелер қатарында. Әсіресе білім-ілім алып жатқан жастардың «оқымысты надандар» емес, керісінше нағыз пара- сатты, интеллектуалды әлеуеттері дамыған адамдар қатарында болулары өзектендірілуде.

Қазақ ұлтының ерекшеліктерін зерттеумен айналысқан Ф.Янушкевич: «Қазақтардың ойлау қабілеттілігінің кереметіне менің барған сайын көзім жетті. Сөз дегенде ағып тұр. Бұл жағынан оларды Батыс Азияның француздары деуге болады. Өзіне жоғарыдан менсінбей қарайтын халықтар арасынан бұл көшпенділердің де құрметті орын алатын кезі келеді», - деп бір жарым ғасыр бұрын жазып қалдырғаны бүгінгі күнде осы ата тегіміз арқылы берілген қасиеттерді жоғалтып алмау жолдарын іздестіруді қажет етеді.

«Президент Қазақстанның «Мәңгілік ел» ретіндегі болашағы туралы сөз қозғағанда, ол ұлттың тарихи санасына қатысты мәселелерді күн тәртібіндегі бірінші мәселе ретінде қарастырады. Әлеуметтік-мәдени категория ретінде сипатталатын тарихи жады мейлінше терең болған сайын, сондай-ақ тарихи сана неғұрлым 16 тереңнен тамыр тартқан сайын, адам және тұтас қоғам соғұрлым рухани байи түседі.

Бүгінгі күнді түсініп, келешекті болжау үшін өткенді білу қажет. Адам алдыңғы буынның жинақтаған әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне терең бойлағанда, оның өмірлік және азаматтық ұстанымдары айқындала түседі. Жаһандану үстіндегі әлемдегі қатаң бәсекеге қабілеттілік жағдайында Қазақстанның «Мәңгілік елді» қалыптастыруға ұмтылысы саяси, әлеуметтік-экономикалық егемендікпен қоса, рухани тәуелсіздікке де қол жеткізуді қажетсінеді.

Осыған орай ұлт сынды күрделі жүйенің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін осы қоғамға тән тарихи

сананы қалыптастыру керек (төл тарих пен мәдениеттің өзіндік болмысын сипаттайтын ұлттық дүниетанымды, рухани қайнар көздерді, жаңғырту арқылы). Тарих өткенмен, адам жадысымен және әлеуметтік санамен сабақтас.

Тарихи сананы төл тарихты зерттеп-зерделеу, ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын іргелі құндылықтарды игеру арқылы ғана қайта жаңғыртуға болады. Адамдарды рухани оятатын ана тілімен қоса, дәстүрді де жаңғырта отырып, халықтың өткен тарихын толығымен қалпына келтіру қажет.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәнін жоғарыда айтылған қағидалар аясында зерделеу нәтижесінде келесі ой қорытылады: «Мәңгілік Ел» - Қазақстан Республикасының мемлекет құрушы ұлты болып табылатын қазақ халқының – Қазақ елінің тарихы. Сонымен қоса бұл – әлемді мойындатуға және дүниежүзілік қауымдастықта өзіне лайық орнын алуға ұмтылған көпұлтты мемлекет ретіндегі Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихы бола тұра, тағы да Қазақ елінің тарихы.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мынадай ой тұжырымдалады: Қазақстанда қалыптасқан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы оның халқын дйттеген нысанаға мақсатты түрде жетелейтін аса қуатты импульс болып табылады. Осы ретте нақты айқындалған міндеттерді шешу үшін баршаның және әрқайсының күш-жігері қажет.

«Ұлттық идея», «ұлттық мұрат», «ұлттық көшбасшы», «ұлттық элита», «ұлттық рух» ұғымдарының мәні. Қалыптасқан «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының барша Қазақстан халқы үшін маңыздылығы келесі ғылыми-әдіснамалық қағидалар арқылы айқындалады. «Ұлттық идея» ұғымының мәні мәселелері бойынша көптеген зерттеулерде төмендегі жайттар атап өтіледі: - ұлттық идея

қандай да бір халықтың, этностың немесе ұлттың өмір сүру мәнін айқындайды.

Өз болашағын құрайтын кез - келген мемлекет немесе қоғам осы жағынан өз ұлттық идеясына сүйенуі қажет. Өз ұлттық идеясын мансұқ еткен қоғам құриды, міндетті түрде өз жолынан таяды. Сол себепті ол дұрыс бағыт алса, онда ұлт үшін шешуші, тарихи және жасампаз фактор болады [75].

Нағыз ұлттық идея – бұл жетілу, әсіресе халықтың бүкіл рухани жетілу идеясы. Бұл идея – ерекше әмбебап идея. Осы тұрғыда ұлттық идея ұғымын халық өмірін орнықтыру қағидасы ретінде қарастыруға болады. Бұл халық ақылына, парасаты жанына сәйкес келетін өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі күні жеткіліксіз өнімді іске асып жатқан өмірді орнықтыру қағидасы. Бұл қазіргі буынның болашақ туралы сындарлы да айқын арманы және бұл ой-арман алдыңғы ұрпақ өкілдерінің болашақ туралы армандарымен астасып жатыр.

Бұл халықтың өмір сүруін қамтамасыз ету принципі ретінде туған Жер, байлығын ұқыпты пайдаланумен байланысты - ұлттық идея халықты ұйыстыруға бағытталған дүниетанымдық сипаттағы бағыттардың, құндылықтар мен мұраттардың кешені, қоғамның тұрақты әлеуметтік - экономикалық дамуы, мемлекеттің қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін нығайту болып табылады. Ұлттық идеяны жай ғана ойдан жасауға болмайды[76].

Оның бөліктері ұлттың болмыс келбетін білдіретін ұлттық сана-сезімнің терең қатпарында жатыр, оның мағынасы философияда, тарихта, ғылымда, поэзияда, әдебиетте, музыкада, бейнелеу өнерінде, биде, халық тілінде - тарих ұлттық идеясы мен идеологиясы бар мемлекеттің идеологияландырылмаған мемлекеттен анағұрлым күшті екендігін растайды.

Идея жетістік стратегиясы ретінде әсер етеді. Шығыс даналығы айтқандай: «егер қайда жүзерінді білмесең, онда саған ешқандай ілеспе жел көмектесе алмайды» [77].

Осының бәрі айқын көрсеткендей, ұлттық идея ұлттық сана-сезімнің ерекше түрі бола отырып, қоғамның рухани өмірінің бөлігі ретінде мағына құрушы, этносқалыптастырушы, құнды бағыт беруші және қоғамдық ұйыстырушы қызметтерін атқарады [78].

Оның негізінде ұлттың руханилығы, өз халқының тарихи келбеті мен шығармашылық актісіне сүйіспеншілік, оның рухани қуатына сенім, оның рухани қабілеттілігі, халықтың өзіндік ерекше мәдениеті мен рухани міндетін, қоғамдық даму тереңдігі мен болашағын ұғынуы, тарихи жады мен болашақ бейнесінің бірлігі жатыр. Осыған байланысты отандық ғалымдардың ұлттық идеологиялар ұзақ өмір сүріп, ұлттар осы мұраттар үшін өз «мені» үшін күресетіндігі, мұңсыз ұлт пен оның тарихи өмірдегі болашағы туралы сөз қозғаудың мүмкін еместігі жөніндегі көзқарастары әбден орынды.

Бұл көкейкесті мәселенің тәжірибиеге енгізу «Мәңгілік ел - патриот жастары» атты арнайы факультативті курсы арқылы жүзеге асады.

## **2.2 Жоғары оқу орынындағы тәрбие жүйесіне «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын қалыптастыру нәтижелері**

Білім беру ұғымын оқыту мен тәрбиелеу нәтижесі ретінде анықтап, адамның мейірімділігі, адалдығы, жауапкершілігі және басқа да қасиеттері туралы рухани-адамгершілік білімді әртүрлі ғылымдар мен пәндерді оқытуда кіреітеріміз.

Осылайша жоғары оқу орындары «бастапқы әскери дайындық» мамандарын дайындауда әскери істер мен

қызметтерінен алынған үлгілерге аудару қажет екендігі көрініп тұр.

Зерттеу жұмысымызда студенттерге «Мәңгілік ел» патриоттық идеясын қалыптастырудың жолын қарастырғанда өзіміздің жасаған «Мәңгілік ел – патриот жастары» факультативтік бағдарламаны арқау еттік. Бұл бағдарлама студент жастарға берілетін патриоттық тәрбиенің бірлігін, тұтастығын, сабақтастығын қамтып, патриоттық тәрбиенің нәтижелі жүзеге асырылуына тірек болады:

- қарым-қатынас, іс әрекет және студент жастардың өзін - өзі басқару арқылы;
- патриоттық тәрбиенің гуманистік бағыты жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтардың негізделуі;
- студент жастардың дербестігін дамыту және қабілеттерін жетілдіруді жүзеге; асыру.

Осылардың барлығы студенттерге ұлттық патриотизмді тәрбиелеу мен дамыту деңгейлерін, әр түрлі өмірдегі әлеуметтік жағдайларда дұрыс адамгершілікті мінез - құлық көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады.

Халық тағылымдарын бүгінгі күнгі тәрбие үрдісінде қолдану уақыт талабына сай туындағандықтан деп айта аламыз.

Сондай-ақ әрбір ұлттық тәрбиенің мазмұнында бауырмалдық қағиданың бар екенін түсінуге болады. Осыған байланысты халқымыздың ой-санасының, оның даму үдерістеріндегі ұлттық тәрбиенің педагогикалық құралдары-негізінен, ел бірлігі мен ұлтын сүюді, отаншылдық пен туған жерге махаббаты қастерлеуге шақыратын тәрбиелік туындылар.

Сондықтан да өткен тарихқа үлкен құрметпен қарау және оны танып-білуге деген құштарлық, рухани мұраларымыздың негізін айқындау, жас отансүйгіштікке

тәрбиелеу, мәдени сабақтастықты жаңғырту, өркениетті мемлекет құру – қазіргі кезеңдегі қоғам талабы болып отыр.

Осыған сәйкес біздің пікірімізше «қажетсіну» мен «қолымнан келеді», «парыз» деген патриоттық сенімге бағытталған ниет студент жастардың патриоттық сезімге деген бейімділіктерін жүйелі дамытуға негізделген тапсырмалар, танымдық ықпал жасайтын әскери ойындар ұйымдастыру- студент жастарға патриоттық тәрбие берудің тиімді жолдарының бірі.

Осы орайда студент жастарға берілетін патриоттық тәрбие мынандай қасиет - саналармен жеке тұлға ретінде танылады:

✓ Мейірімділік пен әділеттілік аясында патриоттық сезім жүзеге асырылып, өзінің ербір ісінде құндылыққа айналуын түсіне білуі.

✓ Жер-жалпы адамзаттың ортақ үйі, өмірі мен тіршілік іс-әрекетінің мекені. Әрбір студенттің өзінің туған жерінің құндылығын қастерлеуі, туған жердің болшағына жауапты екенін сезінуі.

✓ Ұлт-өз ұлтына мақтана білуі, қадір тұту, еркіндікті сүю, өз халқының тіліне, тарихына, мәдениетіне құрметпен қарау. Басқа халықтардың, ұлттардың тілін, мәдениетін, рухани байлықтарын өз елінің мүдесіне пайдалана білу.

✓ Отан-өз мемлекетінің рәміздеріне құрметпен қарау - әнұранын, елтаңбасын, туын, халықтық дәстүрді қастерлеуге, Қазақстан Конституциясына қайшы келетін қоғамға қарсы кез-келген көрністерге төзбеу. Мемлекеттің және қоғамның мүдесіне сай өмір сүру, оны қорғай білу. Өз Отанынның тарихи мұраларын, мәдениетін, өнерін құрметтеу.

✓ Бейбітшілік-дүнижүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды көздеп, жоғары патриоттық жауапкершілікті сезіну. Бейбітшілік, еркіндікті, теңдікті, татулықты, өз

елінің егемендік құқығын, тәуелсіздік демократиялық, өркениеттілік мүддесін қорғау.

✓ Мәдениет – рухани жетілудің тірегі. Төл мәдениетті терең білу арқылы өзге мәдениеттерге бағыт ұстанған жан-жақты тұлға ретінде тәрбиеленуі. Адамгершілік қасиеттерді бойына жинақтай білген, сөз асылын құрметтеген, халықтық әдет-ғұрып, салт-дестүр, мәдениетін сақтай білетін, рухани мұраларда бүгінгі өркениеттілік әлемдік мәдениетпен сабақтастыра білу.

✓ Еңбек - нарық жағдайында жаңалық тапқыштық, жаңа техникалық ойлар, нарық еңбегіне байланысты туындаған ұжымдық және шаруашылық еңбектің мақсатын ұйымдастыра біліп, нәтижесін көрсете білуі.

✓ Білім – білімділік, ойлау, сөйлеу, жобалау, әлемдік білімге құштарлық, шығармашылық зерттеушілік қабілеттерді меңгеру. Заманға сай, қажетті ғылыми-техникалық прогрес талаптарына сай жауап беретін білімді меңгерумен өзінің дарындылығын дамытып, өзін өзі таныту.

Біздің айқындаған өлшемдеріміз студент жастардың ұлттық патриотизмін қалыптастыруды жүзеге асыру деңгейлерін көрсетуге негіз болды. Тұтас педагогикалық процесс барысында студенттердің патриоттық тәрбиенің негізі туралы мағлұматтардың болуы - ол патриоттықтың қалыптасу деңгейі болып есептелінеді.

Біздің ойымызша патриоттық тәрбиенің деңгейлері негізгі өлшемдер мен көрсеткіштер арқылы сандау, саналық сипаттамалардың жағдайын және олардың өзара бір-бірімен қатынасынын көрсетумен айқындалады.

Біз осының бәрін ескере отырып, жоғарыда ұсынған студент жастарға берілетін отансүгіштік тәрбиеге байланысты айқындалған өлшемдер мен көрсеткіштердің ара қатынасын шартты түрде жоғары, орта, төмен деңгейлермен белгіледік.

Осы мәселеге байланысты жеке-жеке талдап, қарастыруды көздедік.

1. Төменгі деңгейі - отанының алға басуына, «Мәңгілік ел» идеясының маңызын түсінуге және Қазақстан халқының тарихи тағдырын, саяси рәміздеріне құрмет пен қарауға білім деңгейі жеткіліксіз. Қазақ халқының ұлттық ойындарына деген қызығушылығы жоқ. Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіртуге құлшыныс танытпайды. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарын жалғастырушы екеніне сенім білдірмейді.

2. Орта деңгейі – жоғарғы дәрежеде азаматтық жауапкершілік, қарапайымдылық, мейірімділік көрсеткенімен, бұл деңгейдегі студент жастар «Мәңгілік ел» идеясының маңызын түсінуге тырысып, қазақстандағы халықтардың салт-дәстүріне мән береді, дегенмен өз мүмкіндіктерінің таяздығынан, белсенділік көрсете алмайды. Халықтық педагогика негізінде студент жастарға патриоттық тәрбие берудің мән мағынасының бар екенін ескермейді.

3. Жоғары деңгейі - «Мәңгілік ел» идеясының маңызын түсініп, Отан тағдырына алаңдаушылық білдіріп Отанының алға басуына жұмыс жасап қазақстандық патриотизмнің маңызын түсініп білімін арттырады. Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына қызығушылғын білдіріп, оның болашақ ұрпақты патриотизмге тәрбиелеуде мән мағынасының бар екенін түсініп өмірде қолдана алады.

Осылардың барлығы студент жастарды патриотизмге тәрбиедегі даму деңгейлерімен, әр түрлі өмірдегі әлеуметтік жағдайларда дұрыс адамгершілікті мінез - құлық көрсетіп, нақтылы қарым-қатынас жасауына мүмкіндік туғызады.

1-кезең. Анықтау эксперименті.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дене мәдениеті және спорт факультетінің бастапқы әскери дайындық кафедрасында жүргізілген

сауалнамалар, сұхбаттасу, бақылау шаралары арқылы патриоттық тәрбие жөніндегі білім деңгейлері анықталып, сарапталады. Экспериментке 1-4 курстан 60 студент қатысты.

Максат – оқу тәрбие үрдісіндегі тәрбиелік мүмкіндіктер жайындағы студент жастардың көзқарастарын анықтап білу. Яғни «Мәңгілік ел» идеясындағы патриоттық тәрбие деңгейін қалай түсінеді, оған көзқарастары қандай, келекшек ұрпаққа патриоттық тәрбие қалыптастырудың қандай жолдарын біледі, ұлттық мұрадағы патриоттық тәрбие тәжірибенің әсері бар ма, тағы басқа мәселелер төңірегіндегі ой-пікірлерін, ұғым-түсініктерін зерделеу.

Осындай бірізді реттілікпен айқындалған патриоттық тәрбиенің деңгейлері, студент жастарға патриоттық тәрбие беруді жүзеге асыруда жүйелі ықпалды әрекет жасауға мүмкіндік туғызады.

Тәжірибиелік-педагогикалық жұмыс Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің дене мәдениеті және спорт факультетінің бастапқы әскери дайындық және жеке сайыс кафедрасында 2016-2017, 2017-2018 оқу жылдарында жүзеге асырылды.

Экспериментке 60 студент қатысты. Оның 35 эксперименттік, 25-бақылау тобына кіреді. Анықтаушы эксперимент барысында сауалнама көмегімен үш компонент бойынша студент жастар бойында қалыптасқан патриоттық тәрбиенің деңгейін анықтадық.

Сауалнама жауаптарын сараптау, бізге студенттерге «Мәңгілік ел» идеясындағы патриоттық тәрбиенің мәні, жалпы патриотизм, патриотизм туралы субъективті көзқарастары мен білімдері туралы хабардар етті. Студент жастардың қазақстандық патриотизм туралы білім деңгейлері қанағаттандырылғы болғанымен «Мәңгілік ел» идеясы жайындағы білім деңгейлерінің төмендігі байқалды.


Анықталған жағдайды негізге ала отырып біз студент жастардың патриоттық тәрбиесін тереңдету мақсатында, қалыптасушы тәжірибе алдында біз эксперименталды және бақылау топтарының студенттерінің алдында патриоттық тәрбиенің қалыптасу деңгейлері бойынша жүргіздік.

Тәрбие үрдісі негізінде студенттер бойында қалыптасқан патриоттық тәрбиенің негіздерін анықтадық (2-кесте, 1-сурет).

2-кесте

Студенттердің патриоттық тәрбие көрсеткіштерін анықтайтын көрсеткіштері. Эксперимент басы

Топтар	Жоғары	Орташа	Төмен	Барлығы
Эксперименттік	3,4 (10,83%)	13 (30%)	18,6 (59,17%)	35
Бақылау	3,4 (13,60%)	8,6 (33,60%)	13 (52,80%)	25
Барлығы	6,8	21,6	31,6	60



1-сурет -Тәрбие үрдісінде студенттер бойында қалыптасқан патриоттық тәрбиенің даму көрсеткіші

Арнайы факультативті бағдарламасы (түрлі жарыстар түрінде, қазақ батырларының ерлік істерін оқып үйрену жөніндегі сабақтар, батырлық-ерлік істер туралы мақал -

мәтелдерді оқып үйрену, ұлттық ойындар) түрінде өтіп, олардың практикадағы қолданыстағы қажеттігін іс-жүзінде тексердік.

Студент жастардың ұлттық патриоттық сезімдерін сауалнама, тест арқылы тексеріліп бекітілді. Студенттер арнайы факультативті тәмәндаған соң білімдерін анықтау үшін «Патриоттық сезім» «Мәңгілік ел-жастары» деген тақырыпта шығарма жазылып, тест алынды.

Жоғары оқу орындарында студенттерде патриоттық тәбиені қалыптастыру жүйесін құрайды, оның іс-тәжірибеде жүзеге асуы келесі ескертпелерге сәйкес жүзеге асырылды;

- ЖОО студенттерге берілетін патриоттық тәрбие құрамында студенттердің болашақ маман ретінде мақсат пен міндет мазмұнының құрамдарын, олардың әдіс – амалдарын өзара бірлікте қарастырады;

- студенттерге берілетін патриоттық тәрбиені жетекші қызмет түрлері болып табылатын оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, ғылыми-зерттеу жұмыстарына енгізу;

- ұйымдастырылған патриоттық тәрбие жұмыстары педагогикалық жұмыстардың жоғарыда арнайы жасалған бағдарламаның тақырыптары бойынша дәріс оқу барысында патриоттық тәрбие, сонымен қоса ұлттық патриоттық тәрбие мәселелеріне қызығушылығын қалыптастыруға себеп болатын, патриоттық тәрбиенің мәні туралы білім мен тәрбиені игеру мақсатында жүргізіледі.

Әзірлеген бағдарламаның негізгі құрылымдық компоненттеріне келесі модульдер жауап береді:

- ✓ Студенттерге берілетін патриоттық тәрбиенің мәнін түсінуі,

- ✓ Студенттермен жүргізілетін патриоттық тәрбиенің болашақ маман ретінде кәсіби жетілуінде патриоттық тәрбиені қалыптастырудың әлеуметтік-саяси, психологиялық – педагогикалық алғы шарттарының мәнін түсіну бойынша жүргізілген жұмыстар;

✓ Студенттерге ақыл-ой, өзіндік ұлттық саналылық, патриоттық тәрбиені қалыптастырудағы объектілік ыңғай мәнін түсіну бойынша жүргізілген жұмыстардың мазмұны.

Біздің құрастырған модуліміздің мәні мен мазмұны және мақсаты біріншіден студенттерге берілетін патриоттық тәрбиені жүйелеу, тереңдету мақсатына бағытталған болатын.

Барлық кезеңдерде негізгі патриоттық тәрбие мазмұны дәріс-әңгіме, дәріс-пікірталас, жарыс, диспут, шығарма жазу, сонымен қатар практикалық сабақтармен спорттық жарыстыр түрінде жүргізілді. Студенттерге берілетін патриоттық тәрбиені алдын-ала жоспарланған педагогикалық жағдайлар кешендерін үлгілеу әдісін пайдалануға ерекше мән берілді. Студенттер семестрде тапсырмаларды орындаумен қатар жазба жұмыс жазғанда мерзімді басылымдарға (қазақстандағы сонымен қатар ресейдегі) патриотизмнің мәні туралы пікірталас мәселелері бойынша мақалаларды конспектілеуді жүзеге асырды. Философия, тарих, психология, саясаттану және этнопедагогика курстармен пәнаралық байланыс мақсатты түрде пайдаланылды.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыс Қазақстанның егемен, тәуелсіз мемлекет болып қалыптасуының қазіргі кезеңдегі студенттерге берілетін патриоттық тәрбиенің мәселесін өзекті етумен қатар, патриоттық тәрбиенің үлгісімен таныстырудан бастайды.

Яғни жүргізілген тәрбие жұмыстары патриоттық идеяларды танып білу арқылы өтті. Бұл жағдайда студенттерге берілетін патриоттық тәрбие деңгейлерінің төмендігі оқуға деген жауапкершіліктің жоқтығы, танымдық, ғылыми-зерттеу, қоғамдық-саяси тәрбиеге төмен субъектілік араласумен сипатталғандығын көруге мүмкіндік туды.

2-кезең. Қалыптастыру эксперименті.

Мақсат-студенттерге «Мәңгі ел» идеясын ұлттық отансүйгіштік тәрбие беруге қажетті білім мен дербес патриоттық іс-әрекеттерге дағдыландыру. Басты міндеттері студенттер бойында қалыптасқан патриоттық тәрбие мен ұлттық сезімдерін дамытуын арнайы оқыту, арнайы факультатив бағдарламасын жасап, сынақтан өткізу, студенттердің теориялық білімдері мен патриоттық іс-әрекеттерін оқу процесінде бекіту болып табылады.

1-сатыда Ұлттық патриоттық тәрбие қалыптастыру жүйесіндегі ұлттық ойындардың орны мән мағынасын өзіндік сипаттарына байланысты теориялық білімдер қалыптастырылды.

2-сатыда Халықтық педагогикада қалыптасқан патриоттық тәрбиенің тиімділігі жоғарғы әдіс-тәсілдер мен ұлттық ойындардағы тәрбиелік құралдарды пайдалана білу дағдылары меңгеруі тексерілді.

Анықтаушы эксперименттің нәтижелері.

Анықтаушы эксперименттің соңындағы қорытынды нәтижелер болашақ мамандарда ұлттық патриотизмнің қалыптасуын қанағаттандыраарылық деп көрсетті. Ең алдымен ол студенттердің анкеталық сұрақ және жазбаша жұмыстары нәтижелерін талдау негізінде алынды.

Егер, біз анықтаушы экспериментте

1 «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасының тарихи маңыздылығы немен сипатталады?

2. Қазақстан қоғамының дамуындағы ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамытудың мәні немен түсіндіріледі?

3. Бүгінгі студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға қандай мазмұндық сипаттама бересіз?

4. «Жеті ата» ұғымының мәні неде, оның денсаулыққа қандай қатысы бар?

5. Қазіргі жастар денсаулығы туралы қандай түсінік бересіз?

6. «Қазақ елі» идеясының құндылықтары қалайша жоғары ұлтаралық қатынас мәдениетін қалыптастыра алатындығын ашып көрсетіңіз?

«Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасының тарихи маңыздылығы немен сипатталады деген сұраққа біржақты жауап алған болсақ, Қазақстан қоғамының дамуындағы ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамытудың мәні немен түсіндіріледі, Бүгінгі студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға қандай мазмұндық сипаттама бересіз деген сұраққа студенттер тіпті жауап берген жоқ. Ал қалыптасу экспериментінің анкеталық сұрақтарына берген жауаптары бақылау эксперименттің жауаптарынан көп басқаша болды.

Мысалы сұрақ қойылған студенттердің 45 пайызы эмоциялық – сезімдік сипатына жауап берді. Кейбір жауаптарды мысалға келтіретін болсақ:

«Қазақ елі» идеясының құндылықтары – бұл Отанымыз Қазақстанның алдындағы борыштарымызды сезіну, оның тағдырына деген жауапкершілік, барлық қазақстандықтардың тағдырына деген жауапкершілік. Қазақстанның азаматымын деген әрбір адам оны сүйіп, оның дамуына тікелей қатысуы керек.

Қазақстандық патриотизмі дамыған адам өз елінің саяси, экономикалық елеуметтік көрністеріне бей-жай қарай алмайды. Ол өзінің әр бір ісімен тікелей немесе жанама өз үйіне әсер ететінін білуі керек.

Бүгінгі студент жастардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға қандай мазмұндық сипаттама бересіз ? Салауатты өмір салты деген түсінікке мен бүгінгі күні жастардың салауатты өмір салтын қалауы патриотизммен салыстар едім. Өйткені өз отаны үшін қызмет ету үшін дені сау мығым азамат керек. Отанымыздың алдында тұрған

көптеген мәселелерді шешу үшін жастардың салауатты өмір салтын қалауы құптарлық жайт.

«Мәңгілік ел» идеясы іс жүзінде қалай көрінеді? деген сұраққа алған жауаптарымыз бізді барлық жағынан да қуантты. Сұрақ қойылған студенттердің 44,6 пайызы қанағаттандырылғы жауап берді.

Бұл жерде студенттердің қойылған сұрақтарға берген жауабына тағыда толығырақ тоқталамыз. Өйткені олар өздеріне қойылған сұраққа жеткілікті түрде сипаттап жауап берді.

«Мәңгілік ел» жастары -бұл, қазіргі уақытта аяқта нық тұруға көмектесетін ұран іспестес. Бұл сезім барлық Қазақстан азаматтарын біріктіреді. Іс жүзінде ол студенттің, жұмысының қандай да бір істі шешуде, мемлекет және өз халқының сұрақтарын ар-ожданмен орындауы мен көрінеді».

«Егер Қазақстан азаматтарында патриотизм жоғары болса, алға қойылған мақсаттарға жету оңай болады. Өз еліне жаны ашыйтын әр-бір адам заңның және конституцияның сақталуына мүмкіндік тудырады. Жаңа буын өзінің әкелерімен, аталарымен мақтанулары үшін жанын беріп жұмыс істейді».

Патриоттық сапасыз адам белсенді бола алмайды. Патриотизм іс жүзінде, ең алдымен білімімен көрінеді. Өмірдің менін түсініп, ондағы өз орынын білу. Жігерлене еңбек етіп, кедейлерге, жетімдерге көмектесу. Әрқашанда әлдекімге сүйіну. Ал ол білімділікпен, еңбекке деген жауапкершілікпен көрінеді».

«Өзінде субъективті көзқарасы дамыған студенттер қалай сипатталады», «Субъективті болудың негізгі сипатын атаңыз»-деген сұраққа оқушылардың 39,5 пайызы-бұл феноменнің нақты сипатын нақты білетіндерін көрсетті.

- «бұл қай жағынан алғанда да жинақты, жайдары мінезді адам»;

- «алдына қойған мақсатына қарай өз әрекетін саналы түрде жоспарлайды»;
  - «тәуелсіз болу өзінің сабақтарына жауапкершілікпен қарау»;
  - «мақсатқа жету және сұрақтарды шешу процессінде өз әрекеттерін бақылай білу»;
  - «барлық іс-әрекеттер де белсенді болу»;
  - «өз және өзінің іс - әрекетін бақылай біліп, оған жан-жақты баға беру»;

Көрсетілген жетістіктермен қатар, педагогикалық практикалық қортынды бөлігінде студенттердің патриоттық сезімінің болуы олардың игерген білімінің дәрежесінің жоғарлағанын және жан - жақтылығын көрсетті.

Эксперименттік және бақылау тобындағы студенттерге таратылған сауалнама жауаптарының қортындысы олардың «мәңгілік ел» идеясы арқылы ұлттық патриоттылыққа тәрбиелеу мәселесін түбегейлі меңгеруге қажетті білім көлемі терең және толық еместігін көрсетті.

Сондай-ақ студенттерге жоғары, орташа, төмен деген шкалалар бойынша студенттердің патриоттық деңгейі анықталды. «Мәңгілік ел» идеясындағы оқулық-танымдық ғылыми-зерттеу іс - әрекеттерін бағалау ұсынылады.

Егер анықтау экспериментінде студенттердің 28 пайызы өз халқының тәрбиелік құндылықтарын күнделікті өмірде пайдаланатыны туралы айтса қалыптасушы экспериментте 45,2 пайыз «жоғары», 36,7 пайыз «орташа» деп бағалап, 18,1 пайыз – бұл сұраққа жауап берген жоқ женеде бұл мәліметтер біздің бақылауымыз бойынша шындыққа жанасады.

### 3-кезең Қорытынды эксперименті

Қорытынды эксперименті барысында студенттерге «Мәңгілік ел» идеясындағы патриоттық тәрбие берудің қандай деңгейде қалыптасқанын анықтау мақсатымен ауызша және жазбаша сұраунамалар жұмыстары жүргізілді.

Сұраунама сұрақтары негізінде студенттердің «Мәңгілік ел» идеясындағы арнайы патриоттық тәрбиені, білім және білікті меңгергені анықталды. Тексеру жұмыстары әрбір кезеңде жүргізілген бақылаулардың әрқилылығымен ерекшеленеді. Эксперимент кезеңдерінде ұсынылған тапсырмалар болашақ маман студенттердің кәсіби біліктерімен патриоттық сезімдерінің деңгейін анықтау және күнделікте өмірде қолдануында.

Алынған нәтижелерді талдау және оларды сараптауда эксперимент тобы мен бақылау тобының көрсеткіштерімен салыстыру эксперименттік жұмыстың студенттерге тәрбие үрдісі негізінде патриоттық тәрбие берудің тиімді ықпалы бар екендігін аңғартты.

«Оқу – тәрбие процессінде жинақтаған ұлттық ойындар материалдары сіздерді қанағаттандырады ма?» - деген сұраққа 51,5 пайыз «жоғары» деп бағалап, 31,3 пайыз «орташа» деп бағалап, 17,2 пайызы төмен деп бағалады.

Халқына деген патриоттық сезімді кәсібіңізбен мамандығыңызбен байланыстырасыз ба?» 43,4 пайыз «иә», 40 пайыз «жоқ дегеннен ие деген дұрыс болар» 16,6 пайыз «иә дегеннен жоқ деген дұрыс болар» - деп жауап берді.

Кейбір жауаптарды мысалға келтіретін болсақ.

Өз халқыңның құндылықтарын күнделікті өмірде пайдаланасыз ба? Деген сауалға студенттер ұлттық құндылықтар ұғымын жақсы түсінетіндіктерін көрсетті.

Мысалы «Иә, жарыстарда өз халқымыздың ұлттық ойындарын, салт-дәстүрлерінде өткізуін, ұлттық патриотизмді дұрыс түсініп, патриоттық сезімді өмірде пайдаланамыз».

«Иә, пайдаланамын маған пайдасын тигізеді жас ұрпаққа тәрбиелік пайдасы мол салт-дәстүрлерімізге сүйене отырып өмір сүрсек, өмірде тәрбиелі алдыңғы қатарда боламыз».

«Әрине, пайдалануға тырысамын себебі қазақ халқының тарихын салт-дәстүрін, зиялы азаматтарымызды құрметтеп еске алып отырамын және Отанымды қорғауға әрқашан әзір боламын».

«Пайдаланамын өз халқымыздың құндылықтары біздің мамандықтың әрбір салт-дәстүрге сәйкес сабақтарында көрінгендіктен оны жие падаланамын».

«Әрине пайдаланамыз. Қанымызға сінген қасиет емес пе? Яғни әкеден балаға берілген тәрбиеміз».

«Иә пайдаланамын өйткені салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар бізге тәрбие, патриоттық сезім береді».

«Қазақ халқының ұлттық ойындары материалдарында жинақталған білімдер әрбір қазақ баласының көңілінде болады. Ұлттық ойындар адамды шынықтырады үлкен сезім тудырады».

«Қанағаттандырады жастарды әскери қызметке қызығушылығын арттырады және ойлануға, күш қуатын нығайтуға үлкен әскерін тигізеді. Мысалы тоғызқұмалақ, гир көтеру, арқан тарту және тағы басқалары».

«Иә, өйткені ұлттық ойындар қазақ азаматтарына ерекше бір патриоттық, отанға, елге деген сүйіспеншілікті, ар намысты жігерлендіреді».

«Иә, қанағаттандырады өйткені ұлттық ойындар патриоттық тәрбиеге беретін мәні зор. Ұлттық ойындар мысалы тоғызқұмалақ, ақ сүйек, өте мәні зор ойындар».

Халқыңа деген патриоттық сезімді кәсібіңізбен мамандығыңызбен байланыстырасыз ба? Деген сауалға да аса құштарлықпен жауап берді.

«Байланыстыратын болсам, әскери патриоттыққа тәрбиелеудегі ең басты мақсат жастарды өзінің халқына деген адалдыққа көз жеткізуге тәрбиелеу, оларды өз отанын қажырлықпен білгірлік көрсете қорғауға үнемі дайын болуға, өзінің борышын адал орындауға тәрбиелеу».

«Иә мен халқыма деген патриоттық сезімді кәсіби мамандығыммен байланыстырамын, өйткені мен Бастапқы әскери дайындық мамандығында оқимын, онда патриоттық тәрбиеге өз халқыңды қорғауға, намысшыл болуға үйретеді».

Біз болашақ мамандарда патриотизмнің қалыптасуының деңгейін анықтауда және классификациялауда болашақ мамандарда патриотизмнің қалыптасуы процесінің жетекші тенденциялары мыналардан шығады деп есептедік:

- болашақ мамандарда патриотизмнің қалыптасу процесінің есерлігі олардың оқу кәсіби, қоғамдық-саяси, ғылыми-зерттеу, іс - әрекетінде мақсаты түрде қатысуы теуелділігі;

- өзін ұстау нормасын білу және оны іске асыруға дайын болудың теуелділігінен туындайтын патриотизмнің дамуының біркелкі болмауы.

Болашақ мамандарда патриотизмнің дамуының біркелкі болмауы алдымен белгілі себептерге байланысты. Қоғамдағы өзін ұстау нормасы оларды сақтау тежрибесінен жылдам меңгеріледі. Тәжірибие білімнен кейін қалыптасқандықтан, тыным мен қылықтың бір уақытта дамуын бұзатын жағдай туындайды.

Сондай ақ біркелкі даму жеке тұлғаның дамуының жекеше тежрибиесі ерекшелігінен де туындайды. Негізгі параметрлері болып мыналар қызмет етеді:

- таным, өзіндік таным, сену, Қазақстандық патриотизмнің менің сипатын болашақ мамандардың меңгеруі.

- оларда жеке дара болу, алға мақсат қоя білу, жауапкершілік сенімді субъектіліктің сипаттарының даму деңгейі.

Осылардың барлығы жинақталып келіп, осы феноменнің барлық белгілері бар сипаты студенттерді


қалыптастырудың жоғары деңгейі бар топқа жатқызуға мүмкіндік береді. 45 пайыз мотивациялық, конегативтік, мінез-құлықтық компоненті қалыптасу деңгейі бар оқушыларды жатқыздық. Мотивтік компоненттің қалыптасуы деңгейі төмен оқушыларды төмендегі деңгейге жатқыздық. Оларды, тұтастай алғанда патриотизм қалыптасу негізінде керекті білім, біліктілік, дағды жетіспейді.

Эксперименттік топ оқушыларымен біздің зерттеу болжауымыздың мүмкіндіктерін айқындайтын арнай сабақтар мен аудиториядан тыс жұмыстар жүргізілсе, ал бақылау топтарында отансүйгіштік тәрбиенің қалыптасуының мәнін анықтауға арналған сабақтар өтілді.

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері экспериментталды топ студенттерде патриотизмнің қалыптасу деңгейін әр–уақытта жоғарлатуға мүмкіндік беретіні біз қолданған әдістемелер өзінің жоғары нәтижелігін көрсетті Студенттерді «Мәңгілік ел» идеясы арқылы патриоттық тәрбие қалыптастырудың деңгейлері анықталды. Кестеде «Мәңгілік ел» идеясы арқылы студенттер бойында қалыптасқан патриотизм идеясы компонентері қалыптасу деңгейлері (эксперименттің соңында) болашақ мамандарда патриотизмнің қалыптасуы деңгейі экспериментталды топпен бақылау топтары арасында көп өзгеше (3-кесте, 2-сурет).

3-кесте. Студенттердің патриоттық тәрбие көрсеткіштерін анықтайтын көрсеткіштері. Эксперимент соңы

Топтар	Жоғары	Орташа	Төмен	Барлығы
Эксперименттік	15(45%)	12 (36,7%)	8(18,3%)	35
Бақылау	6,8 (15,45%)	8,6 (38,18%)	9,6 (46,37%)	25
Барлығы	21,8	20,6	17,6	60



2-сурет – Тәрбие үрдісінде студенттер бойында қалыптасқан патриоттық тәрбиенің даму көрсеткіші

Студент жастар бойында қалыптасқан «Мәңгілік ел» идеясы компоненттері бойынша қалыптасқан патриоттық тәрбие деңгейі анықталды, ол эксперименттік топта едәуір нәтижелер берді.

Зерттеу нәтижелері бойынша қалыптасқан патриоттық тәрбие «Мәңгілік ел» идеясы компоненттері бойынша қалыптасқан деңгейі бақылау тобында айқын көрсеткіштер берген жоқ.

Студенттерге «Мәңгілік ел» идеясы патриоттық тәрбие беруде біз анықтаған білім деңгейі кеңейтілді, студенттерге «Мәңгілік ел» идеясы негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беруде пайдалануға қажетті сапалар мен дағдылар игерілді, тұлғаның қызығушылық қасиеттері дамып, танымдық көзқарасының өсіуіне, мінез-құлқының жетілуіне көмегін тигізді.

### **2.3 Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызы**

Мемлекет құрушы ұлт өкілдері болып табылатын болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін жоғары деңгейде дамыту келесі негізде анықталуы керек:

а) «Мен – қазақ халқының өкілімін» бейнесінің қалыптасуы арқылы этникалық барабарлық деңгейінде;

ә) «Мен – қазақстан мемлекетінің өкілімін», «Мен – қазақстан республикасының азаматымын» бейнесінің қалыптасуы арқылы азаматтық барлық деңгейінде.

Бұл екі бейне де былайша сипатталуы тиіс: -тарихи сана мен әлеуметтік жады негіздері ретінде ұлттық тамыр-тегін түйсініп тану, өз халқының қалыптасып, даму тарихын білу, - ана тілі – қазақ тілін білу; - өз халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық мәдениет білу және оларды іс жүзінде басшылыққа алу; - қазақ халқының озық дәстүрлеріне (қонақжайлылық, барша адамдарға ықыласпен және камқорлықпен қарау, төзімділік) сүйене отырып, бірлесе өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың тіліне, салт-дәстүрлеріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына құрметпен қарау; - ұдайы өзін-өзі кемелдендіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі танытуға ұмтылыс; - өз халқының этномәдени мұраны игерумен қоса, оны дамыту; - қазақ халқының тілін, тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін оның ұлттық құндылықтар жүйесі ретінде пайымдау; - өз халқының, тұтас

Қазақ мемлекетінің бейбіт те тыныш, барақатты өмірін сақтау үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезіну; - халық тарихының басты қозғаушы күші – ұлт рухын біріктіруші әрі нығайтушы бастама ретінде дамыту және нығайту екендігін түйсіне білу; халық рухы асқақ болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары да жоғары болмақ;

ұлт рухы кез келген елдің қайталанбас келбетін анықтап, оның дамуының бағыт-бағдарын айқындайды; - ұлттық рухты біріктіруші және нығайтушы бастама ретінде дамыту үшін дәстүр мен патриотизм рухы, жаңғыру, күрескерлік пен жеңіс рухы басты басымдықтарға айналуы керек; қоғамның рухани өзегі ретінде дәстүрлі құндылықтарға (тіл мен мәдениетке деген құрмет, ізгілік, отбасы, ұрпақтар жалғастығы, патриотизм мен төзімділік) арқа сүйеу.

Өзге ұлт өкілдері үшін азаматтық барабарлық деңгейінде ұлттық сана- сезімді жоғары деңгейде дамыту «Мен – қазақстан мемлекетінің өкілімін», «мен – қазақстан республикасының азаматы- мын» бейнесінің қалыптасуымен сипатталады.

Аталған бейне келесі мазмұнда сипатталуы тиіс: - қазақ тілін (мемлекеттік тіл ретінде) білу (үйрену); - мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен тарихын білу және құрметтеу; - қазақ халқының этномәдени мұрасын меңгеріп, дамытумен қоса, қазақ халқының ұлттық мәдениетін дамытуға септігін тигізуге қабілетті болу; - қазақ халқының тілін, тарихын, салт-дәстүрлерін оның ұлттық құндылықтары ретінде пайымдау; - өз халқының, тұтас Қазақ мемлекетінің бейбіт те тыныш, берекетті өмірін сақтау үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезіну; - халық тарихының басты қозғаушы күші – ұлт рухын біріктіруші әрі нығайтушы бастама ретінде дамыту және нығайту екендігін түйсіне білу; халық рухы асқақ болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары да жоғары болмақ; ұлт рухы кез келген елдің қайталанбас келбетін анықтап, оның дамуының бағыт-бағдарын айқындайды; - ұлттық рухты біріктіруші және нығайтушы бастама ретінде дамыту үшін дәстүр мен патриотизм рухы, жаңғыру, күрескерлік пен жеңіс рухы басты басымдықтарға айналуы керек; қоғамның рухани өзегі ретінде дәстүрлі құндылықтарға арқа сүйеу.

Мемлекет құрушы және өзге ұлттар үшін жалпыұлттық барабарлық деңгейінде ұлттық сана-сезімді жоғары деңгейде дамыту «Мен, біз, баршамыз – бәсекеге қабілетті зияткер ұлтпыз» бейнесінің қалыптасуымен сипатталады. Аталған бейнеге келесі сипаттар тән болуы тиіс: - патриотизм, азаматтық, төзімділік, гуманизм, дамыған тарихи сана және әлеуметтік жады; - Отан мүддесі мен оның қауіпсіздігін қорғау бойынша азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға әзірлік; - креативтілік, жаңалыққа ашықтық, идеяларды ойлап табу мен жүзеге асырудағы бастамашылдық қабілеті; білімді қорытып, жаңа шешімдерге қол жеткізе білу және оларды іс жүзінде жүзеге асыру; - үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын; қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға сәтті кірігу үшін қажет тіл) және еліміздің коммуникациялық және интеграциялық қабілеттері аясын кеңейтетін, әлем қауымдастығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басқа да тілдерді меңгеруге әзірлік.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру Қазақстанның әрбір азаматының патриоттық және адамгершілік парызы деп қарастыру қажет; - Қазақстан Республикасының ұлттық мұраты – еркіндік, тәуелсіздік, халық бірлігі, азаматтық әлем, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, саяси және әлеуметтік тұрақтылық, бәсекеге қабілеттілік, «Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз, біздің ортақ үйіміз» идеясымен біріккен Қазақстанның барша халқының экономикалық әлауқаты.

Осы айтылғандар бойынша келесідей қорытындылар жасауға болады: «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын Қазақстан ЖОО-ларында жүзеге асырудың негізгі бағыттары – болашақ мамандарға этностық, көпмәдениетті және зияткерлік тәрбие беру болуы керек (қараңыз. сурет).

Қазақстан ЖОО-да «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асырудың негізгі бағыттары Сәйкесінше, Қазақстан ЖОО-да болашақ мамандардың ұлттық сана- сезімін дамытудың негізгі бағыттары келесілер болуы тиіс: этностық, көпмәдениетті, зияткерлік тәрбие – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында Қазақстан ЖОО-ларында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан ЖОО-да болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ұлттық тәрбиенің басты мақсаты болғандықтан, Қазақстан ЖОО- да аталған феноменнің басты бағыттары да этностық, көпмәдениетті, зияткерлік тәрбие болуы тиіс .

Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің негізгі бағыттары туралы сөз қозғағанда ұлттық менталитет тураы ұмытпағанымыз жөн.

Мұндай жағдайда, студенттермен бірге ЖОО- да келесі талаптарды айқын түсінулері тиіс: - жағымды да, жағымсыз да қырлары байқалатын қарқын алып келе жатқан жаһандану үдерісі болашақ маман тұлғасының санасында ұлттық тұғырды нығайтып, күшейте отырып, ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен бірлікте дамытуға септігін тигізуі керек; - «...маман тұлғасындағы ұлттық негіз тұйық мақсат емес, тұлғаның ары қарай өзін-өзі іске асыруы үшін, ғаламдық дамудағы, дүниежүзілік мәдениеттегі өз орнын айқындау үшін, өз мүмкіншіліктерін анықтау үшін қажет алғышарт болмақ»;

«Баршаға Арналған Білім» (БАБ) Халықаралық бағдарламасының (яғни Дүниежүзілік Дакар форумында белгіленген өмір бойы алатын барлық деңгейдегі баршаға арналған білім) негізгі мақсаттарының іске асуы ұлттық басымдықтармен және мемлекет міндеттерімен үндес болуы керек; - өз ұлттық және мәдени барабарлығын пайымдап қана қоймай, Жер бетінде бейбітшілік пен еркіндіктің

сақталуы үшін өзіндік дербес жауапкершілікті айқын сезінетін болашақ маман тұлғасын тәрбиелемейінше, жалаң ақпараттық және коммуникациялық технологиялар негізінде сапалы білімге қол жеткізу мүмкін емес; - «жаһандық адам» үшін төзімділік, өзгелермен қарым-қатынастағы белсенділік, өзге мәдениеттерді тану мен құрметтеу – маңызды сапа.

Жаһандану дегеніміз не? Ол әр ел мен тұтастай адамзаттың дамуына қаншалықты әсер етеді? «Жаһандану» терминінің пайда болуын американдық әлеуметтанушы Р.Робертсон есімімен байланыстырады. Ағылшын тілінен аударғанда «жаһандану» сөзі бүкіл әлемдік, жалпы, тұтас, баршасын қамтитын және т.б. мағыналарды білдіреді.

Жаһандану дүниежүзілік кеңістікке интеграциялану (кірігу) ретінде де, көпэтностық қауымдастықтардың бүкіләлемдік қарым-қатынастарға интеграциялануы ретінде де зерделенеді. Аталған феноменнің мұншалықты ауқымдылығы оның көпқырлылығын, күрделілігі мен көпаспектілігін айқындайды. Сонымен, жаһандану – бұл халықаралық маңызға ие түрлі факторлардың жекелеген елдердегі әлеуметтік болмысқа әсер етуінің барынша күшею үдерісі. Жаһандану сонымен бірге «әлемдік кеңістіктің еркін ақпарат, тауар, қызмет, капитал қозғалысы орын алатын біртұтас аймаққа өзгеруі» ретінде де пайымдалады.

Бұл феномен төңірегіндегі зерттеулерде оның оң әсерін де, теріс әсерінде бағамдайтын түрлі пікірлер мен пайымдар кездеседі. Көптеген зерттеушілер жаһандануды жаһандық масштабтағы сапалы өзгерістерді анықтайтын, жекелеген мәдениеттердің немесе тұтас өркениеттердің өзара сабақтастығы мен бірегей сипатын күшейтетін объективті үдеріс ретінде қарастырады. Көптеген мәселелерді бір ғана мәдениет деңгейінде бағалап, зерттеу мүмкін емес болғандықтан, оларды әлемдік үдерістермен қатыстылықта салыстырмалы түрде қарастыру қажеттігі туындайды.

Жаһандану үдерістерінің таралу себептерін осы жағдаймен де сабақтастыруға болады. Уақыт өткен сайын жаһандану үдерістері салдарынан түрлі елдердің және елдер тобының арасында экономикалық, саяси, идеологиялық, мәдени байланыстар күшейе түсуде. Мұндай өзара әрекеттестіктің әрқилылығы жаһандануды экономикалық жаһандану, саяси жаһандану, мәдени жаһандану сынды аспектілерде зерделеуге мүмкіндік береді. Бұлардың барлығы мәдени аспектіге негізделеді.

Себебі халықаралық ынтымақтастық мәдениетінің аркасында ғана экономикадағы нарықтық механизмдер қалыптасып, мемлекеттер арасындағы саяси байланыстар орнатылады. Бүгінгі таңда жаһандану үдерістерінен шет қалған оқшау мемлекетті көз алдымызға елестету қиын. Өйткені оның дамуы мен өркендеуі онымен ынтымақтастықтағы елдердің рухани және мәдени дамуының, экономикасының, ғылымы мен техникасының деңгейімен байланысты. Бұдан жаһандануды түрлі ұлттық, діни, саяси, мүдделердің өзара кірігуі мен біртұтастануы, түрлі мәдениеттер мен өркениеттердің интеграциясы, жаңа дәуірдің басты нышан-белгісі ретінде зерделеу қажеттігі айқындалады.

Ұлттық тәрбие берудің макрофакторларына жекелеген елдерде өмір сүретін адамдардың этностық әлеуметтенуіне әсер ететін табиғи-географиялық жағдай, ел, мемлекет, этнос, қоғам жатады. Қазіргі жастар тәрбиесінде халықтың рухани-адамгершілік құндылықтарына баса мән беруді барынша күшейту қажеттілігін көпшілік мойындайды. Бүгінгі таңда әрбір ұлттық аймақта әлеуметтік прогрестің ұлттар мен ұлыстардың мәдени-педагогикалық болмысына арқа сүйейтін рухани прогреспен қатар жүзеге асуы маңызды. Жастар халықтың ең әлеуметтік белсенді қабаты болып табылады.

Сондықтан мемлекет өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі кемелдендіруге қабілетті, ұлттық са- насы қалыптасқан және қоғам келешегіне қызмет етуге даяр жастарға зор үміт артады. Жастардың құндылықтық бағдарына, олардың адамгершілігіне қатысты мәселелерді қоғам дамуынан бөліп-жарып қарастыруға болмайды. Тұлғаның өз ұлттық барабарлығын, азаматтығын сезінуі көп жағдайда оның ұлттық сана- сезімінің қалыптасқандығын анықтайды. Этносқа, мемлекетке қатыстылық сезімі патриотизмді, ұлт игілігіне деген жауапкершілікті қарым-қатынасты қалыптастыратын басты компоненттер болуы тиіс. Тіршілік етудегі географиялық орта, туған жерге деген махаббат, төл табиғат белгілі бір мөлшерде ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына әсер етеді. Ғалымдар географиялық фактор ерекшеліктері этникалық қауымдастықтың мәдениетін, аймақтық ерекшеліктерін анықтайтындығын дәлелдеді

## Қорытынды

Қазақстанды бәсекеге қабілетті адам капиталы бар елге айналдыру, ұлттың интеллектуалдық әлеуетін дамыту және ол жобаның мемлекетті стратегиялық тұрғыдан дамыту бағыты үш құрамдас бөліктен тұрады: білім беру жүйесін инновациялық даму жолына түсіру; қуатты ақпараттық революция, яғни ақпараттық инновациялық технологиялар паркін қалыптастыру; жастарға рухани тәлім-тәрбие беру.

Сонымен бірге ұлттық жобаның негізгі идеясы жаңа тұрпатты азаматты тәрбиелеу және Қазақстанды бәсекеге қабілетті адами капиталы қалыптасқан мемлекет деңгейіне жеткізумен байланысты. Қазақстан Республикасы Президентінің интеллектуалды ұлтты қалыптастыру міндеті өте маңызды және тереңірек ұғынуды қажет етеді, себебі ол Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құру, әлемнің бәсекеге қабілетті дамыған 30 елінің қатарына Қазақстанның енуі үшін негізгі бағдар болып саналады.

Елбасының бағдарламалық еңбектерінде көрсетілгендей, білім жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтау, білімнің халықаралық стандартын меңгеру, сапалы білім беруге қол жеткізу, қоғам сұранысына жауап беретін білікті маман, интеллектуалды дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының кәсіпкер азаматтарын даярлау отандық білім саясатының негізгі ұстанымын айқындайды.

«Қазақ елі - Мәңгілік ел» идеясы интеллектуалды ұлтты қалыптастыру ұлттық жобасымен, ұлттың интеллектуалды әлеуетін қалыптастырумен тікелей байланысты. «Интеллектуалды ұлт-2020» жобасында Елбасының бүкіл халықтың алдына қойған негізгі идеясы экономиканы дамыту, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру, рухы жоғары білімді тұлғаны қалыптастыру арқылы қоғамды дамытуды көздейді. Бүгінгі қоғамның алдында рухы күшті тұлға, халық, қуатты мемлекетті қалыптастыру мәселесі тұр.

Осы тұрғыда тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті интеллектуалды тұлға қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше.

Егемен еліміздің елдігі мен бірлігі ұстаз тәрбиелеген жас ұрпақтың рухының биіктігінде, біліктілігі мен білімінде екені қоғамдағы даму үдерісі көрсетіп отыр. Қазақстанның экономикалық өркендеуінің, саяси және индустриалды-инновациялық дамуының маңызды ресурсы адам капиталы құндылығымен өзекті болып табылады. Ұлттың интеллектуалды әлеуеті мемлекеттің әлемдік экономикалық және әлеуметтік кеңістікте бәсекеге қабілеттілігінің анықтаушы факторы болып табылады.

Оның мәні еліміздің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті жаңа білімдерді игеруге негіз болатын тұлғаның шығармашылық қабілеттері және кәсіби-мамандық, біліктілік деңгейлері арқылы ашылады. Қазақстанның бәсекеге қабілетті мемлекет, ұлт, ел болуында адам капиталы сапасының артуы ұлттық интеллектінің белсенділігінен, шоғырлануынан бастау алмақ. Елдің интеллектуалдық капиталы мен қоғамның инновациялық әлеуеті тек қана білім және ғылым арқылы рухани құндылықтар арқылы келетіндігі мәлім.

Жалпы интеллектуалды тұлға және ұлттың негізгі белгісі адами капиталға тіреледі: адамның білім сапасы, кәсіби икемділігі мен мәдениеттілігі, алдыңғы қатарлы инновацияларды, ақпараттандыруды меңгеруі, шығармашылыққа тал-пынысы, қалыптан тыс жағдайларда әрекет еге білуі, бәсекеге қабілеттілігін, еліміздің өрлеуін, рухани тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып отыр.

Қазақ халқының түсінігінде отбасына келген барлық жақсылық, ырыс, құт қонақпен бірге келеді деп түсіндіреді. Сондықтан қазақта қонақ арнайы шақырумен де, шақырусыз да келе беретін болған. Қонақтармен қарым-қатынас та қазақта тәрбиелік мәнге ие болған. Қазақ

халқының дастархан басында тамактану дәстүрінің өзі үлкен тәрбие мектебі десе боларлықтай. Олай дейтін себебіміз, біз жоғарыда қарастырған қазақ балаларының үлкенді сыйлау дәстүрі мен қарттардың жастарға өнегесінің тамаша көрінісі осында байқалады. Қонаққа әдетте қой сояды, табаққа мүше- мүше мал етін салып, рет-ретімен таратады.

Үлкен кісіге – бас, жамбас тартылса, күйеуге тоқпан жілік, төс қойылады, балаларға құлақ, сирақ, бүйрек, келіншектерге таңдай, тіл беріледі және т.б. Осы тұста бала тәрбиесіндегі үлгі етерлік қазақ халқының тағы бір тамаша дәстүрі – ересектер тарапынан дастархан басында ет- тен балаларға өз сыбағаларын үлестіріп, дәм татқызудың да үлкен мәні бар.

«Жақсы сөз – жарым ырыс» деп ырымдаған қазақ балалардың қабілет ерекшелігін болжай отырып, оларға тіл, көз, құлақ, сирақ секілді мал мүшелерін үлестіргенде: «Көзің қырағы болсын», «Құлағың түрік жүрсін», «Тілің сайрап, шешендікке жет», «Аяғың жүйрік болып, жортқанда жолың болып жүрсін», «Ақылың тасысын» деп ырымдап беріп отырған. Бұл әрбір жасөспірім бала үшін болашаққа жолдама батасын алғандай әсер етіп, оларды ізгі мұраттарға жетелеген. Қазақ халқы отбасы тәрбиесінде баланы адалдыққа, ізгілікке, аталық кеңестерді көңілге түйе білуге баулып, барлық жақсылық атаулыны болашақ ұрпақтың санасына сіңіре білді.

Мұндағы балаларды тәрбиелеудің бір жолы - термелер тыңдау арқылы жүзеге асырылды. Қазақ термелерінің астары тұнып тұрған үлгінасихат, тәрбиелік кеңестер екендігі белгілі. Қазақ халқы термелерді ертеден - ақ, тәрбие құралы ретінде пайдаланып келген. Термелер мазмұнында отбасы адам баласының алтын ұясы екендігінен бастап, шаңырақ көтерудің шарттары мен талаптарын, өмір сүрудің мәні мен адамзаттың ата - ана, бала, қоғам алдындағы

парыздары мен қарыздарын егжей-тегжейлі талдап, түсіндіреді.

Сонымен зерттеу барысында теориялық тұрғыда негізделіп іс-тәжірибе жұмыста алынған нәтижелер төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік беріп отыр:

➤ Студент бойында патриоттық тәрбие берудің деңгейін педагогикалық тұрғыдан қарастырылуда, студент тұлғасында патриоттық қасиеттерді дамытуға бағытталған патриоттық тәрбиенің бағыт-бағдары студенттерге патриоттық тәрбие беру үрдісі негізінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеологиялық тәрбие беруге болатындығын анықталды;

➤ Студенттерге патриоттық тәрбие беруде қазақстандық патриотизм ерекшеліктері мен ұлттық патриотизм ерекшеліктері студенттердің патриоттық тәрбиесіндегі «Мәңгілік ел» ұлттық идеологиясын ұлттық құндылықтарымен ұштастыруын дәлелдеуге мүмкіндік туғызды.

➤ Біз ұсынып отырған педагогикалық жүйе студенттерді патриотизмге тәрбиелеумен шектелмей, қазақ халқының дана тұлғаларының мұрасын танып білуге, қастерлеуге жол аша отырып толыққанды патриот студент тұлғасын қалыптастыруға негіз болады.

Зерттеудің басында қойылған тапсырмаларды шешу, проблеманың теориялық негіздерін қарастыру, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының мазмұнына шолу, зерттелетін теориялық жақтарын қарастыру студенттердің теориялық және кәсіби даярлығына тәуелді болады.

Біз зерттеу жұмысында алдыға қойған мақсатты орындадық, бірақ бұл зерттеу жұмысымызда патриоттық тәрбиеге байланысты барлық мәселелерді толық қамтыдық деп айта алмаймыз.

Өйткені студенттерге «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізінде студент жастарға патриоттық тәрбие беруде кең көлемді зерттеулер жүргізу болашақ студенттердің

еншісінде дегіміз келеді. Бұл ғылыми жұмыстарды зерттеушілер бірлесе отырып жүзеге асырсақ, қазақстандық педагогика ғылымына қосылған сүбелі үлес болар еді.

Репозиторий Қарғу

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.А.Бейсенбекова., Н.Б.Смағұлов., М.С.Амрина. Ұлы даланың «Мәңгілік ел» идеясы «Қазіргі Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2017-74бет.

2. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы - желтоқсан, 2012 ж.

3. «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жасау және қабылдау туралы сөз болған «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» (17 қаңтар, 2014 ж.).

4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 448 б.

5. Баласағұн Ж. Құтты білік. Қазақ тіліне аударған Егеубай А. - Алматы: Ғылым, 1986. – 616 б.

6. Қашқари М. Диуани лұғат ата-түрік. /Түркі тілдерінің жинағы - Алматы: Ана тілі, 1993. – 395 б.

7. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. 2 том. – Алматы, 1986. – 330 б.

8. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. –272 б.

9. Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. –320 б.

10. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1994. –228 б.

11. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989 – 320 б.

12. Дулатов М. Шығармалары. 2 том. – Алматы: Ғылым, 1997. – 344 б.

13. Құдайбердиев Ш. Үш анық. – Алматы: «Қазақстан» және «Ғақлия» ғылыми орталығы, 1991. – 78 б.

14. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1993. – 112 б.

15. Жұмабаев М. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
16. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.
17. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 222 б.
18. Темірбеков А., Балаубаев С. Психология. – Алматы, 1996. – 230 б.
19. Мұханов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1982. – 247 б.
20. Выготский Л.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектері. /Аударғандар: Алдамұратов Ә. Ж., т.б. – Алматы, 1999. – 170 б.
21. Абульханова – Славская К. Д. Деятельность и психология личности. – Москва: Наука, 1980. – 335 с.
22. Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – В 2 т – Москва: АН СССР, 1989. – 485 с.
23. Ананьев Б.Г. Развитие воли и характера в процессе дошкольного воспитания. //Избранные психологические труды в 2-х томах /Под ред. Бодаласова А.А. – Москва, 1980. – 288 с.
24. Давыдов В.В. Проблемы развивающего обучения. – Москва: Педагогика, 1986. 239 с.
25. Особенности психического развития детей 6-7-летнего возраста. /Под. ред. Д.Б.Элькониной, А.Л.Венгера – Москва: Педагогика, 1988. – 136 с.
26. Развитие личности ребенка. /Обл. ред. А.М.Фонарева. – М.: Прогресс, 1987. – 272 с.
27. Эриксон Э. Адамның дамуы //Қазақстан мектебі. – 1997. -№1. –Б. 47-51.
28. Ковалев А.Г. Психология личности. – М., Просвещение, 1965. -365 с.

29. Айтжанова Р.М. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында этнос субъектісін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: п.ғ.к., автореферат. – Қарағанды, 2005. – 26 б.

30. Игембаева Б.Қ. Бастауыш сыныптарда жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамыта оқыту әдістемесі. – Алматы: «РАДиАЛ», 2005. – 80 б.

31. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертен. – Алматы: Ғылым, 1999. – 195 б.

32. Қалиев С., Майғаранова Ш., және т.б. Оқушылардың тұлғалы қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001. – 224 б.

33. Нурғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы системы ценностного ориентирования личности. – Алматы, 1993.

34. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 140-150 б.

35. Иманбетов А.Н., Рамашов Н.Р., Аbugалиев Б.Н., Ануар С. Студенттерге патриоттық тәрбие беруде қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасының мүмкіндіктері. Білім беру жүйесіне мамандарды даярлаудың заманауи мәселелері: республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. -Т.2.-Қарағанды, 2010. –Б.75-80.

36. Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары, 1959. – 12 с.

37. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Чебоксары, 1974. – 376 с.

38. Измайлов А.Э. Народная педагогика: Воззрение народов средней Азии и Казахстана. – Москва, 1991. – 256 с.

39. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995. – 348 б.

40. Наурызбай Ж.Ж. Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы /Ұлттың ұлы бола алсақ. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 158 б.

41. Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Санат, 2001. – 320 б.
42. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. - Алматы: Білім, 1995. - Б. 235.
43. Сәрсенбаев Н. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары жөнінде. –Алматы, 1974. – 225 б.
44. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1994. – 140 б.
45. Дьяконова Т.И. Особенности характера и познавательных способностей подростков воспитанников детских домов: дисс. канд. псих. наук. – Санкт-Петербург, 2000. – 165 с.
46. Михайлицкая И.М. Взаимосвязь цели и результатов воспитания детей сирот в школах интернатах: автореф. канд. псих. наук. – Москва, 1991. –19 с.
47. Яосева С.В. Педагогические условия адаптации воспитанников детских домов к учебной деятельности в школе: дисс. канд. пед. наук. – Челябинск, 2000. – 171 с.
48. Гальперин П.Я. Введение в психологию. –Москва: Изд. МГУ, 1976.- 150 с.
49. Давыдов В.В. Семья глазами ребенка. –Москва, 1989. – 84 с.
50. Запорожец А.В. Психология. – Москва: Просвещение, 1961. –228 с.
51. Эльконин Д.В. Детская психология. – Москва: Просвещени, 1960. – 317 с.
52. Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Гуманистік психология. 5-том /Құрастырушылар: Әбеуова И.Ә., Шериязданова Х.Т. – Алматы: Таймас, 2005. – 480 б.
53. Кистяковская М.Ю. О стимулах вызывающих положительные эмоции у ребенка первых месяцев жизни //Вопросы психологии, 1965. -№2, - 137 с.

54. Нысанбаев А.Н. Национальная идея: мировой опыт и Казахстан. - Общественно-национальная идея Казахстана: опыт философско-политологического анализа. /Под ред. А.Н.Нысанбаева. - Алматы: Компьютерно-издательский центр Института философии и политологии МОН РК, 2006. - 412 с.

55. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. – Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.

56. Липец Р.С. Образы батыра и его коня в тюрко-монгольском эпосе. - М.: Наука, 1984. - 263 с.

57. Великая Отечественная война Советского Союза 1941-1945 гг. Краткая история – 3-е изд., испр. М., Воениздат. 1984-560с., стр. 164-182.

58. История второй мировой войны 1939-1945 гг. Т-12. М., 1982г.

59. Иманбетов А.Н., Кулейменов А.Ж., Мускунов Қ.С., Саликов Ж.Қ., Ұлттық спорт ойындарындағы құндылықтардың патриоттық тәрбие берудегі орны. Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия. –2010. - №2.(58)– Б.130-136.

60. Иманбетов А.Н. Әскери патриоттық тәрбие негіздері. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды: Арко» баспасы, 2013. -105 б.

61. Иманбетов А.Н., Күлейменов А.Ж. Студенттерге қазақстандық және ұлттық патриоттық тәрбие берудің мәні. Ұлт тағылымы. -2009.-№2. –Б.20-26.

62. Дуйсенбаев А.К. Халық тағылымы негізінде жастарға патриоттық тәрбие беру. Вестник Академии педагогических наук. - 2018 - №4.(84)– Б.16-21.

63. Смағұлов Н.Б. Әл-Фараби еңбегіндегі «Мәңгілік Ел» идеясының тарихи-саяси және теориялық негіздемесі. //ҚарМУ хабаршысы. Тарих, философия сер. -2016.-№3(83). 59-66б.

64.В чем значение формулы «Казахстан - Мәңгілік Ел»? //altyn-orda.kz/v-chemznachenie

65.Ortega - y - Gasset Per Aufst Land der massen. - Stuttgart, 1930. - S.140.

66. Меңлібаев Қ. Патриотизм және ұлтаралық қатынас мәдениеті //Ақиқат. – 2000. - №12. – Б. 3-8.

67.Иманбетов А.Н., Кулейменов А.Ж., Абишев Ж.Б., Садыков Ә. Қазақстандық және ұлттық патриотизмнің кейбір мәселелері. Қазақстан мектебі. Ғылыми – педагогикалық журнал – 2009. – № 4. -Б:16-18.

68. Оразбекова К.А.Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында, Алматы, «Дәуір» 2000, Б.70-71.

69.Нысанбаев А., Кадыржанов Р. Национальная идея Казахстана: гражданская или этническая? <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1166999820>

70.Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.науч.тр. – Алматы: Изд-во «Ұлағат» ҚазНПУ имени Абая, 2012. – 336 с.

71.Қазақстан Республикасы Н.Ә.Назарбаевтың «Интеллектуалды ұлт-2020» ұлттық бағдарламасы. /Айқын. 2008.

72.Болашақ маманның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыру негіздері. Оқу құралы. - Алматы. Абай атындағы ҚазҰПУ. «Ұлағат». 2014. -296 б.

73. Нысанбаев А., Кадыржанов Р. Национальная идея Казахстана: гражданская или этническая? <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1166999820>

74. Иманбетов А.Н. Садыкова А.Е., Сериков Т.Ш., Алимжанов Е., Ахметжанова У.А. Студенттерге казак этнопедагогикасының негізінде патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері мен жолдары . Вестник Академии Педагогических наук Казахстана. 2018. -№2. –С.48-55.

75. Асланова Р.А. Национальная идея: на пути, пройденном от символа независимости к будущей модели развития // 1news.az/authors/oped/... копия 36

76. Иманбетов А.Н., Божиг Ж., Мускунов К.С., Шуланбаев А.А., Жакишев Д.С. Сыныптан тыс спорттық шаралардың түрлері мен патриотизмге тәрбиелеудің орны. Efektivni nastroje modernich ved - 2018: Materialy XIV mezinarodni vedecko-prakticka konference (22.04-30.04. 2018) / т.7. Praha: Publishing House «Education and Science» s.r.o., 2018. – С. 82-85.

77. Иманбетов А.Н. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбие беру: п.ғ.к. автореф. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007 – 30б.

78. Көшімбетова З.Д. Мектеп оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеудің педагогикалық маңызы // Қазақстан мектебі. – 2007. - №3. – Б. 7-9.

Ғылыми басылым

**Аманбек Нуркасимович Иманбетов**

**«МӘҢГЛІК ЕЛ»  
ИДЕЯСЫ НЕГІЗІНДЕГІ  
ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ**

*Монография*

*Авторлық түпнұсқадан басылды*

---

Басуға 29.08.2019 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16. Қағазы офсеттік.  
Көлемі 9,25 б.т. Таралымы 20 дана. Тапсырыс № 96.

---

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасы баспаханасында басылды  
100012, Қарағанды қ., Гоголь көшесі, 38. Тел. (7212) 51-38-20. E-mail: izd\_kargu@mail.ru